

**Облыстық бюджеттің 2020
жылы атқарылуы туралы
Алматы облысы бойынша
тексеру комиссиясының
ЕСЕБІ (Қорытынды)**

*Талдықорған қаласы
2021 жыл*

КІРІСПЕ**I БӨЛІМ. ӨНІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ****II БӨЛІМ. ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫН ТАЛДАУ**

2.1. Жергілікті бюджетке түскен түсімдердің атқарылуын бағалау

2.2. Жергілікті бюджет кірістерінің атқарылуын бағалау

2.2.1. Салықтық түсімдерді талдау

2.2.2. Салықтық емес түсімдерді талдау

2.2.3. Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдерді талдау

2.2.4. Трансферттер түсімдерін талдау

2.3. Жергілікті бюджет шығыстарының атқарылуын бағалау

2.3.1. Жергілікті бюджет шығындарының атқарылуын талдау

2.3.2. Бюджеттік кредиттердің пайдаланылуын талдау

2.3.3. Қаржы активтерін сатып алуға жұмсалған шығындарды талдау

2.3.4. Дебиторлық және кредиторлық берешектерді талдау

III БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН БАҒАЛАУ

3.1. 2016 -2020 жылдарға арналған Аумақтарды дамыту бағдарламасының іске асырылуын бағалау

3.2. Өңірде басқа да бағдарламалық құжаттардың іске асырылуы туралы ақпарат

IV БӨЛІМ. ЖЕКЕЛЕГЕН БАҒЫТТАР БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

4.1. Бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылу тиімділігін бағалау

4.2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігін бағалау

4.3. Мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігін бағалау

4.4. Квazимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылу тиімділігін бағалау

V БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІК

5.1. Тұжырымдар

5.2. Ұсынымдар

ЕСЕПКЕ ҚОСЫМШАЛАР

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 51 бабының талабына сәйкес Алматы облысы бойынша тексеру комиссиясымен 2020 жылы облыстық бюджеттің атқарылу бойынша Есеп (қорытынды) әзірленді.

Есеп дайындау кезінде бюджеттің орындалу бойынша тиісті уәкілетті органдардың айлық және жылдық есептері, аудиторлық және сараптамалық талдау іс-шараларының нәтижелері және тексеру комиссиясының тиісті сұраулары бойынша жергілікті атқарушы органдардан алынған мәліметтер, өңірдің дамуы бойынша статистикалық есептер

I БӨЛІМ. ӨНІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ


Алматы облысының 2020 – 2024 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы Алматы облысы әкімінің тиісті қаулысымен мақұлданып, Экономикалық саясаттың 2020-2024 жылдарға арналған мақсаттары мен міндеттері Алматы облысының әлеуметтік-экономикалық саясаты мемлекеттік және салалық бағдарламаларды, бес институционалдық реформа бойынша "100 нақты қадам" Ұлт жоспарын, Мемлекет басшысының "Президенттің бес әлеуметтік бастамасы" атты халыққа Жолдауын іске асыру бойынша Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі "сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі" атты Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған шараларды іске асыру» болып белгіленген.

Бірнеше жылдар бойы әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері мен адам дамуы индексінің тұрақты өсуі байқалды. Облыстың жалпы өңірлік өнімі 2020 жылы 3 343 500 000,0 мың теңгені құраған, нақты көлем индексі – 101,0%.


2016-2020 жылдардағы облыстың жалпы өңірлік өнімінің өзгеруі мынадай деректермен сипатталады.

Жалпы өңірлік өнім

(млн. теңге)



Алматы облысы экономикасының өсу қарқынына салалардың осы үлесін бағалау салалар арасында өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы көшбасшы болып табылатынын көрсетеді



Жалпы өңірлік өнім құрылымында ең көп үлесті өнеркәсіп-23,2%, ауыл шаруашылығы – 15,9% алған.

2020 жылы өнеркәсіпті дамытуға 192 900 000,0 мың теңге немесе негізгі капиталға инвестициялар көлемінің 28,3%, оның ішінде өңдеуші өнеркәсіпке – 69 600 000,0 мың теңге немесе 10,2% салынды.

Өнеркәсіп саласында 1,4 мыңнан астам кәсіпорын жұмыс істейді, оның ішінде өнеркәсіптің негізгі көлемін қалыптастыратын 30 ірі, 67 орта кәсіпорындар. Салада 80 мыңнан астам адам жұмыс істейді, оның ішінде өңдеу өнеркәсібінде 60 мыңға жуық адам жұмыс істейді.

2020 жылғы қаңтар-желтоқсанда өнеркәсіп көлемі 1 167 900 000,0 мың теңгені құрады, нақты көлем индексі-102,3%.

Өнеркәсіп құрылымында өңдеуші сала басым, ол жалпы өндірістің 87,8% - ын алады, 1 025 000 000,0 мың теңгеге өнім шығарылды (НКИ-102,7%).

Тамақ өнімдерінің өндірісі 3,5% – ға, сусындар өндірісі 2,3% – ға, фармацевтика өнеркәсібі 10,2% – ға, дайын металл бұйымдары өндірісі 25,3% - ға, электр жабдықтарының өндірісі 1,5 есе өсті, сондай-ақ металлургия өнеркәсібінде алюминий өндірісі 1,8 есе ұлғайған.

Өңірде темекі өнімдерінің 100% - ы, сусындардың 51% - ы, қағаз бен қағаз өнімдерінің 28% - ы, электр жабдықтарының 25% - ы, фармацевтика өнімдерінің 24% - ы, ет пен ет өнімдерінің 19% - ы, сүт өнімдерінің 16% - ы және республикалық көлемнен киімнің 20% - дан астамы өндірілді.

42 жаңа нысан іске қосылды, жұмыс істеп тұрған 18 өндіріс кеңейтілді, қосымша 1476 жұмыс орны құрылды.

23 жүйе құраушы кәсіпорын өнімінің көлемі 609 500 000,0 мың теңгені немесе 2019 жылға 130,8% - ды құрап, Облыстың өнеркәсіп өндірісінің 52,2% - ын қамтамасыз етті.

Облыстың аграрлық секторында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілген: өндірістің өсуі байқалады, негізгі қорларды жаңарту жүргізілуде, негізгі тамақ өнімдері бойынша Өзін-өзі қамтамасыз етуге қол жеткізілген.

2020 жылы агроөнеркәсіптік кешенге 80 100 000,0 мың теңге инвестиция тартылды, оның ішінде ауыл шаруашылығына – 57 500 000,0 мың теңге және тамақ өнімдерін өндіруге – 22 600 000,0 мың теңге.

2020 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 917 800 000,0 мың теңгені құрады, НКИ-102,3%.

2019 жылға қарағанда әртараптандыру шеңберінде дәндік жүгері егісі 4,6 мың гектарға, қант қызылшасы – 2,1 мың гектарға, картоп пен көкөніс дақылдары – 1,6 мың гектарға ұлғайтылған.

Мал мен құс саны орта есеппен 5,2% – ға өсті, оның ішінде ІҚМ – 5,4% - ға (1 100,0 мың бас), ұсақ мал-4,3% - ға (3 700,0 мың. бас), жылқы-8,3% - ға (353,5 мың бас), құс басы-2,8% - ға (10 600,0 мың бас).

Мал шаруашылығы өнімдерінің өндірісі орта есеппен 0,8% - ға өскен.

Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу кәсіпорындары 2020 жылы 281 200 000,0 мың теңге сомасына дайын өнім шығарды, бұл 2019 жылдан 8,4% - ға артық.

Тамақ өнімдерін өндіру құрылымындағы негізгі үлесті ет өңдеу саласы – 21%, сүт – 21%, нан – тоқаш – 11%, астық өңдеу – 11%, май – 4% және жеміс-көкөніс-3% алған.

2020 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 680 700 000,0 мың теңгені құрап, 2019 жылмен салыстырғанда 4% - ға артқан.

Инвестициялардың ең көп үлесі өнеркәсіп (28,3%), жылжымайтын мүлікпен операциялар (20,7%), Көлік және қоймалау (17,6%) сияқты салаларға тиесілі.

Облыстың құрылыс саласында «жұмыспен қамтудың Жол картасын» іске асырудың арқасында құрылыс жұмыстарының көлемі 6,8% - ға артып, 310 200 000,0 мың теңгені құрады.

2020 жылы 957,1 мың шаршы метр тұрғын үй салынып, пайдалануға берілді.

2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлер субъектілерінің саны 123,2 мың бірлікті (2019 ж. – 122,4 мың бірлік), Салықтық түсімдер – 124 200 000,0 мың теңгені (2019 ж. – 113 400 000,0 мың теңге) құрады.

2020 жылдың 3 тоқсанында жұмыспен қамтылғандар саны 261,8 мың адамды құрады, 3,3% - ға өсті (2019 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында - 253,5 мың адам).

2020 жылдың 3 тоқсанының қорытындысы бойынша шағын және орта бизнес субъектілері 1 125 300 000,0 мың теңгеге өнім өндірді, бұл 2019 жылдың ұқсас кезеңінен 8,5% - ға артық (1 036 800 000,0 мың теңге).

Облыстың аудандары мен қалалары бөлінісінде бөлшек, көтерме тауар айналымының және көрсетілетін қызметтердің құрылымы соңғы жылдары елеулі өзгерістерге ұшыраған жоқ, бұл ішкі тұтыну нарығының аумақтық құрылымының тұрақтылығын көрсетеді.

Алайда, 2020 жылы елімізде төтенше жағдай енгізілуіне байланысты 1 сәуірден бастап ірі сауда үйлерінің, базарлардың, қонақ үйлердің, қоғамдық тамақтану объектілерінің және қызмет көрсету саласындағы басқа да объектілердің қызметі тоқтатылды. Осыған байланысты бөлшек сауда айналымының қарқыны төмендегені байқалады.

Осылайша, 2020 жылы бөлшек тауар айналымының көлемі 570 600 000,0 мың теңгені құрады, нақты көлем индексі-96,0% құраған.

Соңғы жылдар ішінде облыста аумақтық жағдайының ерекшеліктерімен және әлеуметтік – экономикалық дамудың жалпы үрдістерімен негізделген сыртқы экономикалық байланыстар жүйесі қалыптасты.

Облыста экспорттық жеткізілімдерді 30-дан астам тауар өндіруші жүзеге асырады. Экспорт бойынша негізгі сауда әріптестері Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Ауғанстан, Тәжікстан, Моңғолия, Түркіменстан, Қытай болып табылады.

Сондай-ақ, коронавирустық инфекцияның пандемиясы сыртқы тауар айналымына да әсер етті, 2020 жылы сыртқы сауда айналымының көлемі 3 099 700,0 мың АҚШ долларын құрады (2019 жылға 84,1%), оның ішінде экспорт – 446 100,0 мың АҚШ доллары (97,1%), импорт – 2 653 600,0 мың АҚШ долларын құрады (82,3%). Сауда балансының сальдосы теріс қалыптасты және 2 207 500,0 мың АҚШ долларын құрады.

Туризм-Covid-19 пандемиясына байланысты аймақ экономикасының ең көп зардап шеккен саласы.

Мәселен, 2020 жылы облыс бойынша орналастыру объектілері 1 300,0 мың адамға қызмет көрсетті, бұл өткен жылдың деңгейінен 43% – ға төмен (2019 ж. – 2 300,0 мың адам). Ақылы туристік-сауықтыру қызметтерінің көлемі 9 600 000,0 мың теңгені немесе 2019 жылға 61% - ды құрады (2019 ж. – 15 900 000,0 мың теңге).

2020 жылы әлеуметтік салада тұрақты жағдай сақталған.

2020 жылдың төртінші тоқсанының қорытындысы бойынша жұмыссыздық деңгейі 2019 жылдың 4,6% - ына қарағанда 4,8% - ды құрады.

Халықтың жалақысы мен ақшалай табыстарының өсу қарқынының өсуі байқалады. Осылайша, орташа айлық жалақы 2019 жылмен салыстырғанда 24% – ға өсіп, 168,4 мың теңгеге (2019 ж. – 136,2 мың теңге), нақты мәнде-

16,1% - ға жетті. Халықтың жан басына шаққандағы атаулы орташа ақшалай табыстары үшінші тоқсанда 5,3% – ға ұлғайып, 745,7 мың теңгені құрады (2019 ж. - 708,1 мың теңге).

Облыста 2020 жылдың нәтижесі бойынша экономикасының өсу қарқынына тікелей әсер ететін көшбасшы өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы салалары өнімдерінің тұрақты өсуі байқалады, негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі, құрылыс жұмыстарының көлемі артқан, салынып 957,1 мың шаршы метр тұрғын үй пайдаланылуға берілген, шағын және орта бизнес субъектілері өндіретін өнім көлемі артқан, әлеуметтік салада тұрақты жағдай қалыптасқан, өткен жылға қарағанда халықтың жалақысы мен ақшалай табыстарының өсу қарқынан ие болған. 2020 жылы орын алған пандемия салдарынан кейбір салалар төмендеп облыстың әлеуметтік экономикалық дамуына тежеуіш болған атап айтқанда облыста бөлшек сауда айналымы, сыртқы тауар айналымының көлемі азайған, сонымен қатар пандемия облыстағы туризм саласына едәуір кері әсерін тигізген.

II БӨЛІМ. ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІҢ АТҚАРЫЛУЫН ТАЛДАУ

Алматы облысының 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті, Алматы облысы мәслихатының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы №55-282 «Алматы облысының 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешімімен бекітіліп, Алматы облысы әкімдігінің 2019 жылғы 26 желтоқсандағы «Алматы облысы мәслихатының 2019 жылғы 13 желтоқсандағы «Алматы облысының 2020-2022 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» №55-282 шешімін іске асыру туралы» №585 Қаулысына сәйкес іске асырылуға қабылданған.

2020 жылдың ішінде облыстық бюджетке 5 нақтылану және 9 түзету жасалған.

Жыл басындағы бос қалдықтарды бөлу, меншікті кірістер көлемінің, бюджеттік кредиттер мен қарыздар көлемінің өзгеруі, трансферттердің түсімі мен бөлінуінің өзгеруі, қаржы активтерін сатып алу және басқалары облыстық бюджетті нақтылау мен түзетуге негіз болған.

(млн.тг)

| № | Бюджеттің параметрі | Бекітілген бюджет | Түзетілген бюджет | Айырмасы | | Нақты атқарылуы | % |
|----------|--|-------------------|-------------------|-----------------|-------------|------------------|--------------|
| | | | | Сумма | % | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | |
| 1 | Кірістер | 478 024,6 | 562 936,1 | 84 911,5 | 17,8 | 567 262,5 | 100,8 |
| | Салықтық түсімдер | 31 015,2 | 31 929,9 | 914,7 | 2,9 | 35 753,9 | 112,0 |
| | Салықтық емес түсімдер | 1 525,9 | 2 571,7 | 1 045,8 | 68,5 | 3 051,5 | 118,7 |
| | Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер | 228,0 | 46,0 | -182,0 | -79,8 | 68,6 | 149,3 |

| | | | | | | | |
|----------|---|------------------|------------------|------------------|----------------|------------------|--------------|
| | <i>Трансферттердің түсімдері</i> | 445 255,5 | 528 388,5 | 83 133,0 | 18,7 | 528 388,5 | 100,0 |
| 2 | Шығындар | 476 363,9 | 572 564,9 | 96 201,0 | 20,2 | 571 558,1 | 99,8 |
| 3 | Таза бюджеттік кредит беру | 5 505,6 | 60 987,9 | 0,0 | | 59 732,8 | 97,9 |
| | Бюджеттік кредиттер | 11 125,5 | 67 608,0 | 56 482,5 | 507,7 | 67 608,0 | 100,0 |
| | Бюджеттік кредиттерді өтеу | 5 619,9 | 6 620,1 | 1 000,2 | 17,8 | 7 875,2 | 119,0 |
| 4 | Қаржылық активтермен болатын операциялар бойынша сальдо | 1 213,8 | 2 487,6 | 1 273,8 | 104,9 | 2 487,6 | 100,0 |
| | Қаржылық активтерді сатып алу | 1 213,8 | 2 487,6 | 1 273,8 | 104,9 | 2 487,6 | 100,0 |
| | Қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер | 0,0 | 0,0 | 0,0 | * | 0,0 | |
| 5 | Бюджет тапшылығы (профициті) | -5 058,8 | -73 104,4 | -68 045,6 | 1 345,1 | -66 516,1 | 91,0 |
| 6 | Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (Профицитті пайдалану) | 5 058,8 | 73 104,4 | 68 045,6 | 1 345,1 | 66 516,1 | 91,0 |
| | <i>Қарыздар түсімі</i> | 10 672,5 | 78 112,4 | 67 440,0 | 631,9 | 80 032,7 | 102,5 |
| | <i>Қарыздарды өтеу</i> | 5 613,7 | 6 848,7 | 1 235,0 | 22,0 | 6 848,6 | 100,0 |
| | Бюджет қаражаттарының қолданылатын қалдықтары | 0,0 | 1 840,6 | 1 840,6 | * | -6 668,0 | -362,3 |

Алматы облысының 2020-2022 жылдарға арналған бюджеті түсімдер бойынша 494 316 915,0 мың теңге мөлшерінде бекітілген түзетілген бюджет 647 668 608,9 мың теңгені құраған, нақты түскені 655 170 410,1 мың теңге немесе түзетілген бюджеттен 101,2% құраған

Шығыстар бойынша 494 316 915,0 мың теңге мөлшерінде бекітілген түзетілген бюджет 649 509 179,9 мың теңгені құраған, нақты шығыстары 648 502 393,1 мың теңге немесе түзетілген бюджеттен 99,8% құраған.

2.1. Жергілікті бюджетке түскен түсімдердің атқарылуын бағалау.

2020 жылы облыстық бюджет түсімдерінің жоспары 494 316 915,0 мың теңгені құрап, бюджетке нақты 655 170 410,1 мың теңге

түсті немесе түзетілген бюджеттен 101,2%, бекітілег бюджеттен 132,5% орындалды.


Облыстық бюджеттің түсімдері 2019 жылмен салыстырғанда **185 081 410,1 мың теңгеге** артқан. Оның ішінде; Салықтық түсімдер 242 401,2 мың теңгеге, Салықтық емес түсімдер 993 552,9 мың теңгеге артқан, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер -161 077,8 мың теңгеге азайған, трансферттік түсімдер 113 814 401,5 мың теңгеге артқан, бюджеттік кредиттерді өтеу сомасы 1 882 703,7 мың теңгеге артқан, қарыздардың түсімдері 68 309 528,5 мың теңгеге артқан.

Қаржы активтерін сатудан 2019-2020 жылдары түсімдер орын алмаған.


Түсімдердің негізгі бөлігі трансферттік түсімдер бойынша орын алған ол 2019 жылмен салыстырғанда 27,5% артқан. Сонымен қатар 2020 жылы қарыздар түсімі 2019 жылмен салыстырғанда 582,7% артып жалпы түсімдердің 12,2% құраған. (2019 жылы 2,5% құраған)

Облыстық бюджетке түскен түсімдердің 2018-2020 жылмен салыстырғанда төмендегідей көрсеткіштер орын алған:

(млн.тг)



2018-2020 жылы түсімдердің жалпы көлемі меншікті кірістермен салыстырғанда озыңқы өсіммен сипатталады.



2018-2019 жылдары жалпы облыстық бюджет түсімдері 30,4% пайызға ұлғайған, ал меншікті кірістер керісінше 14,7% кеміген. (облыстық мәслихат шешімімен әлеуметтік салықты аудандық және қалалық бюджетке (Ақсу, Алакөл, Көксу - 100%, Жамбыл және Қарасай - 70%, Еңбекшіқазақ және Талдықорған қалалары - 60%, Талғар және Қапшағай - 50%), ауысуына байланысты орын алған)

2019-2020 жылдары жалпы облыстық бюджет түсімдері 39,4% пайызға ұлғайған, ал меншікті кірістер небәрі 2,8% ұлғайған.

Бюджеттік кредиттерді өтеуден түскен түсімдердің жалпы сомасы 7 875 203,7 мың теңгені құраған бұл түзетілген бюджеттен 118,9%, бекітілген бюджеттен 140,1% құрады. Оның құрылымы келесідей;

- «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу» 3 802 474,37 мың теңге немесе түзетілген бюджеттен 99,9%, бекітілген бюджеттен 100,0% құраған;

- «Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу» 4 072 690,4 мың теңге немесе түзетілген бюджеттен 144,5%, бекітілген бюджеттен 224,1% құраған;

- «Облыстық бюджеттен берілген пайдаланылмаған бюджеттік кредиттерді аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерінен қайтару» 39,0 мың теңге немесе түзетілген және бекітілген бюджеттен 92,3%, құраған;

2020 жылы бюджеттік кредиттерді өтеуден түскен түсімдер жалпы облыстық бюджет түсімдерінің 1,2% құраған. (2019 жылы 1,3% мөлшерінде болған)

Қаржы активтерін сатудан 2020 жылы түсімдер түспеген 2019 жылыда қаржылық активтерді сатудан түсімдер түспеген.


Қарыздардың түсімі 80 032 728,6 мың теңгені немесе түзетілген бюджеттен 102,5%, бекітілген бюджеттен 749,9% және жалпы облыстық бюджет түсімдерінің 12,2% құраған.

2019 жылмен салыстырғанда қарыздар түсімі 68 309 482,1 мың теңгеге немесе 6 есеге жуық өскен. Басты өсуінің себебі 2020 жылы әлемде орын алған COVID-19 пандемиясы жағдайында облыс халқының әлеуметтік экономикалық ахуалын жақсарту және жұмыссыздықты болдырмау мақсатында мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша «Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары ішкі нарықта айналысқа шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздарды шығарудан түсетін түсімдер» коды бойынша 61 767 089,0 мың теңгені құраған (2019 жылы аталған код бойынша түсімдер болмаған). «Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды іске асыру шеңберінде тұрғын үй құрылысын қаржыландыру үшін ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздары шығарылымынан түсетін түсімдер» коды бойынша 269,5 % өсіп 10 368 147,6 мың теңгені құраған.

Қарыздар келісім шарттары бойынша «Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы алатын қарыздар» коды бойынша 2019 жылмен салыстырғанда 11,4% пайызға төмендеп нақты түскені 7 897 492,0 мың теңгені құраған.

Қарыз түсімдері түрлері бойынша келесі диаграммада суреттеледі:

(млн. тг)



2.2. Жергілікті бюджет кірістерінің атқарылуын бағалау


2020 жылы кірістер бойынша бекітілген бюджет 478 024 582,0 мың теңгені түзетілген бюджет 562 936 117,9 мың теңгені нақты түскені 567 262 477,8 мың теңгені немесе бекітілген бюджеттен нақты түскені

89 237 895,8 мың теңге кірістер немесе 18,7% артық түскен, түзетілген бюджеттен 4 326 359,9 мың теңге артық түсіп 100,8% орындалған.


Кірістер салықтық түсімдер, салықтық емес түсімдер және трансферттік түсімдер бойынша болжам ұлғайтылған, ал негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер болжамы был басына бекітілген болжам 5 есеге кемітіліп түзетілген көлемі 45 970,0 мың теңгені құраған. Салықтық түсімдер, салықтық емес түсімдер және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша түзетілген бюджеттен арту көрсеткішіне ие болған, трансферттік түсімдер бойынша түзетілген бюджеттен 19,4 мың теңгеге кем түскен.

Кірістердің орындалуы келесі диаграммамен суреттеледі.

(млн.тг, %)



2020 жылыда 2019 жыл сияқты барлық кірістердің негізгі бөлігі республикалық бюджет трансферттері есебінде трансферттер түсімдерінің еншісінде 384 994 546,9 мың теңге, төмен тұрған мемлекеттік басқарудан түскен трансферттер 143 393 954,6 мың теңге және меншікті кірістер 38 873 976,3 мың теңгені құраған.



Облыстық бюджеттің меншікті кірістері 35 753 901,2 мың теңге немесе 91,3% салықтық түсімдер, 3 051 453,0 мың теңгесі немесе 7,8% салықтық емес түсімдер және 68 622,1 мың теңгесін немесе 0,2% негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер құраған.

Алматы облысының жергілікті бюджетіне есептелетін қосымша түсімдерді қамтамасыз ету бойынша уәкілетті және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары Алматы облысы әкімінің орынбасары, Алматы облысының мемлекеттік кірістер департаментінің басшысымен келісіліп Алматы облысының әкімінен 2020 жылдың 17 тамызында бекітілген.

Аталған іс-шаралар жоспары облыс көлемі бойынша барлық жергілікті бюджет есебіне түсетін түсімдерді арттаруға жоспарланғанына байланысты (*аудандық, қалалық, ауылдық және қалалық округтер*) нақты облыстық бюджетке әсерін бағалау мүмкіндігі қиындық туғызады.

Атап айтқанда, облыстық бюджеттің 2018-2020 жылдары жалпы түсімдерінің динамикасы қарқынды өсуде, ол 2018-2019 жылы 30,4%, 2019-2020 жылы 39,4% құраса, меншікті кірістер 2018-2019 жылы керісінше -14,7% кеміген ал 2019-2020 жылдары небәрі 2,8% ұлғайған. Аталған үрдіс жоғары көрсетілген іс-шаралар жоспарының облыс бюджетінің меншікті кірістерінің тиімділігінің төмен екендігін айқындайды.

2.2.1. Салықтық түсімдерді талдау

2020 жылғы салықтық түсімдер бойынша болжам 31 015 154,0 мың теңге мөлшерінде бекітілген, нақтыланған болжам 31 929 883,0 мың теңгені бекітілген болжамнан 914 729,0 мың теңге немесе 2,9% өсіммен.


2020 жылдың қорытындысы бойынша нақты түскен салықтық түсімдер 35 753 901,2 мың теңгені немесе бекітілген болжамнан 115,0% ал нақтыланған болжамнан 100,3% құрады. Нақтыланған болжамнан 3 824 018,2 мың теңге артық түскен.

Салықтық төлемдер 8 код бойынша түскен және барлығы бойынша есепті қаржы жылына нақтыланған болжамнан артық орындалған.

Салықтық түсімдердің негізгі бөлігін (нақты түскен) Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы құраған ол 30 424 743,3 мың теңге немесе 85,1% құраған.

Салықтық түсімдердің облыстық бюджет түсімдеріне құрылымы келесі диаграммадан байқауға болады.

(млн.тг, %)



*Код 101201 «Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы» бекітілген бюджет 22 236 772,0 мың теңге, нақтыланғаны 26 994 580,0 мың теңге, түзетілген 26 994 580,0 мың теңге, ал нақты түскені 30 424 743,3 мың теңге немесе жоспардан 12,7 % артық орындалған, (жоспарды асыра орындауға ағымдағы жылы мемлекеттік мекемелер тарапынан түскен салықтардың артуы, осылардың ішіндегі іріліре аудандық білім бөлімдері)

*Код 101205 «Төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы» бекітілген бюджет 1 195 089,0 мың теңге, нақтыланғаны 689 809,0 мың теңге, түзетілген 689 809,0 мың теңге,

ал нақты түскені 734 904,8 мың теңге немесе жоспардан 6,5 % артық орындалған, *(АЕК-ті өзгерту есебінен асыра орындау, Сонымен қатар, брқатар кәсіпкерлік субъектілері есебінен түскен түсімдердің артуы арқау болған)*

*Код 103101 «Әлеуметтік салық» бойынша жыл басына жоспар бекітілмеген, нақтыланғаны 2 233 810 мың теңге, түзетілген 2 233 810,0 мың теңге, ал нақты түскені 2 455 848,3 мың теңге немесе жоспардан 9,9 % артық орындалған, *(жоспарды асыра орындауға ағымдағы жылы мемлекеттік мекемелер тарапынан түскен салықтардың артуы және ірі «Филип Моррис Қазақстан», «Джей Ти Ай Қазақстан» салық төлеушілер бойынша түсімдердің өсуі әсер еткен олар)*

*Код 105303 «Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем» бекітілген бюджет 230 492,0 мың теңге, нақтыланғаны 212 392,0 мың теңге, түзетілген 212 392,0 мың теңге, ал нақты түскені 218 821,3 мың теңге немесе жоспардан 3,0 % артық орындалған, *(«Мойнақ ГЭС» АҚ, «Гидро-Пауэр» ЖШС, «Байсерке-Агро» ЖШС, «ЭРА-2013» сияқты ірі төлеушілерден ағымдағы ресурстарды пайдаланғаны үшін жоспарланған сомадан артық түскен)*

*Код 105304 «Орманды пайдаланғаны үшін төлем» бекітілген бюджет 51 266,0 мың теңге, нақтыланғаны 49 006,0 мың теңге, түзетілген 49 006,0 мың теңге, ал нақты түскені 59 822,6 мың теңге немесе жоспардан 22,1 % артық орындалған, *(Жоспардың асыра орындалуына облыс көлеміндегі орман шаруашылығы мекемелерінің, ұлттық парктер, «Қазақтелеком» АҚ-ның құрылыс дирекциясы және «Tekesu Outdoor Center» ЖШС түскен түсімдер есебінен өскен)*

*Код 105314 «Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем» бюджетті бекіту түзету кезінде жоспарланбаған нақты түскені 21,0 мың теңге, *(«Тау Сатр» ЖШС және Сыдыкакынова Б жеке кәсіпкері есебінен түскен төлемдер)*

*Код 105316 «Қоршаған ортаға эмиссия үшін төленетін төлемақы» бекітілген бюджет 1 454 899,0 мың теңге, нақтыланғаны 1 520 199,0 мың теңге, түзетілген 1 520 199,0 мың теңге, ал нақты түскені 1 602 391,6 мың теңге немесе жоспардан 5,4 % артық орындалған, *(Жоспардың асыра орындалуы "Текелі энергокешені" ЖШС, ШЖҚ «Алматы Су» МКК, «АЛЭС» ЖШС, ШЖҚ «Талдықорғанжылусервис» МКК сияқты ірі төлеушілер тарапынан жүргізілген төлемдердің артуы негіз болған)*

*Код 105433 «Жұмыс берушілерге Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым» бекітілген бюджет 372 215,0 мың теңге, нақтыланғаны 230 087,0 мың теңге, түзетілген 230 087,0 мың теңге, ал нақты түскені 257 348,2 мың теңге немесе жоспардан 11,8 % артық орындалған, *(Жоспардың асыра орындалуы «НЭСИБЭЛИ» ЖШС «Алмаз Керамикс» ЖШС, «Аксу Кант» ЖШС сияқты ірі*

кәсіпкерлік субъектілерінің шетелдік жұмысшылар үшін рұқсат алуға және рұқсатын ұзартуға өтініштердің артуы негіз болған)

Облыстық бюджетке жалпы салықтық түсімдер 8 код бойынша қамтамасыз етілген, оның ішінде 4 код бойынша Заңға қайшылығы жоқ жыл басына бекітілген жоспарларды төмендету жасаған, осы арқылы түсімдер бойынша жоспарды асыра орандауға мүмкіншілік туғызған.

Аталған фактілер, салықтық түсімдердің жоспарлануына жауапты уәкілетті органдардың облыстың салық әлеуетін тиісті деңгейде білмеуі немесе жоспарлау алдындағы тиісті сапартау жұмыстарын жүргізбеуінен орын алған.

2.2.2. Салықтық емес түсімдерді талдау

Салықтық есем түсімдер бойынша болжам 1 525 926,0 мың теңге мөлшерінді бекітілген, бюджетті атқару барысында бюджетті түзету кезінде болжам 2 571 744,0 мың теңгені немесе бекітілген болжамнан 1 045 818,0 мың теңге 68,5% өсіммен.

Салықтық емес түсімдер 16 код бойынша 3 051 453,0 мың теңге мөлшерінде түскен, ол бекітілген болжамнан 99,9% ал түзетілген болжамнан 18,7% артып жылпы болжам 479 709,0 мың теңгеге артық орындалған, 2018 жылмен салыстырғанда 993 559,6 мың теңгеге (2019 жылы 2 057 893,4 мың теңге түскен) немесе 48,2% артық түскен.

(млн.тг, %)



Жалпы түскен салықтық емес түсімдердің басым бөлігін айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар және өндіріп алулардың үлесінде нақты түскен көлемнен 78,7% немесе 2 402 653,9 мың теңгені, 12,4% немесе 379 386,8 мың теңгені өзгеде салықтық емес түсімдер қалған 8,8% басқа түсімдердің үлесінде.

Салықтық емес түсімдер болжамы 7 код бойынша асыра орындалған, 1 код бойынша орындалмаған және 8 код бойынша болжам жасалмаған.

Олар;

* 201102 код «Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері» бойынша болжам жасалмаған нақты түскені 89,2 мың теңге.

* 201102 код «Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтер» бойынша болжам жасалмаған нақты түскені 34 424,4 мың теңге.

* 201504 код «Облыстың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер» бойынша бекітілген болжам 137 120,0 мың теңге, нақтыланған және түзетілген 54 819,0 мың теңге, нақты түскені 55 741,9 мың теңге немесе нақтыланған болжамнан 1,7% артық түскен болжамнан асыра орындалу себебі (*Жоспарды асыра орындау жалға алушылардан алдын ала төлемдер есебінен құрылды. Ең ірі түсімдер: "КаР-Тел" ЖШС және «Астана Плат» ЖШС жүргізген*).

* 201505 код «Облыстың коммуналдық меншігіндегі тұрғын үй қорынан үйлерді жалға беруден түсетін кірістер» бойынша болжам жасалмаған нақты түскені 24,1 мың теңге.

* 201602 код «Депозиттерге уақытша бос бюджеттік ақшаны орналастырудан алынған сыйақылар» бойынша болжам жасалмаған нақты түскені 12 840,3 мың теңге. (*Бос бюджет қаражаттарын депозиттерге салудан алынған сыйақы*)

* 201703 код «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар» бойынша бекітілген болжам 19 027,0 мың теңге, нақтыланған және түзетілген 162 215,0 мың теңге, нақты түскені 162 201,4 мың теңге немесе нақтыланған болжамнан 13,6 мың теңгеге кем түскен.

* 201706 код «Мамандандырылған ұйымдарға жергілікті бюджеттен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар» бойынша бекітілген болжам 2 102,0 мың теңге, нақтыланған және түзетілген 2 143,0 мың теңге, нақты түскені 3 325,2 мың теңге немесе нақтыланған болжамнан 55,2% артық түскен болжамнан асыра орындалу себебі (*«Даму кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «Ауылиаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ және «Аграрлық Кредиттік Корпорация» АҚ бойынша жоспарланған түсімдерден бюджеттік кредиттер бойынша сыйақының артық түсімінен артық орындалған*).

* 201716 код «Қаржы агентіктеріне үкіметтік сыртқы қарыз қаражаты есебінен жергілікті бюджеттен ішкі көздер есебінен берілген бюджеттік кредиттер бойынша сыйақылар» бойынша болжам жасалмаған нақты түскені 710,7 мың теңге. (*«Ауылиаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ есебінен түскен*).

* 203102 код «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақшаның түсімі» бойынша болжам жасалмаған нақты түскені 103,3 мың теңге.

* 204105 код «Облыстық бюджеттен қаржыландыратын мемлекеттік мекемелер салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша бекітілген болжам болмаған, нақтыланған және түзетілген 730,0 мың теңге, нақты түскені 4 399,4 мың теңге немесе нақтыланған болжамнан 502,7% артық түскен (*Біржолғы сипаттағы түсімдер*).

* 204106 код «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың

аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша бекітілген болжам 1 189 507,0 мың теңге, нақтыланған және түзетілген болжам 2 120 327,0 мың теңге, нақты түскені 2 398 103,6 мың теңге немесе түзетілген бюджеттен 13,1 % артық түскен. *(Әкімшілендіруді күшейту)*

* 204112 код «Түзету жұмыстарына сотталғандардың еңбекақысынан ұсталатын түсімдер» бойынша болжам жасалмаған нақты түскені 149,6 мың теңге.

* 204118 код «Мамандандырылған ұйымдарға, жеке тұлғаларға бюджеттік кредиттер (қарыздар) бойынша жергілікті бюджеттен берілген айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар» бойынша болжам жасалмаған нақты түскені 1,2 мың теңге *(Біржолғы сипаттағы түсімдер)*.

* 206107 код «Бұрын жергілікті бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражаттардың қайтарылуы» бойынша бекітілген болжам болмаған, нақтыланған және түзетілген 40 750,0 мың теңге, нақты түскені 41 724,7 мың теңге немесе нақтыланған болжамнан 2,4% артық түскен.

* 206109 код «Жергілікті бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер» бойынша бекітілген болжам болмаған, нақтыланған және түзетілген 17 160,0 мың теңге, нақты түскені 62 832,6 мың теңге немесе нақтыланған болжамнан 266,2% артық түскен.

* 206114 код «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары» бойынша бекітілген болжам 178 170,0 мың теңге, нақтыланған және түзетілген болжам 173 600,0 мың теңге, нақты түскені 274 829,6 мың теңге немесе түзетілген бюджеттен 58,3 % артық түскен. *(Салық салынатын объектінің орналасқан жері бойынша пайдалы қазбаларды өндіруге жұмсалған шығындардан өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымына төлемдер түседі. Ең ірі сома "Жетісу Вольфрам" ЖШС, «Асфальтобетон» ЖШС, «Тау Кетмень» ЖШС, «Жетісугемайнинг» ЖШС түскен)*

2.2.3. Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдерді талдау

Негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер бойынша жыл басында бекітілген болжам 227 957,0 мың теңгені, бюджеттің орындалу барысында нақтыланған болжам 45 907,0 мың теңгені құрап жыл басына бекітілген болжам 5 есеге кеміген. Нақты түскені 68 622,1 мың теңгені құраған немесе нақтыланған болжамнан 49,3 % артық түскен. 2019 жылы негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 229 716,6 мың теңгені құраған немесе 2020 жылы аталған түсімдер бойынша 161 064,5 мың теңге кем түскен.

2020 жылы бекітілген болжам 5 есеге төмендеуіне жергілікті атқарушы органдардың тарапынан 2020 жылдың түсімдерін жоспарлау кезінде жіберілген олқылықтары, немесе болжамды 2019 жылы нақты түскен түсімдер мөлшерінде қалыптастырылған.

2020 жылдың негізгі капиталды сатудан түскен түсімдері келесі кодтар бойынша түскен:

* 301102 код «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдер» бойынша бекітілген болжам 227 957,0 мың теңге, нақтыланған және түзетілген болжам 45 970,0 мың теңге, нақты түскені 68 580,2 мың теңге немесе түзетілген бюджеттен 49,2 % артық түскен. *(Электрондық сауда құралымен облыстық коммуналдық меншіктегі 53 автокөлік 27 922,10 мың теңгеге сатылған).*

* 301107 код «Мемлекеттік тұрғын үй қорынан берілетін тұрғын үй-жайларды жекешелендіруден түсетін түсімдер» бойынша болжам жасалмаған нақты түскені 41,9 мың теңге *(Пәтерлерді жекешелендіруден түскен түсім).*

2.2.4. Трансферттер түсімдерін талдау

2020 жылыда осы жалдарға дейінгідей облыстық бюджеттің кірістерінің негізгі бөлігін немесе 93,1% *(2019 жылы 91,6%)* трансферттік түсімдер құраған 2020 жылы республикалық және төмен тұрған бюджет есебінен жалпы сомасы 528 388 501,5 мың теңге немесе болжамның 100,0% түскен, 2019 жылмен салыстырғанда 113 814 357,4 мың теңгеге немесе 21,5% артқан.

Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан алынатын трансферттер бекітілген болжам 123 950 275,0 мың теңге, нақтыланған болжам 143 337 082,0 мың теңге, түзетілгені 143 393 974,0 мың теңге, нақты орындалғаны 143 393 954,6 мың теңге немесе болжамнан 100,0% құраған, оның құрылым келесідей:

* **401201 код** «Бюджеттік алып қоюлар» бекітілген болжам 123 950 275,0 мың теңге, нақтыланған болжам 137 650 275,0 мың теңге нақты түскені 137 650 275,0 мың теңге немесе 100,0% Іле ауданының бюджетінен түскен *(«2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» облыстық мәслихаттың шешімімен 2020 жылға арналған Іле ауданының бюджетінен облыстық бюджетке бюджеттік алып қою толық көлемде қамтамасыз етілген).*

* **401201 код** «Нысаналы трансферттерді қайтару» нақтыланған болжам 183 612,0 мың теңге нақты түскені 183 601,0 мың теңге немесе 100,0% қолданылмаған трансферттер *(қолданылмау себептері жыл аяғына қалыптасқан үнем және мемлекеттік сатып алулар қорытындысы бойынша қалыптасқан үнем)*

* **401204 код** «Аудандық (қалалық) бюджеттерден облыстық бюджеттің ысырабын өтеуге арналған трансферттер түсімдері» нақтыланған болжам 5 267 510,0 мың теңге, түзетілген бюджет 5 324 402,0 мың теңге, нақты түскені 5 324 402,0 мың теңге немесе 100,0% *(Ветеринария бөлімдерінің функцияларын облыстық деңгейге беруге және төтенше жағдай режимін енгізуге байланысты жоғары тұрған бюджетке кері трансферттер қарастырылған)*


* **401216 код** «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген

пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару» нақтыланған болжам 235 685,0 мың теңге, нақты түскені 235 676,6 мың теңге немесе 100,0% (2020 жылы нысаналы трансферттерді теңгемен қайтару кезінде қалдықтар пайда болды (дөңгелектеу есебінен)).

Республикалық бюджет есебінен бөлінген трансферттер.

Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер 384 994 546,9 мың теңге немесе болжамның 100,0%, оның ішінде; Ағымдағы нысаналы трансферттер 153 736 061,9 мың теңге, Нысаналы даму трансферттері 30 474 056,0 мың теңге, Субвенциялар 200 784 429,0 мың теңге.

Республикалық бюджет есебінен түскен трансферттердің құрылымы келесідей:



Ағымдағы нысаналы трансферттер:

2019 жылмен салыстырғанда Ағымдағы нысаналы трансферттер 42 467 525,9 мың теңгеге немесе 27,6% артып келесі мақсаттарға жұмсалған;

- білім беру оның ішінде мұғалімдер мен педагог психологтардың еңбекақысының өсуіне;

- әлеуметтік қамсыздандыру оның ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге, еңбек нарығын дамыту шеңберінде мемлекеттік гранттар беруге және кәсіптік оқытуға;

- аз қамтылған және көп балалы отбасылар үшін тұрғын үй сатып алу;

- ауыл шаруашылығы субсидиялары;

- азаматтық және әкімшілік мемлекеттік қызметкерлердің жекелеген санаттарының жалақысын арттыру;

- ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық жалақысын арттыру;

- паритеттік негізде жолдарды жөндеу.

Ағымдағы нысаналы трансферттердің құрылымы келесідей:

- Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету – 481 195,0 мың теңге (төтенше жағдайлар кезеңінде қоғамдық тәртіпті күзетуді күшейтілген режимде қамтамасыз еткен ішкі істер органдары қызметкерлеріне сыйақы төлеу, COVID-19 коронавирус инфекциясының таралуына байланысты қызмет атқарудың ерекше режимі кезеңіндегі жұмысы үшін ішкі істер органдарының қызметкерлеріне сыйлықақы төлеуге)

- Ауылшаруашылығы саласына 15 807 423,0 мың теңге немесе ағымдағы нысаналы трансферттердің 3,2%. (асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау, инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге, агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандыру шеңберінде субсидиялау, агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау, ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығының сомасын субсидиялау, саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге және карантинді объектілерге қарсы өңдеу жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау, тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау, жеке және заңды тұлғаларға жеміс дақылдарының бактериялық күйігін жұқтырған жойылған жеміс-жидек дақылдарын отырғызу мен өсіруге шығындарын өтеу, тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау)

- Әлеуметтік салаға 42 792 475,0 мың теңге немесе ағымдағы нысаналы трансферттердің 0,8%. (мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек төлеуге, әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын енгізу, үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру, ҚР мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсартуға, кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге, еңбек нарығын дамытуға, мемлекеттік халықты әлеуметтік қорғау ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақы беруге, Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерін, инженерлік-

көлік инфрақұрылымын, әлеуметтік-мәдени объектілерді жөндеуге және елді мекендерді абаттандыру)

- Білім беру саласына 46 058 807,0 мың теңге немесе ағымдағы нысаналы трансферттердің 0,1%. (мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге, орта білім беру ұйымдарын жан басына шаққандағы қаржыландыруды сынақтан өткізуге, орта білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға, мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендия мөлшерін ұлғайтуға және жергілікті бюджет қаражаты есебінен осы бағыт бойынша төленген сомаларды қайтару, «Жас маман» жобасы шеңберінде колледждер үшін жабдықтар сатып алуға, мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайту, мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге)

- Денсаулық сақтау саласына – 4 053 244,0 мың теңге немесе ағымдағы нысаналы трансферттердің 0,1%. (медициналық ұйымның жыныстық құмарлықты төмендететін, сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын іс-шараларды өткізу, қаржы лизингі шарттарымен сатып алынған санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеуге, вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алу, саламатты өмір салтын насихаттауға берілу, ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендия мөлшерін ұлғайтуға және жергілікті бюджет қаражаты есебінен шығыстардың осы бағыт бойынша төлеуге, жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау саласындағы ұйымдары қызметкерлерінің жалақысын көтеруге)

- Мәдениет және спорт саласына – 1 405 698,0 мың теңге немесе ағымдағы нысаналы трансферттердің 3,5%. (мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге, дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға)

- «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға 9 633 250,0 мың теңге немесе ағымдағы нысаналы трансферттердің 9,1%.

«Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және Басым жобаларға кредит беру тетігі шеңберінде іс-шараларды іске асыру 2 362 420,0 мың теңге.

Шағын және орта бизнес субъектілерінің салықтық жүктемесін төмендетуге байланысты шығасыларды өтеуге 9 596 561,0 мың теңге.

Төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеуге 1 860 624,0 мың теңге немесе ағымдағы нысаналы трансферттердің 0,4%.

- Ортақ пайдаланымдағы автомобиль жолдарын жөндеу және олардың сапасын жақсартуға бағытталған күтіп-ұстау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру 7 061 119,0 мың теңге *(көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға, маңызы бар қалалардың, астана бюджеттеріне жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға)*

- «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы Бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды іске асыруға 13 514,0 мың теңге.

Нысаналы даму трансферттерінің құрылымы келесідей

Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде объектілерін салуға және (немесе) реконструкциялауға 5 154 346 мың теңге немесе нысаналы даму трансферттердің 9,9%.

- Газ тасымалдау жүйесін дамытуға 101 973,0 мың теңге.

- «Өңірлерді дамытудың 2025 жылға» дейінгі мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде моноқалалар мен өңірлерде іс-шараларды іске асыруға 2 995 212,0 мың теңге.

- «Бизнестің жол картасы – 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы және Басым жобаларға кредит беру тетігі шеңберінде іс-шараларды іске асыруға 2 152 857,0 мың теңге.

- Ортақ пайдаланымдағы автомобиль жолдарын жөндеу және олардың сапасын жақсартуға бағытталған күтіп-ұстау бойынша жұмыстарды ұйымдастыруға 3 719 768 мың теңге.

- Үйлерді және инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды салу, жобалау үшін уәкілетті ұйымның жарғылық капиталын қалыптастыруға 713 835,0 мың теңге.

- «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы Бағдарламасы шеңберінде іс-шараларды іске асыруға 11 011 371,0 мың теңге немесе нысаналы даму трансферттердің 0,9%.

- «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы іс-шараларды іске асыру 2 824 694 мың теңге.

- Туристік саласын дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамытуға 1 800 000,0 мың теңге.

2019 жылмен салыстырғанда субвенциялар 47 061 331,0 мың теңгеге немесе 23,4% артып, жылпы сомасы 200 784 429,0 мың теңге қарастырылып келесі бағыттар бойынша жұмсалған:

- Қорғаныс саласына 2 000 000,0 мың теңге;

- Қоғамдық тәртіпке, қауіпсіздікке, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметіне 2 762 835,0 мың теңге;
- Білім беру саласына 115 878 591,0 мың теңге;
- Денсаулық сақтау саласына 4 081 546,0 мың теңге;
- Әлеуметтік көмекке және әлеуметтік қамсыздандыруға 1 244 287,0 мың теңге;
- Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласына 38 899,0 мың теңге;
- Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік саласына 7 485 311,0 мың теңге;
- Отын-энергетика кешеніне және жер қойнауын пайдалану саласына 7 848 633,0 мың теңге;
- Ауыл, су, орман, балық шаруашылығына, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғауға, жер қатынастары саласына 29 068 285,0 мың теңге;
- Көлік және коммуникация саласына 26 564 733,0 мың теңге;
- Өзге де шығыстарға 3 811 309,0 мың теңге қарастырылған.

2.3. Жергілікті бюджет шығыстарының атқарылуын бағалау

Шығындар:

2020 жылғы меншікті облыстық бюджеттің шығыстары 494 316 915,0 мың теңге болып бекітілді, оның ішінде:

Шығындар 476 363 900,0 мың теңгені;

Бюджеттік кредиттер 11 125 491,0 мың теңгені;

Қаржылық активтерді сатып алуға 1 213 835,0 мың теңгені;

Қарыздарды өтеу 5 613 689,0 мың теңгені құраған.

Нақтылаулар мен түзетулер нәтижесінде меншікті облыстық бюджеттің шығыстары жоспар бойынша 649 509 179,9 мың теңгенің құрап нақты 648 502 393,1 мың теңгеге немесе 99,8% орындалды, Оның ішінде:

Шығындар 571 558 123,1 мың теңгені;

Бюджеттік кредиттер 67 607 980,0 мың теңгені;

Қаржылық активтерді сатып алуға 2 487 644,0 мың теңгені;

Қарыздарды өтеу 6 848 646,0 мың теңгені құраған.

2019 жылмен салыстырғанда шығыстар 177 672 192,7 мың теңгеге өсті (2019 жылы 470 830 200,4 мың теңгеге).

Шығындардың функционалдық топтары бойынша бюджет орындалуы келесідей болған.

«Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер» функционалдық тобы бойынша 5 022 676,6 мың теңге көлемінде жоспарланып 5 011 001,9 мың теңге немесе 99,8 пайызға орындалған.

«Қорғаныс» функционалдық тобы бойынша 3 468 896,0 мың теңге жоспарланып, нақты игерілгені 3 466 955,7 мың теңге немесе 99,9 пайызды құраған.

«Қоғамдық тәртіп пен қауыпсіздік» функционалдық тобы бойынша 14 102 855,0 мың теңге жоспарланып, нақты игерілгені 13 993 721,5 мың теңгені, немесе 99,2 пайызды құраған.

«Білім беру» функционалдық тобы бойынша 176 902 652,9 мың теңге жоспарланып, нақты жұмсалғаны 176 877 819,2 мың теңгені, немесе 100,0%-ды құраған.

«Денсаулық сақтау» функционалдық тобы бойынша 33 388 718,6 мың теңге жоспарланып, нақты игерілгені 33 311 872,4 мың теңгені немесе 99,8 пайызды құраған.

«Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру» функционалдық тобы бойынша 32 123 594,0 мың теңге жоспарланып, 32 119 156,4 мың теңге игерілген, немесе 100,0 % құрады.

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық» функционалдық тобы бойынша 39 771 315,0 мың теңге жоспарланып, 39 768 368,7 мың теңгесі немесе 100,0 % игерілген.

«Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік» функционалдық тобы бойынша 23 394 755,0 мың теңге жоспарланып, нақты 23 320 466,3 мың теңгесі немесе 99,7 % игерілген.

«Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану» функционалдық тобы бойынша 8 841 736,0 мың теңге жоспарланып, нақты орындалғаны 8 824 552,9 мың теңге немесе 99,8 %-ға құраған.

«Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» функционалдық тобы бойынша 56 710 677,9 мың теңге жоспарланып, нақты жұмсалғаны 56 174 063,0 мың теңгені немесе 99,1%-ға игерілген.

«Өнеркәсіп, саулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі» функционалдық тобы бойынша 3 221 610,0 мың теңге жоспарланып, нақты жұмсалғаны 3 221 544,1 мың теңге немесе ол 100,0% құраған.

«Көлік және коммуникация» функционалдық тобына бойынша 31 161 560,2 мың теңге жоспарланып, нақты орындалғаны 31 157 892,9 мың теңгені немесе 100,0% құраған.

«Басқалар» функционалдық тобына 17 461 816,7 мың теңге жоспарланып, 17 318 692,9 мың теңгесі, немесе 100,0% қолданылған.

«Борышқа қызмет көрсету» функционалдық тобына 178 923,0 мың теңге жоспарланып, 178 914,0 мың теңгесі, немесе 100,0% қолданылған.

«Трансферттер» функционалдық тобы бойынша 126 813 113,0 мың теңге жоспарланып, 126 813 101,3 мың теңгесі, немесе 100,0% қолданылған.

Бюджеттік кредиттер:

2020 жылығы бюджеттік кредиттердің жоспары 11 125 491,0 мың теңге мөлшерінде бекітілген, нақтыланғаны 67 766 275,0 мың теңге, түзетілгені 67 607 980,0 мың теңгені құраған, нақты тартылғаны 67 607 980,0 мың теңге немесе 100,0 % құраған.

Жалпы тартылған бюджеттік кредиттердің 38,7% немесе 26 175 774,0 мың теңгесі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға тартылған, 61,3% ағымдардағы шығыстарды жүзеге асыруға жұмсалған. Тартылған бюджеттік кредиттерді 86,4% Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит берілген. Бюджеттік кредиттерді 3 облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілері пайдаланған және 6 облыстық бюджеттік жағдарлама әкімшілері арқылы Аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттеріне жолданған.

Бюджеттік кредиттер 2019 жылмен салыстырғанда 5 есеге артқан жалпы артуының негізгі себебі 2020 жылы COVID-19 пандемиясы кезінде элеуметтік экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы шеңбеберінде облыс көлеміне аталған бағдарламаны қаржыландыруға 49 149 085 мың теңге жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары есебінен қаражат тартылған.

Қаржылық активтерді сатып алу:

2020 жылы қаржылық активтерді сатып алуға жоспары 1 213 835,0 мың теңге мөлшерінде бекітілген, нақтыланғаны 2 487 644,0 мың теңге, түзетілгені 2 487 644,0 мың теңгені құраған, нақты жұмсалғаны 2 487 644,0 мың теңге немесе 100,0 % құраған.

Қаржылық активтерді сатып алу 3 облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілері арқылы жүзеге асырылған. Олар:

- Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы арқылы 1 273 809,0 мың теңге қаражат жұмсалған;
- Алматы облысының құрылыс басқармасы арқылы 713 835,0 мың теңге қаражат жұмсалған;
- Алматы облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы арқылы 500 000,0 мың теңге қаражат жұмсалған.

Қарыздарды өтеу:

2020 жылы қарыздарды өтеуге 5 613 689,0 мың теңге мөлшерінде бекітілген, нақтыланғаны 6 848 656,0 мың теңгені құраған, нақты 6 848 646,0 мың теңге қарыздар өтелген. Олар:

- Ішкі нарықта орналастырылған мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша негізгі борышты өтеуге 3 157 447,0 мың теңге жұмсалған;
- Жоғары тұрған бюджет алдындағы негізгі борышты өтеуге 3 691 161,0 мың теңге жұмсалған;
- Республикалық бюджеттен берілген 38,0 мың теңге пайдаланылмаған бюджеттік кредиттер қайтарылған.

2.3.1. Жергілікті бюджет шығындарының атқарылуын талдау

2020 жылғы меншікті облыстық бюджеттің шығындары **476 363 900,0** мың теңге болып бекітіліп нақтылаулар мен түзетулер нәтижесінде **572 564 899,9** мың теңгенің құрап нақты **571 558 123,1** мың теңгеге немесе 99,8% орындалған, 2019 жылмен салыстырғанда шығындар **121 714 580,5** мың теңгеге артқан (2019 жылы **449 843 542,6** мың теңгеге орындалған).

Бюджеттің шығындары жекелеген функционалдық топтар бойынша келесідей болған:

«Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер» функционалдық тобына арналған қаражат барлық шығыстардың **0,8 %** (пайызын) құрады, жоспары **5 022 676,6** мың теңге болса, нақты орындалғаны **5 011 001,9** мың теңге немесе **99,8** пайызға орындалды. 2019 жылмен салыстырғанда шығыстар **155 500,0** мың теңгеге өскен.

«Қорғаныс» функционалдық тобына арналған қаражат барлық шығыстардың **0,5 %** құраған, жоспары **3 468 896,0** мың теңге болса, нақты игерілгені **3 466 955,7** мың теңгеге немесе **99,9** пайыз. 2019 жылмен салыстырғанда шығыстар **2 190 400,0** мың теңгеге өскен.

«Қоғамдық тәртіп пен қауыпсіздік» функционалдық тобына арналған қаражат барлық шығыстардың **2,2 %** құрады, жоспары **14 102 855,0** мың теңге болса, нақты игерілгені **13 993 721,5** мың теңге, немесе **99,2** пайызға орындалды. 2019 жылмен салыстырғанда шығыстар **373 624,1** мың теңгеге төмендеген.

Қаражатқа 12 нысанның жобалау сметалық құжаттамалар әзірлеуге және құрлыс жұмыстарына жұмсалды, ол Райымбек ауданындағы Нарынқол ауылындағы тирі және фронт-офисі бар аудандық ішкі істер бөлімінің ғимаратының, арнайы мемлекеттік органның және 2 шығуға арналған бір өрт сөндіру депосының, Кеген ауданы Кеген ауылына 2 шығуға арналған бір өрт сөндіру депосының және Текелі қалалық ішкі істер бөлімінің жедел басқару орталығының (ЖБО) құрылыс жұмыстарына жұмсалған.

Осы бағдарлама бойынша Алакөл ауданы Ақши ауылында 2 автомобильге арналған өрт депосы кешенін, Қарасай ауданы Шамалған ауылында 2 автомобильге арналған өрт депосы кешенін, Кеген ауданы Кеген ауылындағы 2 шығуға арналған өрт сөндіру депосының, Көксу ауданы Балпық би ауылында 2 автомобильге арналған өрт депосы кешенін, Талғар ауданы Нура ауылындағы 2 шығуға арналған өрт сөндіру депосының, Талдықорған қаласындағы төтенше жағдайлар департаментінің ғимаратына мансардтық қабатты қайта жаңарту және Текелі қаласындағы өрт сөндіру бекетінің құрылыстарына жобалау сметалық құжаттамалар әзірленген.

«Білім беру» функционалдық тобына арналған қаражат барлық шығыстардың **27,3 %** құраған, жоспары **176 902 652,9** мың теңге болса, нақты жұмсалғаны **176 887 819,2** мың теңгені құрап, **100,0 %**-ға игерілген. 2019 жылмен салыстырғанда білім беру саласы бойынша шығыстар **89 153 911,0** мың теңгеге артқан.

Спорт саласы бойынша 17 балалар мен жасөспірімдер спорт мектептерін, 2 спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатын ұстауға **3 811 800,0** мың теңге бөлініп, **3 809 321,0** мың теңгесі немесе **99,9%** игерілген.

Денсаулық сақтау саласы бойынша 2 медициналық колледжге (Талғар ауданы және Талдықорған қаласы) **585 198,1 мың теңге** жоспарланып, толығымен игерілген.

«Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» бағдарламасына **131 812,0 мың теңге** бөлініп толығымен игерілген.

«Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау» бағдарламасына жергілікті бюджеттен **107 911,0 мың теңге** жоспарланып толығымен игерілген.

Меншікті-облыстық бюджеті бойынша білім беру саласына **республикалық бюджеттен** (Білім және ғылым министрлігі) **4 125 400,0 мың теңге** нысаналы трансферттер бөлініп, **4 125 100,0 мың теңгесі** немесе немесе **100,0%** игерілген, оның ішінде:

- мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға **854 598,0 мың теңге** қаржы бөлінді, **854 498,0 мың теңге** игерілді немесе **100,0%** қалғаны **100,0 мың теңге**. Игерілмеу себебі: педагогтерге 25 пайыз қосымша ақының нақты жүктемеге сәйкес төленуі;

- мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге **256 300,0 мың теңге** қаржы бөлініп, толығымен игерілді немесе **100,0%**;

- техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға мемлекеттік стипендияның мөлшерін ұлғайтуға және шығыстардың осы бағыты бойынша жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен төленген сомаларды өтеуге **217 100,0 мың теңге** жоспарланып толығымен игерілген;

- «Жас маман» жобасы шеңберінде колледждер үшін жабдықтар сатып алуға **1 564 100,0 мың теңге** қаржы бөлініп, толығымен игерілген;

- мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға **991 500,0 мың теңге** қаржы бөлініп толығымен игерілген;

- көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары үшін жоғары білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға **241 800,0 мың теңге** бөлініп, **241 600,0 мың теңгесі** немесе **99,9%** игерілген, қалғаны **200,0 мың теңге**-еңбекақы қоры бойынша үнем.

«Денсаулық сақтау» функционалдық тобына арналған қаражат барлық шығыстардың **5,1 %** құраған, **2020** жылға жоспарланған **33 388 718,6 мың теңге** болса, нақты игерілгені **33 311 872,4 мың теңге** немесе **99,8 %** құраған 2019 жылмен салыстырғанда шығыстар **15 578 412,0 мың теңгеге** артқан.

Есепті жылдың аяғына облыста 53 денсаулық сақтау мемлекеттік мекемелері және мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар халыққа қызмет көрсетті, оның ішінде: 1 денсаулық сақтау басқармасы, 49 мемлекеттік тапсырыс шеңберінде қызмет көрсететін мемлекеттік қазыналық кәсіпорындар, оның ішінде: 16 орталық аудандық аурухана, 4 ауылдық аурухана, 3 қалалық аурухана, 26 басқа да медициналық қазыналық кәсіпорындар; 3 арнайы

денсаулық сақтау мемлекеттік мекемелер, оның ішінде: 2 балалар үйі, 1 облыстық арнайы медициналық жабдықтау базасы арнайы медициналық қызмет көрсетті.

«Ана мен баланы қорғау бойынша қызмет көрсету» бағдарламасы 310 төсек орнымен 2 балалар үйі бойынша **353 498,0 мың теңге** жоспарланып толығымен игерілген.

«Салауатты өмір салтын насихаттау» бағдарламасына қарастырылған **136 309,0 мың теңге** толығымен игерілген.

«Қазақстан Республикасында ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру» бағдарламасына республикалық бюджет қаражаты есебінен **172 204,0 мың теңге** жоспарланып, 100% игерілген.

«Азаматтарды елді мекен шегінен тыс емделуге тегін немесе жеңілдікпен жол жүрумен қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен **12 400,0 мың теңге** жоспарланып, 100 % игерілген.

«Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық-талдамалық қызметтер» бағдарламасы бойынша **927 920,0 мың теңге** жоспарланып, толығымен игерілген.

«Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтауға» бағдарламасы бойынша бюджеттен **3 922 714,0 мың теңге** жоспарланып, 100 пайыз игерілді. Оның ішінде «Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен» **3 233 107,0 мың теңге** және «Жергілікті бюджет қаражаты есебінен» **689 607,0 мың теңге** жоспарланды.

Арнайы медициналық жабдықтау базасына жергілікті бюджеттен **56 802,0 мың теңге** жоспарланып, толығымен игерілген.

«Республикалық бюджет қаражаты есебінен ауылдық денсаулық сақтау субъектілерінің амбулаториялық-емханалық қызметтер көрсетуі және медициналық қызметтер көрсетуі және Call-орталықтардың қызметтер көрсетуі» жергілікті бюджеттен **102 698,0 мың теңге** бөлініп, толығымен игерілген.

«Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін қосымша қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша **2 581 608,0 мың теңге** жоспарланып, толығымен игерілген.

«Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған, сервистік қызмет көрсетуді талап ететін санитариялық көлік, медициналық бұйымдар бойынша лизингтік төлемдерді өтеу» бағдарламасы бойынша **418 491,0 мың теңге** жоспарланып, толығымен игерілген.

«Төтенше резерв есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасына **190 304,0 мың теңге** бөлініп, 100% игерілген.

«Жергілікті атқарушы органның резерві есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасына **905 409,0 мың теңге** бөлініп, 100% игерілген.

«Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасының конкурстық құжаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді немесе түзетуді қамтитын мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларының конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету» бағдарламсына **22 100,0 мың теңге** бөлініп, 100% игерілген.

«Ағымдағы іс-шараларды Үкімет резервінің есебінен өткізу» бағдарламсына 1 049 089,6 мың теңге бөлініп, 100% игерілген.

Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары бойынша «Республикалық трансферттер есебінен» және «Жергілікті бюджет қражаты есебінен» жоспар бойынша **10 452 295,0 мың теңге** бөлініп, 99,9 игерілген.

2020 жылы Алматы облысының денсаулық сақтау нысандарының күрделі жөндеу және жоба-сметалық құжаттарына жергілікті және республикалық бюджеттен **1 693 104,0 мың теңге** бөлініп, толығымен пайдаланылған:

1. ШЖҚ "Текелі қалалық ауруханасы" МКК жанындағы емхананың сейсмотұрақтылығын күшейте отырып күрделі жөндеу жүргізуге жобалық сметалық құжаттама - әзірленуде (ауыспалы);

2. ШЖҚ "Ұйғыр орталық аудандық ауруханасы" МКК сейсмотұрақтылығын күшейте отырып күрделі жөндеу жүргізуге – жобалық сметалық құжаттама әзірленуде (ауыспалы);

3. ШЖҚ "Қалалық емхана" МКК ғимаратын күрделі жұмыстары жүргізілуде (ауыспалы);

4. Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылындағы аудандық аурухана ғимаратын күрделі жөндеу жүргізілген;

5. Көксу ауданының Алғабас елді мекенінің медициналық пунктінде күрделі жөндеу жүргізілген;

6. Панфилов ауданының көпсалалы ауданаралық ауруханасы ғимаратының аумағын абаттандыру жұмыстары жүргізілген.

7. ШЖҚ "Талдықорған қаласындағы облыстық перинаталдық орталық" МКК ғимараттарын күрделі жөндеу жүргізілген;

8. ШЖҚ "Жамбыл ауданы" МКК әкімшілік корпусының ғимаратын БЦП мүгедек балаларға арналған оңалту орталығына ағымдағы жөндеу жүргізілген;

9. Облыс көлеміндегі денсаулық сақтау ұйымдарының қазандықтарын сыртқа шығару және ауыстыру жұмыстары жүргізілген.

10. Облыс көлеміндегі денсаулық сақтау ұйымдарын газдандыру жұмыстары жүргізілген;

11. Облыс көлеміндегі денсаулық сақтау нысандары бойынша мемлекеттік сараптама;

Жергілікті бюджеттен 2020 жылы облыстың медициналық ұйымдарының материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында

8 759 118,0 мың теңгеге медициналық жабдықтар сатып алынған, оның ішінде облыстық медициналық мекемелерге:

- алғашқы медициналық-саниатрлық көмек көрсету қызметіне **5 722 612,0 мың теңгеге** 156 дана медициналық құрал-жабдықтар сатып алынды (Қарасай орталық аудандық ауруханасына компьютерлік томограф, облыстың медициналық ұйымдарына арналған сандық стационарлық рентген аппараттары, анестезия-тыныс алу құрылғылары, гастроскопияға арналған видео эндоскопиялық кешендер, операциялық хирургиялық микроскоптар, операциялық үстелдер, ЛОР комбайндары, жуу және зарарсыздандыру машиналары, плазмалық стерилизаторлар және т.б.);

- облыстағы перинаталдық орталықтарға нәрестелердің шетінеуінің алдын-алу және болдырмау мақсатында, жүкті және босанған әйелдерге, жаңа және шала туылған нәрестелерге медициналық көмек көрсету қызметін жақсарту мақсатында босандыру және балалар қызметіне, **2 592 012,0 мың теңгеге** 100 дана медициналық құрал-жабдықтар жиынтығы, соның ішінде: ламароскопиялық және ішек гинекологиясы үшін аспаптар мен аспаптарды қоса алғанда, жұмыс істейтін лампамен, төбедегі аспалы жүйемен жабдықталған кіріктірілген операциялық зал; сарапшы класын ультрадыбыстық зерттеуге арналған құрылғылар; рентген аппараттары; ересектерге, балаларға және жаңа туылған нәрестелерге арналған желдеткіш қондырғылар; жаңа туған нәрестелерге арналған инкубаторлар; сандық маммографтар; электроэнцефалографтар; төсек жанында орналасқан көп функциялы мониторлар және т.б.;

- аудандық, қалалық және облыстық ауруханаларында хирургиялық қызметін жабдықтау мақсатында **444 508,0 мың теңгеге** көпсалалы қалалық ауруханасына лапароскопиялық және ішек ішілік гинекологияға арналған құрылғылар мен аспаптарды қосатын, жұмыс істейтін лампамен, төбенің асау жүйесімен жабдықталған кіріктірілген операциялық зал сатып алынды.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының аппаратын ұстауға **122 014,0 мың теңге** қаралып, 100 % игеріді.

«Денсаулық сақтау объектілерін сейсмикалық күшейту» бағдарламасы бойынша **285 411,0 мың теңге** бөлініп, 100 %-ға орындалды. Бөлінген қаражат Балқаш ауданының орталық аудандық аурухананың қалпына келтіру жұмыстарымен сейсмикалық күшейту жұмыстарына жұмсалды, сонымен қатар бағдарлама арқылы Балқаш ауданының орталық аудандық ауруханасын қалпына келтіру жұмыстарымен сейсмикалық күшейту жұмыстарына жобалау сметалық құжаттама әзірленді.

«Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау» бағдарламасы бойынша **11 675 200,0 мың теңге** бөлініп, **11 599 218,0 мың теңгеге** орындалды немесе ол 99,3% құраған.

Республикалық бюджет есебінен **3 857 611,0 мың теңге** бөлініп **3 806 504,0 мың теңге** немесе 98,7% құрады. 51 100,0 мың теңге жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде Қарасай ауданы Долан, Үңгіртас және Сарыбай

ауылдарындағы дәрігерлік амбулаториялардың, Талдықорған қаласындағы 300 төсектік көпсалалы аурухана ШЖҚ МКК қабылдау бөлмесіне арналған қосымша құрылыстан үнемделген қаражат республикалық бюджетке қайтарылған.

Бұл қаражат 11 нысанға бөлінді. Жамбыл, Енбекшіқазақ, Іле, Қарасай, Панфилов аудандарында бір ауысымда 25 адам қабылдайтын дәрігерлік амбулаториялардың, Көксу ауданы Айнабұлақ ауылындағы 20 адам қабылдайтын медициналық пунктін құрылыс жұмыстарына және Талдықорған қаласында ШЖҚ МКК 300 төсектік көпсалалы аурухананың қабылдау бөлмесі үшін қосымша құрылысқа және 200 төсектік тез салынатын жұқпалы аурулар ауруханасын салу жұмыстарына жұмсалған.

Жергілікті бюджет қаражаты есебінен «Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау» бағдарламасы бойынша 7 817 601,0 мың теңге бөлініп, 7 792 711,0 мың теңгеге немесе 99,7%-ға орындалды.

Аталған бағдарлама арқылы бөлінген қаражат есебінен Талдықорған қаласында 200 төсектік тез салынатын жұқпалы аурулар ауруханасының, Ұзынағаш ауылындағы 100 төсекке арналған перзентхана мен 100 келушіге арналған қабылдайтын әйелдер консультациясының, Көксу ауданының Көксу станциясында 30 адам қабылдайтын дәрігерлік амбулаторияның, Ұйғыр ауданы Үлкен Ақсу ауылында ауысымына 50 келушіге арналған дәрігерлік амбулаторияның және Талдықорған қаласы Еркін ауылында 100 адам қабылдайтын дәрігерлік амбулаторияның құрылыс жұмыстарына жұмсалған.

Сонымен қатар бөлінген қаражат 20 жобалау-сметалық құжаттарды әзірлеуге жұмсалды, олар Ақсу ауданы Қамысқала және Сағабүйен ауылдарында ауысымына 25 адам қабылдайтын дәрігерлік амбулаториялардың, Алтынарық және Кегенқарын ауылдарында ауысымына 10 адам қабылдайтын медициналық пунктердің, Алакөл ауданының орталық аудандық аурухананың, Балқаш ауданы Ақдала ауылында бір ауысымда 30 адам қабылдайтын медициналық пунктін, Іле ауданы Жетіген ауылында бір ауысымда 250 адам қабылдайтын емхананың, Қарасай ауданының Жібек жолы ауылында (Шамалған станциясы) бір ауысымда 300 адам қабылдайтын алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығының, Кеген ауданының А. Нүсіпбеков ауылында бір ауысымда 30 адам қабылдайтын дәрігерлік амбулатория және Қарқара ауылында 30 адам қабылдайтын ФАП-тің, Кербұлақ ауданы Сарыөзек кентінде бір ауысымда 250 адам қабылдайтын емхананың, Көксу ауданы Ақшатоған және Енбекшіқазақ ауылындағы бір ауысымда 20 адам қабылдайтын ФАП-тің, Райымбек ауданының Қаратоған және Талас ауылдарында 15 адам қабылдайтын ФАП-тің, Райымбек ауданының Көмірші және Жаңатекес ауылдарында 10 адам қабылдайтын медициналық пунктін, Райымбек ауданының Нарынқол ауылында бір ауысымда 250 адам қабылдайтын емхананың құрылыс жұмыстарына, Талдықорған қаласындағы облыстық кардиологиялық орталықтың қолданыстағы ғимаратына екі қабатты қосымша құрылыс салуға, Талдықорған қаласындағы ШЖҚ МКК 300 төсектік

көпбейінді аурухананың қабылдау бөлмесі үшін қосымша құрылыс салуға және Талдықорған қаласында 25 төсек орындық стационары бар 150 адам қабылдайтын емхананың (ПД) құрылыстарына жұмсалған.

«Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру» функционалдық тобына арналған қаражат барлық шығыстардың **5,0 %** құраған, нақтыланған жоспар **31 123 594,0 мың теңге** құрап, игерілгені **32 119 156,4 мың теңге** немесе **100 %** құраған. 2019 жылмен салыстырғанда шығыстар **12 322 385,7 мың теңгеге** төмендеген.

«Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету» бойынша 516 орнымен 2 жалғыз басты қарттар мен мүгедектерге арналған арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығын ұстау үшін бөлінген **868 900,0 мың теңгесі** толығымен игерілген.

«Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету» бағдарламасы бойынша 1275 орынды 6 психоневрологиялық ауруларға арналған арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарын ұстау үшін **2 094 700,0 мың теңге** бөлінген, толығымен игерілген.

«Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету» бағдарламасы бойынша 207 орынды 3 оңалту орталығын ұстау үшін **348 100,0 мың теңге** бөлініп толығымен игерілген.

«Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету» бағдарламасы бойынша 190 орынды 2 психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығын ұстау үшін **663 508,0 мың теңге** бөлініп толығымен игерілген.

«Мүгедектерге әлеуметтік қолдау» бағдарламасына сәйкес «Республикалық бюджет қаражаты есебінен» кіші бағдарламасы бойынша 414 сурдо және 1263 тифло құралдары, 550 қол арбалар, 2 820 протездік-ортопедиялық бұйымдар 245 санаторлық-курорттық жолдамалар сатып алуға **445 909,0 мың теңге** жұмсалған.

«Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектердің және мүгедек балалардың санаторлық-курорттық емделуін қамтамасыз ету» кіші бағдарламасы бойынша жалпы аурулардан мүгедектерге 4943 санаторлық-курорттық жолдамалар сатып алуға **518 691,0 мың теңге** жұмсалған.

«Мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мүгедектердің техникалық көмекші (орын толтырушы) құралдарымен және (немесе) арнаулы жүріп-тұру құралдарымен қамтамасыз ету» кіші бағдарламасы бойынша бөлінген **427 399,0 мың теңге** қаражат толығымен игерілді. Бұл қаралған қаражатқа 1571 қол арбалар, 1146 сурдо және 1123 тифло құралдары сатып алынды.

«Мүгедектер мен ардагерлерді оңалту» кіші бағдарламасы бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, тыл еңбеккерлеріне 160 санаторлық-курорттық жолдамалар сатып алынып **13 145,0 мың теңге** жұмсалған.

«Протездеу, үйрету жөнінде медициналық қызметтер көрсету протездік-ортопедиялық құралдарымен және оларды пайдалануды қамтамасыз ету» кіші бағдарламасы бойынша 1486 протездік-ортопедиялық бұйымдар **156 704,0 мың теңгеге** сатып алынған.

Облыстың білім басқармасы бойынша 2 балалар үйлерін, 1 кәмелетке толмағандарды уақытша оқшалау, бейімдеу және оңалту орталығын ұстауға 718 508 мың теңге бөлініп толығымен игерілген.

Облыстың ішкі саясат басқармасы бойынша мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру бағдарламасы бойынша **29 502,0 мың теңге** жоспарланып, толығымен игерілген, оның ішінде: республикалық бюджеттен - **9 702,0 мың теңге**, жергілікті бюджеттен – **19 800,0 мың теңге**.

"Әлеуметтік қамтамасыз ету объектілерін салу және реконструкциялау" бағдарламасына **44 908,0 мың теңге** бөлініп толығымен игерілген. Бұл қаражат Талғар қаласының "Аяла" арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығына жапсаржайдың және Кеген ауданы Кеген ауылында оңалту орталығының құрылыс жұмыстарына жобалау сметалық құжаттама әзірлеуге жұмалған.

«Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық» функционалдық тобына арналған қаражат барлық шығыстардың **6,91 %** құраған, жоспар **39 771 315,0 мың теңге** болса, игерілгені **39 768 368,7 мың теңгені** немесе **100,0 %** құраған.

"Коммуналдық шаруашылығын дамыту" бағдарламасы бойынша **202 904,0 мың теңге** жоспарланып, 100% игерілген.

Бағдарлама арқылы Райымбек ауданы Нарынкөл ауылындағы «Азаматтарға арналған үкімет» ғимаратының құрлыс жұмыстары жасалынды. Сонымен қатар бағдарлама арқылы Талдықорған қаласының әкімшілік ғимаратының құрылысы" ЖСҚ әзірлеу (облыстық сот), сондай-ақ Текелі және Қапшағай қалаларында жастарға қызмет көрсету орталықтардың және 7 ауданда жастарға қызмет көрсету орталықтардың салудың үлгілік жобаларына жобалау сметалық құжаттарды әзірлеуге қаражат жұмсалды.

"Елді мекендерді газдандыру" бағдарламасы арқылы бөлінген **48 902,0 мың теңге** 100% орындалған. Жоспарлаған қаражат есебінен жерге орналастыру жұмыстарын дайындау және "Талдықорған қаласының газ тарату желілерін салу" жер учаскелеріне сәйкестендіру құжаттарын дайындау. IV кезек-20,21 ӨК және 3-АГТС Сарыөзек, Бақанас және Үштөбе.

"Ауыз сумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың аса маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауыз су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау" бағдарламасы бойынша облыстық бюджеттен **30 009,0 мың теңге** бөлініп, 100% игерілген.

«Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша облыстық бюджеттен 3 235,0 мың теңге бөлініп, 3 199,0 мың теңге игерілді немесе ол 98,9% құрады.

"Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу" бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен **201 277,0 мың теңге** жоспарланып, 198 998,0 мың теңгеге немесе 98,9% орындалды. Бағдарлама арқылы келесі жұмыстар атқарылды: Кеген және Райымбек аудандарына дейін жеткізуші газ құбырымен "Кеген" АГРС және жоғары қысымды газ құбырын салу, Алматы облысының оңтүстік-шығыс аумағын электрмен жабдықтау, Алакөл ауданы Үшарал қаласының, Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылындағы, Балқаш ауданы Бақанас ауылындағы, Талғар ауданының Ақтас, Ақдала және Жалғамыс ауылдарындағы газ тарату желілерінің құрылыс жұмыстарына ТЭН әзірлеуіне жұмсалған.

«Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік» функционалдық тобына арналған қаражат барлық шығыстардың **3,6 %** құраған, жоспары **23 394 755,0 мың теңге** болса, нақты орындалғаны **23 320 466,3 мың теңге** немесе **99,7 %-ға** орындалған.

«Мәдениет объектілерін дамыту» бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен жиынтық жоспармен **23 241,0 мың теңге** қаралып, **21 874,0 мың теңге** игерілді, немесе 94,1%-ға орындалды. Бөлінген қаражат Талдықорған қаласында драмтеатр құрылыс жұмыстарына және Райымбек ауданы Жамбыл, Сумбе ауылдарында ауылдық мәдениет үйінің құрылыстарына жобалау сметалық құжатама әзірлеуге жұмсалған.

«Дене шынықтыру және спорт объектілерін дамыту» бағдарламасы бойынша жергілікті бюджет есебінен **2 357 609,0 мың теңге** бөлініп, 100,0% орындалды. Жоспарланған қаражатқа Талдықорған қаласындағы жабық жүзу бассейніне инженерлік желілер салуға және дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылыстары жасалған.

Сонымен қатар бөлінген қаражат есебінен 8 нысанның жобалау сметалық құжаттамалар әзірленді, олар Енбекшіқазақ ауданы Шелек ауылында, Іле ауданы Байсерке ауылында, Қаратал ауданы Үштөбе қаласында және Текелі қаласында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылыс жұмыстарына, Сарқан ауданы, Сарқан қаласының және Талдықорған қаласында орталық стадионның құрылыс жұмыстарына, Талдықорған қаласында жабық жүзу бассейнінің құрылысына, Талдықорған қаласында халықаралық стандарттарға

сәйкес скаладром мен көркем гимнастикаға арналған спорт кешенін құрылысына жұмсалған.

«Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану» функционалдық тобына арналған қаражат барлық шығыстардың **1,4 %** құраған, **8 841 736,0 мың теңге** болса, нақты орындалғаны **8 824 552,9 мың теңге** немесе **99,8 %-ға** орындалған.

«Жылыту маусымын үздіксіз өткізу үшін отын сатып алуға энергия өндіруші ұйымдардың шығындарын субсидиялау» бағдарламасына облыс бюджетінен **3 559 202,0 мың теңге** жоспарланып, 100% игерілген. Бөлінген қаражатқа «Қапшағайжылу» МКК, Көксужылу» МКК, «Қарабұлақжылу» МКК, «Сарқанжылу» МКК, «Алакөлжылу» МКК, «Талдықорған жылыту орталығына» ЖШС, «Алатау ком сервис» АҚ, «Ақсу су құбыры» МКК, «Панфилов су құбыры» МКК газ, мазут және көмір сатып алуға жұмсалынды.

«Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бағдарламасына республикалық бюджеттен **110 904,0 мың теңге** бөлініп толығымен игерілген.

Бағдарлама арқылы Талдықорған қаласы арқылы газ тарату желілерінің құрылыстарына жұмсалды IV-кезек.

«Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бағдарламасына жергілікті бюджет есебінен **4 835 385,0 мың теңге** жоспарланып, бөлінген қаражат **4 818 211,0 мың теңгеге** немесе 99,6% игерілді. 17 200,0 мың теңге Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде Көксу ауданы Жамбыл ауылы мен Қаратал ауданы Қанабек ауылына газ тарату желілерін салу нысандары бойынша орындалған жұмыстардың актілері жоқтығынан және Жетіген ауылында газ тарату желілерінің құрылысына ЖСҚ әзірлеу туралы-мемлекеттік сараптаманың қорытындысы жоқтығынан игерілмей қалды.

Бағдарлама арқылы келесі жұмыстар атқарылды: Ескелді ауданы Қарабұлақ және Ақдала ауылындағы газ тарату желілерінің құрылысы, Көксу ауданының Мамбет, Жамбыл, Мұкры, Бесқайнар ауылындағы газ тарату желілері мен жеткізуші газ құбырын салу, Қаратал ауданы, Қанабек ауылындағы газ тарату желілері мен жеткізуші газ құбырын салуға жұмсалды.

Сонымен қатар бөлінген қаражат есебінен Балхаш ауданының 6 елді мекендерінің, Ескельды ауданының 3 ауылының, Жамбыл ауданының 3 ауылының, Қаратал ауданының 12 елді мекендерінің, Көксу ауданының 8 ауылының, Талғар ауданының 9 елді мекендерінің, Талдықорған қаласында 3 елді мекенге газ тарату желілерін орнатуға және Текелі қаласын газдандыру жұмыстарын атқару үшін жобалау - сметалық құжаттамалар әзірленді.

«Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары» функционалдық тобына арналған қаражат барлық шығыстардың **8,7 %** құраған, жоспары **56 710 677,9 мың теңге** болса, нақты жұмсалғаны **56 174 063,0 мың теңге** немесе ол **99,1%-ға** игерілген.

Ауыл шарышылығы саласы бойынша:

«Тұқым шаруашылығын қолдау» бағдарламасы бойынша **1 487 199,8 мың теңге** жоспарланып, 100,0%-ға орындалған.

«Ауыл шаруашылығы таурларын өндірушілерге су жеткізу бойынша көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау» бойынша **615 551,9 мың теңге** жоспарланып, 99,9% игерілген.

«Малды қолдан ұрықтандыратын, мал шаруашылығы өнімі мен шикізатын дайындайтын мемлекеттік пункттерді, ауыл шаруашылығы малын соятын аландарды, пестицидтерді, улы химикаттарды және олардың ыдыстарын арнайы сақтау орындарын ұстау және жөндеу» бағдарламасы бойынша **13 408,0 мың теңге** жоспарланып, 100% игерілген.

«Ауыл шаруашылық дақылдарының зиянды организмдеріне қарсы күрес жөніндегі іс- шаралар» бағдарламасы бойынша **144 932,1 мың теңге** жоспарланып 100% игерілген.

«Тұқымдық және көшет отырғызылатын материалдың сорттық және себу сапаларын анықтау» бағдарламасы бойынша **61 055,6 мың теңге** бөлініп, толығымен игерілген.

"Тракторларды, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен тетіктерін мемлекеттік есепке алуға және тіркеу" бағдарламасы бойынша бөлінген **34 028,0 мың теңге** толығымен игерілген.

«Тыңайтқыштар (органикалықтарды қоспағанда) құнын субсидиялау» бағдарламасы бойынша қаралған **1 913 808,0 мың теңге** 100%, игерілген.

«Инвестициялар салынған жағдайда агроөнеркәсіптік кешен субъектісі көтерген шығыстардың бөліктерін өтеу» республикалық бюджеттен берілетін трансферт есебінен **11 799 917,0 мың теңге** бөлініп 95,8%-ға игерілген. 499 405,2 мың теңге ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен бекітілген субсидиялау Ережелеріне сәйкес алушылардың құжаттары расталмағандықтан игерілмей қалған.

«Мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды субсидиялау» бағдарламасына жергілікті бюджеттен **16 638 455,0 мың теңге** бөлініп, толығымен 100% орындалған.

«Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау» бағдарламасына республикалық бюджеттен **5 259,7 мың теңге** бөлініп, толығымен игерілген.

«Ауыл шаруашылығы малын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау» бағдарламасына республикалық бюджеттен **2 659 999,6 мың теңге** жоспарланып, толығымен 100% игерілген.

«Мал шаруашылығы саласында терең қайта өңдеуден өткізілетін өнімдерді өндіру үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсайтын өңдеуші

кәсіпорындардың шығындарын субсидиялау» бағдарламасына 1 081 243,4 мың теңге жоспарланып, толығымен 100% орындалды.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру» бағдарламасына **29 578,0 мың теңге** бөлініп, толығымен игерілген.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микроқаржы ұйымдарының операциялық шығындарын субсидиялау» бағдарламасына облыстық бюджеттен **8 000,0 мың теңге** бөлініп толығымен игерілген.

Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасы бойынша бөлінген **25 041,0 мың теңге** бөлініп, 100% игерілген.

«Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу» бағдарламасы бойынша **39 725,9 мың теңге** бөлініп, 99,8% игерілген.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу» бағдарламасы бойынша бөлінген **3 300 000,0 мың теңге** толығымен игерілген.

«Жергілікті атқарушы органы резервінің қаражаты есебінен соттардың шешімдері бойынша жергілікті атқарушы органдардың міндеттемелерін орындау» бағдарламасы бойынша бөлінген **107 022,8 мың теңге** толығымен игерілген.

«Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту» бағдарламасы бойынша **2 619 731,0 мың теңге** бөлініп, 99,6% игерілді. Жоспарланған қаражатқа Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде Қаратал өзеніндегі Қаратал бөгетін, Көксу өзеніндегі Көксу бөгетін, Үсек өзеніндегі бөгеттік гидроторапты қайта жаңарту, Райымбек ауданы Сарыжаз а/о Қабанды тоғанында тасқын және еріген суларды жинау үшін бөгетті қайта жаңартуға және Талдықорған қаласындағы суару жүйелерін қайта құруға жұмсалған.

Сонымен қатар 13 нысанның жобалау сметалық құжаттама әзірленді, олар Ақсу ауданының Қызылағаш суару алқабын салу жұмыстарына, Талғар, Іле, Қаратал, Балхаш, Жамбыл, Сарқан және Райымбек аудандарының суару желілерін қайта жаңарту, Райымбек ауданы Шалкөде а/о Шибут, Қабанды Сарыжазского а/о, Ауыл, Белбулак, Узын булак Узак Батырского а/о және Кеген ауданының Жылысай а/о жайылымдарын суландыру үшін құбыры бар 35 құдық пен Ұзынбұлақ а/о Ұзынбұлақ тоғанында тасқын және еріген суларды жинау үшін бөгетті қайта жаңарту жұмыстарына.

«Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру» бағдарламасы бойынша бөлінген **99 951,0 мың теңге** 100 % игерілген.

«Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу» бағдарламасы бойынша бөлінген **69 045,0 мың теңге** толығымен игерілген.

«Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу» бағдарламасы бойынша бөлінген **244 600,0 мың теңге** бөлініп толығымен игерілген.

«Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу» бағдарламасы бойынша бөлінген **3 058 837,0 мың теңге** бөлініп 100% игерілген.

«Ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша бөлінген **21 161,0 мың теңге** бөлініп 100% игерілген.

«Уақытша сақтау пунктына ветеринариялық препараттарды тасымалдау бойынша қызметтер» бағдарламасы бойынша бөлінген **8 966,0 мың теңге** толығымен игерілген.

Су шарышылығы саласы бойынша:

«Су қорғау аймақтары мен су объектілері белдеулерін белгілеу» бағдарламасы бойынша бөлінген **18 241,0 мың теңге** бөлініп 100% игерілген.

«Ерекше авариялы су шаруашылығы құрылыстары мен гидромелиорациялық жүйелерді қалпына келтіру» бағдарламасы бойынша бөлінген **1 769 150,0 мың теңге қарастырылып** 98,6%-ға игерілген. **Қалған қаражат** орындалған жұмыстардың актілері жоқтығынан байланысты игерілмеген.

Орман шарышылығы саласы бойынша:

«Ормандарды сақтау, қорғау, молайту және орман өсіру» бағдарламасы бойынша бөлінген **1 779 204,0 мың теңге** қарастырылып 100% игерілген.

«Жануарлар дүниесін қорғау» бағдарламасы бойынша бөлінген **50 731,0 мың теңге** қарастырылып 100% игерілген.

Балық шарышылығы саласы бойынша:

«Тауарлық балық өсіру өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау» бағдарламасы бойынша бөлінген **36 713,0 мың теңге** қарастырылып 100% игерілген.

Қоршаған ортаны қорғау саласы бойынша:

«Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шаралар» бағдарламасы бойынша бөлінген **657 267,0 мың теңге** қарастырылып 100% игерілген.

«Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту» бағдарламасы бойынша бөлінген **84 893,0 мың теңге** қарастырылып 100% игерілген.

«Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бағдарламасы бойынша бөлінген **212 616,0 мың теңге** қарастырылып 100% игерілген.

«Қоршаған ортаны қорғау объектілерін дамыту» бағдарламасы бойынша бөлінген 3 353,0 мың теңге қарастырылып 87,4% игерілген.

Жер қатынастары саласы бойынша:

«Жер қатынастарын реттеу» бағдарламасы бойынша бөлінген 30 000,0 мың теңге қарастырылып толығымен игерілген.

«Азық-түлік тауарларының өңірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру» бағдарламасы бойынша бөлінген 700 000,0 мың теңге қарастырылып толығымен игерілген.

Өнеркәсіп, саулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі функционалдық тобына арналған жоспары 3 221 610,0 мың теңге қарастырылып 100,0% игерілген.

- «Қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу» бағдарламасына жоспарланған **668 378,0 мың теңге** қарастырылып 100% игерілген.

Көлік және коммуникация функционалдық тобына арналған қаражат барлық шығыстардың **4,8 %** құраған, жоспары **31 161 560,2 мың теңге** болса, нақты орындалғаны **31 157 892,9 мың теңгеге** немесе **100,0%** пайызға орындалған.

«Көлік инфрақұрылымын дамыту» бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен мемлекеттік бағдарлама шеңберінде республикалық бюджеттен **3 719 768,0 мың теңге** бөлініп толығымен игерілген. Аталған қаражат келесі нысандарға жұмсалды: «Алматы-Өскемен-Лепсі-Ақтоғай» автомобиль жолының 0-110 км жаңартуына, Ескельды ауданындағы "Сарыөзек-Қорғас-Қоғалы-Көксу-Қарабұлақ" автомобиль жолының 94-122 км қайта жаңартуына, Сарқан ауданының "Лепсі-Балқаш көлі" а/ж реконструкциялау, 0-27км жаңартуына жұмсалған.

«Көлік инфрақұрылымын дамыту» бағдарламасына жергілікті бюджеттен **3 202 610,0 мың теңге** қарастырылып 100 % игерілген.

"Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу" бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен мемлекеттік бағдарлама шеңберінде **6 289 193,0 мың теңге** жоспарланып толығымен игерілген.

"Облыстық автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу" бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен **7 439 565,0 мың теңге** жоспарланып 100,0 % игерілген.

«Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен **6 203 188,0 мың теңге** жоспарланып толығымен игерілген.

"Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша тұрақты ішкі әуетасымалдарды субсидиялау" жергілікті бюджеттен **817 715,0 мың теңге** қаралып толығымен игерілген.

"Әлеуметтік маңызы бар ауданаралық қатынастар бойынша жолаушылар тасымалын субсидиялау" бағдарламасына жергілікті бюджеттен **85 000,0 мың теңге** қаралып толығымен игерілген.

«Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен **115 611,2 мың теңге** жоспарланып толығымен игерілген.

«Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу» бағдарламасына жергілікті бюджеттен **1 002,0 мың теңге** бөлініп **85,9%** игерілген.

«**Басқалар**» функционалдық тобына арналған қаражат барлық шығыстардың **2,7%** құраған, жоспар **17 461 816,7 мың теңге** болса, нақты орындалғаны **17 318 692,9 мың теңге** немесе **99,2 %** игерілген.

«Ауыл -Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыру» бағдарламасына **1 222 983,0 мың теңге** бөлініп, **99,9%** игерілген. Қабанбай аудандық және Ескелді аудандық орталық ауруханаларына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілген.

«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту бағдарламасына республикалық бюджеттен **1 474 457,0 мың теңге**, бөлініп **100%** игерілген. Бөлінген қаражатқа келесі жұмыстар атқарылды: Алакөл ауданының Достық ауылындағы, Балқаш ауданы Бақанас ауылындағы, Ескелді ауданы Қарабұлақ кентіндегі, Көксу ауданы Балпық би кентіндегі, Ұйғыр ауданы Шонжы ауылындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысына жұмсалған.

«Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту бағдарламасына жергілікті бюджеттен **645 161,0 мың теңге**, бөлініп **100%** игерілді.

«Бизнестің жол картасы бизнесті қолдау және дамыту мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау» бағдарламасына **72 000,0 мың теңге** толығымен игерілген.

«Кәсіпкерлік қызметті қолдау» бағдарламасына жергілікті бюджет есебінен **375 000,0 мың теңге** бөлініп толығымен игерілген.

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде кредиттер бойынша пайыздық ставканы субсидиялау» Мемлекеттік бағдарлама арқылы **2 365 725,0 мың теңге** қарастырылып толығымен игерілген.

«Бизнестің жол картасы-2020 бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта бизнеске кредиттерді ішінара

кепілдендіру» бағдарлама арқылы жергілікті бюджеттен **1 106 899,0 мың теңге** бөлініп толығымен игерілген.

«Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде микрокредиттерді ішінара кепілдендіру» бағдарлама арқылы жергілікті бюджеттен **40 000,0 мың теңге** қарастырылып толығымен игерілген.

«Бизнестің жол картасы - 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде ағымдағы іс-шараларды іске асыру» жергілікті бюджет қаражат есебінен **14 903,0 мың теңге қарастырылып 100%-игерілген.**

«Бизнестің жол картасы - 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту» бағдарламасына инвестиция жобаларың іске асыруға республикалық бюджеттен **2 152 857,0 мың теңге** қарастырылып 100% игерілген.

Бөлінген қаражатқа келесі жұмыстар атқарылды: Еңбекшіқазақ ауданы, Қырбалтабай ауылдық округі мекен-жайы бойынша орналасқан соя өндіретін кәсіпорынды тұрақты электрмен жабдықтау "Жетісу Соя" ЖШС, Панфилов ауданы, Пиджим ауылы, (Құрғақ порт) мекенжайындағы "ФЕНИКС ФИД МИЛЛС" ЖШС құрама жем зауыты мен элеваторын электрмен жабдықтау, Сарқан қаласы Майлин көшесі №23 мекенжайында орналасқан" Сарқан-Май "ЖШС электрмен жабдықтау желілерін салу, Талғар ауданындағы индустриялық аймақ үшін инженерлік-көліктік инфрақұрылым құрылысы. Сыртқы кәріз және электрмен жабдықтау, "Медициналық мақсаттағы бұйымдарды өндіру бойынша өндірістік ғимарат салу. Инженерлік желілер. Орналасқан жері: Қапшағай қаласы. ЖШС "Кумсуат Фарм" және Іле ауданы Іле станциясындағы" тамақ өнімдерін өндіру зауытына" кірме темір жол құрылысына жұмсалған.

«Бизнестің жол картасы - 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде индустриялық инфрақұрылымды дамыту» бағдарламасына инвестиция жобаларын іске асыруға жергілікті бюджеттен **1 742 479,0 мың теңге қарастырылып 94,0%** орындалған. 104 849,7 мың теңге: объектілерді пайдалануға қабылдау актілері жоқтығынан игерілмей қалған.

«Бизнестің жол картасы-2025» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру" бағдарламасына республикалық бюджеттен **50 000,0 мың теңге**, жергілікті бюджеттен **100 000,0 мың теңге** бөлініп толығымен игерілген.

«Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары» бағдарламасына жергілікті бюджеттен **7 604,0 мың теңге**, бөлініп 100% игерілген.

«Жергілікті атқарушы органның шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен іс-шаралар өткізу» бағдарламасына жергілікті бюджеттен 6 711,0 мың теңге, бөлініп 100% игерілген.

«Бюджеттік инвестициялық жобалардың техникалық-экономикалық негіздемелерін және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың, оның ішінде концессиялық жобалардың конкурстық құжаттамаларын әзірлеу немесе түзету, сондай-ақ қажетті сараптамаларын жүргізу, мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларды, оның ішінде концессиялық жобаларды консультациялық сүйемелдеу» бағдарламасына жергілікті бюджеттен **99 302,0 мың теңге**, бөлініп 100% игерілген.

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің шұғыл шығындарға арналған резервінің есебінен ағымды іс-шаралар өткізу» бағдарламасына жергілікті бюджеттен **1 000 000,0 мың теңге**, бөлініп толығымен игерілген.

Әлеуметтік салалар бойынша мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалардың мемлекеттік міндеттемелерді орындауына **4 787 033,4 мың теңге** бөлініп, 100% игерілді, оның ішінде:

Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы бойынша «Қарасай ауданының Шамалған ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы және пайдалану», «Текелі қаласында «Батыр» спорт кешенін жалға алу», «Алакөл ауданының Ұшарал қаласындағы "Тарлан" дене шынықтыру-сауықтыру кешеніне сервистік қызмет көрсету», Талдықорған қаласында жабық жүзу бассейнін салу және пайдалану, Алматы облысы Қарасай ауданы Райымбек ауылдық округі аумағында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салу және пайдалану МЖӘ жобаларына **1 197 116,4 мың теңге** қарастырылып 100,0% игерілген;

Облыстың білім басқармасы бойынша «Талдықорған қаласындағы 320 орындық "Алтын бесік" бала бақшасын пайдалану», «Қарасай ауданы Қаскелең қаласындағы 150 орындық бала бақша құрылысы», «Қарасай ауданы Қырғаулды ауылындағы Қарасай ауданының мектепке дейінгі қызмет көрсету - бала бақшаның - жеке меншік нысанның жөндеуі және пайдалану», «Алматы облысы Қаратал ауданы Қожбан ауылындағы 20 орынды бастауыш мектебінің құрылысы және пайдалануы», Қарасай ауданы Әйтей ауылында 1200 орындық мектеп салу және пайдалану МЖӘ жобаларына **1 503 104,0 мың теңге** қарастырылып, 100,0% игерілген;

- Облыстың денсаулық сақтау басқармасы бойынша «Алматы облысындағы медициналық информациялық жүйелері кешендерін енгізу және ұйымдастыру», «Алакөл ауданы Ұшарал қаласындағы "Алакөл орталық аудандық ауруханасы", ШЖҚ МКК компьютерлік томография бөлімінің компьютерлік томографпен қамту және тиімді диагностикалық процессін ұйымдастыру» МЖӘ жобаларына **807 464,0 мың теңге** қарастырылып, 100,0% игерілген;

- Облыстың энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы бойынша «Балқаш ауданы Бақанас ауылындағы газ тарату

желілерінің, Талғар ауданы Ақдала ауылындағы су құбыры желілерінің, Ақтас және Жалғамыс ауылдарындағы газ тарату желілерінің, Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылындағы газ тарату желілерінің құрылыстары» МЖӘ жобаларына **799 616,0 мың теңге қарастырылып толығымен игерілген;**


- Облыстың құрылыс басқармасы бойынша «: Қарасай ауданы Райымбек ауылдық округінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуға, Райымбек ауданы Нарынқол ауылындағы прокуратураның ескі ғимаратын, ауылдық әкімдік ғимаратын, әкімшілік ғимаратын қайта жаңартуға және Талдықорған қаласында жабық жүзу бассейнін салу» МЖӘ жобаларына **421 865,0 мың теңге** қарастырылып 100,0% игерілген;

- Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бойынша «Талғар ауданындағы мүгедек балалардың күндізгі орталығын құру және пайдалану» МЖӘ жобасына **57 868,0 мың теңге** қарастырылып, 100,0% игерілген.

2.3.2. Бюджеттік кредиттердің пайдаланылуын талдау

Жалпы 2020 жылға бюджеттік кредиттер тарту жоспар бойынша 11 125 491,0 мың теңге мөлшерінде жоспарланған, есепті қаржы жылына нақтыланғаны 67 766 275,0 мың теңге нақты тартылғаны 67 607 980,0 мың теңге құраған.

Тартылған бюджеттік кредиттердің функционалдық топтар бойынша құрылымы келесідей:



Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру функционалдық тобы бойынша келісі басқармалар арқылы жұмсалған:

- Алматы облысының білім басқармасы арқылы Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру бағдарламасы аясында ағымдағы сипаттағы білім беру объектілеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында 2 241 110,0 мың теңге тартылып жұмсалған, аталған факті сала бойынша жасалған шығындардың қысқа мерзімді экономикалық әсер беретінін айқындайды;

- Алматы облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы арқылы Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру бағдарламасы аясында жалпы сомасы 18 797 341,0 мың теңге қарастырылған, оның ағымдағы сипаттағы шығындары 18 176 250,0 мың теңге, күрделі шығыстары 621 091,0 мың теңгені құраған, аталған факті сала бойынша

жасалған шығындардың қысқа мерзімді экономикалық әсер беретінін айқындайды;

- Алматы облысының құрылыс басқармасы арқылы Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру бағдарламасы аясында күрделі шығыстарға 235 074,0 мың теңгені құраған;

- Алматы облысының мәдениет, архивтар және құжаттама басқармасы арқылы Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру бағдарламасы аясында ағымдағы сипаттағы мәдениет объектілеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында 32 769,0 мың теңге тартылып жұмсалған, аталған факті сала бойынша жасалған шығындардың қысқа мерзімді экономикалық әсер беретінін айқындайды;

- Алматы облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы арқылы Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру бағдарламасы аясында жалпы сомасы 27 678 848,0 мың теңге қарастырылған, оның ағымдағы сипаттағы шығындары 11 470 789,0 мың теңге, күрделі шығыстары 16 208 059 мың теңгені құраған;

- Алматы облысының энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы Бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау ретінде тұрғын үй сертификаттарын беру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерге кредит беру бағдарламасы аясында 50 199,0 мың теңге тартылып игерілген;

- Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы арқылы Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерге кредит беру бағдарламасы аясында ағымдағы сипаттағы спорт объектілеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында 162 943,0 мың теңге тартылып жұмсалған, аталған факті сала бойынша жасалған шығындардың қысқа мерзімді экономикалық әсер беретінін айқындайды.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық функционалдық тобы бойынша келісі басқарма арқылы жұмсалған:

Облыстық құрылыс басқармасы арқылы «Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне тұрғын үй жобалауға және салуға кредит беру» бағдарламасы бойынша **9 111 550,0** мың теңге тартылып тұрғын үйлер мен тұрғын үй құрылысын жүргізуге және тұрғын үй құрылысын жүргізуге қажетті жобалық сметалық құжаттамалар әзірлеуге жұмсалған.

Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары функционалдық тобы бойынша келісі басқармалар арқылы жұмсалған:

- Облыстық ауылшаруашылығы басқармасы арқылы «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу үшін бюджеттік кредиттер беру» бағдарламасы бойынша **4 552 068,0** мың теңге тартылып арнайы кредиттік ұйымдарға кәсіпкерлікті дамытуға кредиттер беруге жұмсалған. *Оның ішінде республикалық бюджеттен 4 138 244,0 мың теңге, жергілікті бюджеттен 413 824,0 мың теңге.*

- Облыстық ауылшаруашылығы басқармасы арқылы «Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы басқа да қызметтер» бағдарламасы бойынша **4 006 861,0** мың теңге тартылып арнайы кредиттік ұйымдарға кәсіпкерлікті дамытуға кредиттер беруге жұмсалған.

- Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы арқылы, «Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілетін бюджеттік кредиттер» бағдарламасы арқылы **2 706 861,0** мың теңге бөлініп облыс көлеміндегі аудандардың ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға баспана алу мақсаттарына жұмсалған. *Оның ішінде республикалық бюджеттен 2 559 248,0 мың теңге, жергілікті бюджеттен 147 613,0 мың теңге.*

- Облыстық кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы арқылы «Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бағаларды тұрақтандыру тетіктерін іске асыру үшін мамандандырылған ұйымдарға кредит беру» бағдарламасы бойынша **1 300 000,0** мың теңге тартылып COVID-19 пандемиясы кезінде әлеуметтік маңызы бар тауарлардың бағасын тұрақтандыруға жұмсалған.

Басқалар функционалдық тобы бойынша келісі басқармалар арқылы жұмсалған:

- Облыстық кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы арқылы «Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыруға «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-ға кредит беру» бағдарламасы бойынша **500 000,0** мың теңге тартылып жұмсалған.

- Облыстық кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы арқылы «Моноқалаларда, кіші қалаларда және ауылдық елді мекендерде кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесуге кредит беру» бағдарламасы бойынша **239 217,0** мың теңге тартылып жұмсалған. *Оның ішінде республикалық бюджеттен 200 000,0 мың теңге, жергілікті бюджеттен 39 217,0 мың теңге.*

2.3.3. Қаржы активтерін сатып алуға жұмсалған шығындарды талдау

2020 жылы қаржылық активтерді сатып алуға жоспары 1 213 835,0 мың теңге мөлшерінде бекітілген, нақтыланғаны 2 487 644,0 мың теңге, түзетілгені 2 487 644,0 мың теңгені құраған, нақты жұмсалғаны 2 487 644,0 мың теңге немесе 100,0 % құраған.

Қаржылық активтерді сатып алу 3 облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілері арқылы жүзеге асырылған. Олар:

- Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы арқылы «Жетісу» Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамының жергілікті бюджет қаражаты есебінен жалпы сомасы 1 273 809,0 мың теңгеге жарғылық капиталы ұлғайтқан, оның 500 000,0 мың теңгесі Райымбек ауданында картоп өнеркәсібінің сервистік-әзірлеу орталығын құру және ұйымдастыруға, 773 809,0 мың теңгесі пандемия кезінде дәрі-дәрмек сатып алу мақсаттарына жұмсалған;

- Алматы облысының құрылыс басқармасы арқылы «*Gate City 1-кезеңі бойынша газбен жабдықтау желілерін салу. 2-ші кезек*» мақсатына республикалық трансферттер есебінен 713 835,0 мың теңгеге жарғылық капиталы ұлғайтқан;

- Алматы облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы арқылы "ЖетісуОблГаз" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жергілікті бюджет қаражаты есебінен 500 000,0 мың теңгеге жарғылық капиталын ұлғайтқан.

Қаржылық активтерді сатып алуға өткен жылмен салыстырғанда 1 281 601,0 мың теңгеге, ал 2018 жылмен салыстырғанда 2 885 185,0 мың теңгеге кеміген.

2.3.4. Дебиторлық және кредиторлық берешектерді талдау

2021 жылдың 1 қаңтарына облыстық бюджеттің дебиторлық қарыздары 1 190 887,3 мың теңгеге немесе 5 есе ұлғайып 20 бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша 1 389 879,3 мың теңгені құраған, оның ішінде:

- **Өткен жылдардан жалғасып келе жатқан дебиторлық қарыз 198 992,0 мың теңгені құраған (барлық дебиторлық қарыздардың 14,3%) олар:**

- * Облыс әкімінің аппараты бойынша 3 240,0 мың теңге (*көлік құралдарын сатып алу ерекшелігі бойынша*);

- * Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы бойынша 2 914,3 мың теңге (*Үй-жайларды, ғимараттарды, құрылыстарды, беру құрылғыларын күрделі жөндеу ерекшелігі бойынша*);

- * Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы бойынша 124 641,9 мың теңге (*122 899,4 мың теңге Өзге де қорларды сатып алу ерекшелігі бойынша, 1 742,5 мың теңге Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу ерекшелігі бойынша*);

* Облыстың құрылыс басқармасы бойынша 2 506,8 мың теңге (*Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау ерекшелігі бойынша*);

* Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы бойынша 5047,6 мың теңге (*Отын, жанар-жағармай материалдарын сатып алу ерекшелігі бойынша*);

* Облыстың білім басқармасы бойынша 40 246,7 мың теңге (*39 695,7 мың теңге Отын, жанар-жағармай материалдарын сатып алу, 551,0 мың теңге Машиналар, жабдықтар, өндірістік және шаруашылық мүккамал құралдарын сатып алу ерекшелігі бойынша*);

* Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бойынша 4 398,8 мың теңге (*4 305,9 мың теңге Отын, жанар-жағармай материалдарын сатып алу, 93,0 мың теңге Өзге де ағымдағы шығындар ерекшелігі бойынша*);

* Облыстың туризм басқармасы бойынша 35,7 мың теңге (*8,3 мың теңге Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу, 27,4 мың теңгесі Оплата байланыс қызметі ерекшелігі бойынша*);

* Облыстың жастар саясаты мәселелері бойынша басқармасы бойынша 1 360,3 мың теңге (*1 339,8 мың теңгесі Еңбекке ақы төлеу, 20,5 мың теңгесі Машиналарды, жабдықтарды, өндірістік және шаруашылық құрал-саймандарды сатып алу ерекшелігі бойынша*);

* Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бойынша 1 400,0 мың теңге (*Көлік құралдарын сатып алу ерекшелігі бойынша*);

* Облыстың мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасы бойынша 1 430,4 мың теңге (*Отын, жанар-жағармай материалдарын сатып алу ерекшелігі бойынша*);

* Облыстың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша 11 769,5 мың теңге (*1 032,3 мың теңге жолдардың құрылысы, 10 737,2 мың теңге Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу ерекшелігі бойынша*);

- 2020 жылы қалыптасқан дебиторлық қарыздар 1 190 887,3 мың теңгені құраған (барлық дебиторлық қарыздардың 85,7%) олар:


* 2020 жылыда 2019 жылғы сияқты қалыптасқан ең үлкен дебиторлық берешек облыстық құрылыс басқармасы бойынша қалыптасқан ол 892 973,5 мың теңге немесе 2020 жылы қалыптасқан берешектің 75,0%, Халықты, объектілерді және аумақтарды табиғи және дүлей зілзалалардан қорғау бойынша инженерлік қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге және «Ауыл-Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту бағдарламалары бойынша, Жаңа объектілерді салу және қолдағы объектілерді реконструкциялау ерекшелігі бойынша қалыптасқан.

* Облыстың энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы бойынша Газ тасымалдау жүйесін дамыту бағдарламасы, жаңа объектілер салу және қолда бар объектілерді реконструкциялау ерекшелігі бойынша 196 109,5 мың теңге немесе 2020 жылы қалыптасқан берешектің 16,5%;

* Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы бойынша Облыс аумағында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер бағдарламасы, еңбек ақы төлеу, Қосымша ақшалай төлемдер, Өтемақы төлемдері, Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу, Байланыс қызметтерін төлеу, Ел ішіндегі іссапарлар мен қызметтік сапарлар және Жеке тұлғаларға трансферттер ерекшеліктері бойынша 89 136,4 мың теңге немесе 2020 жылы қалыптасқан берешектің 7,5%.

2020 жылы қалыптасқан қалған 11 879,6 мың теңге дебиторлық қарыздар келесідей суреттеледі:

(млн.тг,%)



2020 жылы қалыптасқан дебиторлық қарыздардың бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша:

- * Облыс әкімінің аппараты бойынша 850,4 мың теңге;
- * Облыстық денсаулық сақтау басқармасы бойынша 1 423,8 мың теңге;
- * Облыстық білім басқармасы бойынша 49,6 мың теңге;
- * Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бойынша 7 046,1 мың теңге;
- * Облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы бойынша 161,4 мың теңге;

- * Облыстық еңбек инспекциясы басқармасы 201,6 мың теңге;
- * Облыстық тілдерді дамыту басқармасы бойынша 188,9 мың теңге;
- * Облыстық цифрлық технологиялар басқармасы бойынша 268,8 мың теңге;
- * Облыстық жастар саясаты мәселелері бойынша басқармасы бойынша 1 268,2 мың теңге;
- * Облыстық ветеринария басқармасы бойынша 38,1 мың теңге;
- * Облыстың жердің пайдаланылуы мен қорғалуын бақылау басқармасы басқармасы 246,7 мың теңге;
- * Облыстық сәулет құрылыс бақылау басқармасы бойынша 11,4 мың теңге;
- * Облыстық Облыстың кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы 124,6 мың теңге;

2021 жылдың 1 қаңтарына облыстық бюджеттің кредиторлық қарыздары 610 569,2 мың теңгеге ұлғайып 626 657,7 мың теңгені құраған, оның ішінде:

- * Қаржыландыру жоспары бойынша қаражаттардың жетпеу себебінен 504 195,2 мың теңге;
- * Тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) жеткізу бойынша өнім берушілердің шарттық міндеттемелерді орындамауына байланысты 14 742,2 мың теңге (*қаржылық операциялар жабылған*);
- * Салыстыру актілері бойынша анықталған сома 7 474,6 мың теңге;
- * Растайтын құжаттардың кеш берілу себебінен 3 513,3 мың теңге (*қаржылық операциялар жабылған*);

Төленуі тиіс мерзімі жетпеген міндеттемелер бойынша 92 656,4 мың теңге, оның; 70,2 мың теңгесі құрылыс және реконструкциялау бойынша ұсталып қалған 5% резерв;

Басқада кредиторлық қарыздар 4 076,0 мың теңге.

ІІІ БӨЛІМ. БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН БАҒАЛАУ

3.1. 2016 - 2020 жылдарға арналған Аумақтарды дамыту бағдарламасының 2020 жылғы іске асырылуын бағалау

Алматы облысының 2016 - 2020 жылдарға арналған даму бағдарламасы облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 14 желтоқсандағы № 51-288 шешімімен қабылданған, 2020 жылғы арналған өзгерістер облыстық мәслихаттың 2020 жылғы 21 қазандағы №62-328 шешімімен жаңа редакцияда бекітілген.

Бағдарламада 11 мақсатқа және 48 нысаналы индикаторларға қол жеткізу көзделген, оның ішінде 40 - Ұлттық экономика министрінің бұйрығымен бекітілген (*19.12.18 ж. №104*) базалық көрсеткіштер тізбесіне сәйкес.

Алматы облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының ұсынылған тиісті есептеріне сәйкес 11 мақсат пен 48 нысаналы

индикаторға қол жеткізу мақсатында 148 іс-шара жоспарланып жалпы сомасы 476 611 258,0 мың теңге қарастырылған (*Республикалық бюджеттен 109 187 203,0 мың теңге (22,9%), жергілікті бюджеттен 142 250 453,0 мың теңге (29,8%), басқа көздерден 225 173 602,0 мың теңге (47,2%)*)

2021 жылы бағалау жүргізу мерзіміне 48 нысаналы индикатордың 15 немесе 31,2% индикаторы бойынша ресми статистикалық деректерді ұсыну уақыты жетпеген. Аумақты дамыту бағдарламасын іске асыру туралы есепті қалыптастыру кезінде бірқатар нысаналы индикаторлар бойынша қажетті статистикалық деректердің болмауы сапалы мониторинг жүргізуді және бағдарламаның мақсаттарына қол жеткізуді объективті бағалауды қамтамасыз етпейді

Нысаналы индикатор бойынша бірқатар жоспарлы көрсеткіштер олардың базалық мәндерімен салыстырғанда төмендетілген, атап айтқанда: Экономика бағыты, Экономиканың сапалы және тұрақты өсуін қамтамасыз ету 1 мақсат. «Жалпы өңірлік өнімнің нақты көлем индексі» базалық 104,1%, жоспар 101,1%, 3 мақсат. АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау, «Ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялардың НКИ» базалық 113,0%, жоспар 100,0%,

Индикаторларға қол жеткізбеудің байқалатын серпіні облыс экономикасын дамытудың жекелеген факторларын ескермей, оларға қол жеткізбеу тәуекелін жасай отырып, индикаторларды болжау сапасыз жүргізілетіндігі туралы куәландырады.

Осылайша 2020 жылға жоспарланған 48 нысаналы индикатордың 5 нақты қол жеткізілмеген ал 1 алдын ала мәлімет бойынша қол жеткізілмейтіні бүгінгі күнге анық.

Олар салалар бойынша:

Экономика:

Мақсат: *Өнеркәсіптің тұрақты дамуын қамтамасыз ету және инвестициялар тарту. Жауапты: Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы*

- 2016 жылғы қарай негізгі капиталға инвестициялар жоспар 110,3% нақты орындалғаны 108,3%, орындалмау себебі; *Коронавирустық инфекцияның пандемиясына және шекаралардың жабылуына байланысты СТК Sokol" ЖШС (жобаның құны 74 000 000,0 мың теңге), "Шин Лайн" ЖШС (40 300 000,0 мың теңге), "Прима Кус" ЖШС (15 000 000,0 мың теңге) сияқты ірі инвестициялық жобаларды іске асыру және іске қосу мерзімдері ауыстырылған. Сондай-ақ, "Қорғас ШЫХО" және "Қорғас-Шығыс қақпасы" АЭА аумағында жобаларды іске асыру тоқтатылған*

Мақсат: *АӨК субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау Жауапты: Ауыл шаруашылығы басқармасы, аудандар мен қала әкімдері*

- *Тамақ өнімдері өндірісінің негізгі капиталына инвестициялардың НКИ жоспар 110,0% нақты орындалғаны 96,3%, орындалмау себебі; 2020 жылдан*

бастап 2021 жылға ауысуына байланысты: қуаттылығы сағатына 200 литр шырын өндіру цехының "Rich Garden" ЖШС, жобаның құны 450 000 мың теңге (Еңбекшіқазақ ауданы), "EURASIAN GREEN PRODUCT" ЖШС, ауданы 5 га жылыжай құрылысы, жобаның құны 200 000,0 мың теңге. (Қарасай ауданы), "Rich Valery" ЖШС ауданы 2 га жылыжай салу, жобаның құны 650 000,0 мың теңге (Қарасай ауданы), "Алакөл Flesh" ЖШС 1500 басқа арналған бордақылау алаңын құру, жобаның құны 291 400,0 мың теңге (Алакөл ауданы).

Әлеуметтік сала:

Мақсат: *Білім берудің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету, балалардың заңды мүдделерін қорғау және қорғау жүйесінің тиімділігін арттыру, Жауапты: Алматы облысының білім басқармасы*

- Жұмыс істейтін авариялық және үш ауысымды мектептердің санын жоспар бойынша 1/48 төмендету, нақты орындалғаны 1/49 болған, орындалмау себебі; 2020 жылдың 1 қаңтарына 38 үш ауысымды мектеп болды, оның ішінде құрылыс есебінен 3 мектеп (Жамбыл ауданы Жайсаң, Іле ауданы Түймебаев ауылы және Қарасай ауданы Шамалған станциясы) таратылды. 1 қыркүйектегі жағдай бойынша 13 жаңа мектеп анықталды, нәтижесінде олардың саны жоспарда көрсетілгендей 48 бірлікке жетті. Алайда, 2020 жылдың қараша айында Жамбыл ауданының Жайсаң ауылында қосымша құрылыс енгізілді, оны 2021 жылға енгізу жоспарланған болатын. Сонымен қатар, 2020 жылдың желтоқсан айында тағы 2 мектеп үш ауысымды болды - Еңбекшіқазақ ауданы Есік қаласындағы Абылайхан атындағы ОМ және Жамбыл ауданы Ұзынағаш ауылындағы Бердіғұлов атындағы ОМ. Нәтижесінде үш ауысымды мектептер саны 49 бірлікке жетті.

- Балаларды (3-6 жас) мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту жоспар бойынша 98,9% нақты орындалғаны 98,0%, орындалмау себебі; 2020 жылы 18482 орын жоспарланған, 7122 орын немесе 38,5% ашылды. Пандемияға байланысты жоспарланған жеке балабақшалар ашылмады.

Мақсат: *Халықтың денсаулығын жақсарту, Жауапты; Алматы облысының денсаулық сақтау басқармасы*

- Ана өлімін 100 мың тірі туылғандарға шаққанда жағдайлар санын 22,30 қалпында ұстау, алдын ала мәліметтерге сәйкес 28,80-ді құраған, орындалмауы; Облыста ана өлімінің он төрт жағдайы тіркелді, оның ішінде 10 жағдайда COVID-19 вирусы өлімнің себебі болып табылды.

Мақсат: *Қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, Жауапты; Алматы облысының Ішкі істер департаменті*

- Көшелерде жасалған қылмыстардың үлес салмағын 12,1% төмендету жоспарланған, жылдың құрытындысы бойынша 13,7% құраған, орындалмау себебі; Көшелерде жасалған қылмыстар саны өткен жылмен салыстырғанда 34% - га (2016-дан 2017-ға дейін) азайды. Бұл ретте, карантиндік іс-шаралардың енгізілуіне байланысты қылмыстардың жалпы санының пайызы

да төмендеп, 2019 жылғы деңгейге қарағанда 36,3% - ды құрады (2019ж.-22652; 2020ж.-14426).

2020 жылыда өткен жылдағы сияқты 6 нысаналы индикаторға қол жеткізілмеген оның ішінде 5 нысаналы индикаторға 2019-2020 жылдары немесе 2 жыл қатар қол жеткізілмеген, олар:

1. Негізгі капиталға инвестициялар;
2. Тамақ өнімдері өндірісінің негізгі капиталына инвестициялар;
3. Балаларды (3-6 жас) мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту;
4. Ана өлімі;
5. Көшелерде жасалған қылмыстардың үлес салмағы.

Аталған факті жылдан жылға облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы мен аумақтарды дамыту бағдарламасын орындалуына жауапты облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілері және аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерімен тиісті үйлесімнің төмен деңгейде жүргізілетінін айқындайды.

Атап айтқанда, Негізгі капиталға немесе тамақ өнімдері өндірісінің негізгі капиталына инвестициялар тарту өткен жылдармен салыстырғанда өсу қарқынына ие болғанмен, аумақтарды дамыту жоспарында қарастырылған көрсеткіштерге жетпеуі өңірдің әлеуметтік экономикалық дамуына тежелуіне себеп болған.

Сонымен қатар, көзделген нысаналы индикаторларға қол жеткізілмеу білім беру, денсаулық сақтау, құқық қорғау органдары тарапынан жүргізіліп жатқан жұмыстарында әліде болса олқылықтардың бар екендігін және салалар бойынша тиісті талдау жұмыстарының сапасыз немесе мүлде жүргізілмеген деген пікір қалыптасқан.

2020 жылы насаналы индикаторларға қол жеткізуге бағытталып жоспарланған 148 іс-шараның жыл қорытындысы бойынша 120 орындалған, 28 орындалмаған, жыл қорытындысы бойынша іс-шараларды жүргізуге жоспарланған 476 611 258,0 мың теңге қаражаттың нақты жұмсалғаны 376 396 420,8 мың теңгені немесе 79,0% пайдаланылған. *(республикалық бюджет қаражаты есебінен жоспарланған іс-шаралар бойынша кейбір шығындар ұлғаюына байланысты жыл басына жоспарланған қаражаттан артық игерілген)*

Көзделген іс-шаралардың орындалмауы аумақты дамыту бағдарламасының (ары қарай – АДБ) мақсаттарына қол жеткізілмеуге және оның тиімсіз жүзеге асырылуына әкелген.

3.2. Өңірде басқа да бағдарламалық құжаттардың іске асырылуы туралы ақпарат

Алматы облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының мәліметіне сәйкес 2020 жылы 13 мемлекеттік және үкіметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға 317 759 700,0 мың теңге қаражат қарастырылған бұл 2019 жылмен салыстырғанда 92,7 % артық.

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында 136 003 900,0 мың теңге қарастырылған.

Мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру аясында 3 нысаналы индикаторға, 24 көрсеткішке қолжеткізу жоспарланған.

1. «Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту: 1-6 жас, 3-6 жас аралығындағы»: жоспар – 80,9%, жоспар – 98,9%, 2020 ж. 8 айынада факт-80,9% және 98,4%.

2.«15 жастағы қазақстандық оқушылардың PISA (ЭЫДҰ) халықаралық зерттеуіндегі нәтижелері»жоспар - PISA-2021: математика - 409, жаратылыстану - 390, оқу – 370, халықаралық зерттеу 2021 жылы өткізіледі.

3. «Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша ТжКБ оқу орындарын бітіргеннен кейін бірінші жылы жұмысқа орналастырылған бітірушілердің үлесі» - жоспар – 64%.

2020 жылдың 1 қыркүйегіне облыста 822 балабақша және 359 шағын орталық бар, ондағы балалар саны – 96,8 мың, 3-6 жас аралығындағы қамту – 98,4%.

2020 жылы 3-6 жас аралығындағы балаларды 100% мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамту үшін 30 000 000,0 мың теңге қажет, оның 23 700 000,0 мың теңгесі ЖБ-тен бөлінді, қосымша РБ-тен 6 300 000,0 мың теңге қажет.

2020 жылға 15530 орынға 23 мектеп құрылысы жоспарланған, оның 2520 орынға арналған 5-уі 1 қыркүйекте қолданысқа берілді, жыл аяғына дейін 560 орынға 3 мектеп іске қосылады. Қалған 15 мектеп 2021 жылға өтпелі (7 мектеп құрылысы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» арқылы жүргізіледі).

2020 жылға 4 студенттік жатақхана құрылысы жоспарланған. 2 жатақхана іске қосылды: 288 орынға арналған Талдықорған қаласындағы ЖУ және 50 орынға Бастөбе сервистік-техникалық колледж. Жыл соңына дейін 480 орынға 2 нысан беріледі.

Білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында 760 (100 %) мектепке, 183 (100%) мемлекеттік мектепке дейінгі мекемелерге, 44 (100%) мемлекеттік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының оқушылардың неғұрлым көп шоғырланатын орындары мен білім беру мекемелерінің ауласына және фойелеріне бейнебақылау қондырғылары орнатылды. Сонымен қатар, бүгінгі күнде 16 (100%) жеке меншік мектепте, 496 (77,5%) жеке меншік мектепке дейінгі мекемелерде, 26 (77%) жеке меншік техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында бейнебақылау қондырғылары орнатылды.

2020 жылы 100,4 мың компьютер сатып алынады, оның ішінде республикалық және жергілікті бюджет есебінен 75,7 мың, МЖС есебінен қосымша 20 мың, демеушілер есебінен 16 мың, аудандық және қалалық бюджеттерден 3,1 мың компьютер.

«Жас маман» жобасы аясында 5 колледж оқу құрылғыларын 1 600 000,0 мың теңге қаражатқа жаңартады.

Облыстағы 44 мемлекеттік колледждің 26-сы техникалық және технологиялық профильді. Ағымдағы жылы 2 колледжде WorldSkills стандарттарын ескере отырып демонстрациялық емтихандарды енгізу жоспарланған.

1-6 жас аралығындағы балаларды 80,9% мектепке дейінгі тәрбиемен қамту жоспарланып, индикатор 87,0% орындалды. Ал 3-6 жас аралығындағы балаларды 98,9% мектепке дейінгі тәрбиемен қамту индикаторы орындалмады. Индикаторға қол жеткізу үшін 18482 (37,8%) жаңа орын ашу жоспарланып, 6977 орынға арналған 101 балабақша және 6 шағын орталық ашылды.

Күндізгі мемлекеттік мектептердің жалпы санындағы үш ауысымда оқытатын мектептердің үлесі көрсеткіші 6,4% (жоспар – 6,3%) құрап, орындалмады. 1.01.2020 жылы облыста 38 үш ауысымды мектеп болды. 1500 орындық 4 мектеп салынып, қолданысқа берілді, олар Жамбыл ауданындағы Жайсаң, Қасымбек ауылдарында, Іле ауданындағы Түймебаев ауылында, Қарасай ауданындағы Шамалған станциясында. Үш ауысымды 34 мектеп қалды. Жаңадан анықталған 15 мектепті қосқанда облыстағы үш ауысымды мектептер саны – 49. Республика бойынша 160 ұшауысымды мектеп болса, саны жағынан облыс бірінші орында болып, 30,6% құрайды.

Облыста 3 ескірген мектеп бар. Оларды жою үшін Қарасай ауданындағы Әйтей ауылында 1200 орындық мектеп салынды. Кербұлақ ауданындағы Қосағаш ауылында 80 орындық мектеп құрылысы аяқталды. Сонымен қатар, Панфилов ауданындағы Аққұдық ауылындағы ескірген мектепке 180 орындық мектеп салуға жергілікті бюджет есебінен 372 100,0 мың теңге бөлінді. Объект 2021 жылы қолданысқа беріледі.

Білім беру объектілерін салу (қосымша құрылыс)/ашу есебінен құрылған жұмыс орындарының саны индикаторы орындалмады. 2020 жылы 446 жаңа орын ашу жоспарланды. 2020 жылы 7 жаңа мектеп, 4 жатақхана және Кеген ауданындағы Саты ауылындағы мектепке жапсаржай, Балқаш ауданындағы Бақбақты ауылындағы, Жамбыл ауданындағы Сұраншы, Мыңбаев ауылдарындағы балабақшаларды қайта салу есебінен жаңа 198 жұмыс орны құрылды. Көрсеткіш «Жұмыспен замтудың жол картасы» бағдарламасы бойынша 10200 орындық 7 жаңа мектеп құрылысының тоқтатылуына байланысты орындалмады.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған "Денсаулық" мемлекеттік бағдарламасы аясында 6 068 000,0 мың теңге қарастырылған, игерілгені 4 547 000,0 мың теңге.

Мемлекеттік бағдарламада 4 негізгі индикатор көзделген:

- күтілетін өмір сүру ұзақтығы;

- жүрек-қан тамырлары, онкологиялық, созылмалы респираторлық аурулардан және қант диабетінен 30 жастан 70 жасқа дейінгі мезгілсіз өлім қаупінің деңгейі;

- ана өлімі;

- бала өлімі.

- «Күтілетін өмір сүру ұзақтығының деңгейі»: 2020 жылға арналған жоспар – 73 жыл, статистикалық деректер 2021 жылғы мамырда жарияланады (нақты 2019 ж. - 73,41).

- «Жүрек-қан тамырлары, онкологиялық, созылмалы респираторлық аурулардан және қант диабетінен 30 жастан 70 жасқа дейінгі мезгілсіз өлім-жітім қаупінің деңгейі»: 2020 жылға арналған жоспар - 19,10%, индикатор бойынша деректер жыл қорытындысы бойынша жарияланатын болады. COVID-19 пандемиясы кезеңінде еңбекке қабілетті халық арасында жүрек-қантамыр, бронх-өкпе жүйесінің, қант диабетінің және т. б. асқынуларынан болатын өлім-жітімге байланысты индикаторға қол жеткізу ықтималдығы орташа;

- «Ана өлім-жітімінің деңгейі»: 2020 жылға арналған жоспар - 100 мың тірі туылғандарға шаққанда - 22,3, нақты – 30,3. Индикаторға қол жеткізілген жоқ.

Облыста ана өлімінің он төрт жағдайы тіркелді (Талдықорған қ. (3), Еңбекшіқазақ (2), Панфилов (1), Райымбек (1), Қарасай (1), Талғар (1), Ескелді (1), Алакөл (1), Жамбыл (1), Балқаш (1) аудандарында және Текелі қ. (1), оның ішінде 10 жағдайда өлімге COVID-19 вирусы себеп болған;

- «Нәресте өлімінің деңгейі»: 2020 жылға жоспар – 1000 тірі туғандарға 8,40, нақты – 7,68. Индикаторға қол жеткізілді.

Мемлекеттік бағдарлама нәтижелерінің 18 негізгі бес көрсеткішіне қол жеткізілген жоқ:

1. 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында суицидтен болатын өлім-жоспар 12,0, факт 18,8.

Бұл көрсеткіш 2 жыл ішінде орындалмайтындығын ескеру қажет, 2019 жылы 16 өзін-өзі өлтіру оқиғасы, 2020 жылы 14 оқиға тіркелді.

Талғар, Еңбекшіқазақ, Алакөл және Талдықорған қалалары сияқты аудандарда жыл сайын суицид фактілері тіркеледі, Еңбекшіқазақ ауданында 2020 жылы 1-ден 3-ке дейінгі жағдай тіркелген.

2020 жылы Қарасай ауданында 15-17 жас аралығындағы аяқталған суицид - 4 жағдай, Ұйғыр 1 жағдай.

Бұл көрсеткіш суицидтің алдын алуда сектораралық өзара іс-қимылдың жоқтығын айғақтайды.

Сондай – ақ, 10-14 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында туу көрсеткіші, жоспар – 0,028, факт – 0,04 және 1000 жаңа туған нәрестеге шаққанда неонатальды өлім коэффициенті, жоспар – 4,06, факт-5,08 көрсеткіштеріне қол жеткізілмеген.

Медициналық ұйымдардың медициналық техникамен жабдықталуының шекті деңгейіне жеткен жоқпыз, жоспар 88,8, нақты 88,0.

Бұл деңгейге Іле ауданынан басқа барлық медициналық ұйымдар қол жеткізді (84,0%).

Облыс бойынша негізгі көрсеткіштердің жетістіктеріне қарамастан, аудандар бөлінісінде Ұйғыр, Жамбыл және Райымбек аудандарында 6-дан 7-ге дейін көрсеткішке қол жеткізілген жоқ.

Облыс бойынша мемлекеттік бағдарлама нәтижелерінің 13 көрсеткішіне қол жеткізілді, бірақ кейбір көрсеткіштер бойынша аудандар бөлінісінде облыстық көрсеткішке қол жеткізілмегені байқалады.

Президенттің медицина қызметкерлерінің жалақысын көтеру жөніндегі тапсырмасын орындай отырып, облыс бойынша дәрігердің орташа жалақысы 277 143,0 теңгені құрады, алайда Кеген және Алакөл аудандарында дәрігердің орташа жалақысы 250,0 мың теңгеден аз болды.

Мемлекеттік бағдарлама көрсеткіштерінің бірі АИТВ – мен ауыратын адамдарды антиретровирустық терапиямен қамту болып табылады, облыс бойынша қамту 70,0% - ды , жоспар-68,0% - ды құрады. Облыстық деңгейден төмен Ақсу, Қаратал, Кеген аудандарында - 65,0%, Кербұлақ, Көксу аудандарында - 66,0%, Ескелді, Жамбыл аудандарында – 67,0% қамтылды.

Келесі көрсеткіш - ЖКО-нан болатын өлім-жітім, облыстық көрсеткіштен жоғары ЖКО-нан болатын өлім-жітім (Алм. облыс-16,5, жоспар – 19,9) 100 мың тұрғынға шаққанда Сарқан ауданында – 31,3, Алакөл ауданында – 29,2, Қапшағай қаласында – 28,1, Жамбыл ауданында – 23,4, Балқаш ауданында – 23,3, Кербұлақ ауданында-23,1 тіркелген.

2020 жылы туберкулезбен күрес жөніндегі 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспар аяқталды, туберкулезбен ауыру және одан болатын өлім-жітім төмендеді. 2021 жылы 2021-2025 жылдарға арналған жаңа жоспар бекітілді, онда туберкулезбен сырқаттанушылықты төмендету бойынша жаңа міндеттер қойылды.

2020 жылдың қорытындысы бойынша туберкулезбен ауыру 100 мың тұрғынға шаққанда 35,0 құрады, алайда облыстық көрсеткіштен жоғары Балқаш ауданында – 63,1, Ескелді ауданында – 55,0, Сарқан ауданында – 48,4, Іле ауданында – 47,4, Талғар ауданында – 45,5, Қапшағай қаласында – 46,2.

Есепті кезеңде Балқаш, Жамбыл, Іле, Қарасай, Райымбек, Ұйғыр, Кербұлақ, Ескелді, Панфилов аудандарындағы және Талдықорған қаласындағы Үйлестіру кеңестерінің отырыстарында туберкулез мәселелері бірде-бір рет қаралған жоқ.

Облыстық мәслихаттың «Алматы облысының 2019-2021 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешіміне сәйкес, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен әлеуметтік көмекке 119 600,0 мың теңге бөлінді, 2020 жылы орындалуы 85,2% құрады, амбулаторлық емделу кезеңінде тұрған туберкулезбен ауыратын 1 293 пациентке 100 300,0 мың теңге сомасында көмек көрсетілді.

Мемлекеттік бағдарламаға жаңа көрсеткіш - байқаусызда уланудан болатын өлім-жітім көрсеткіші енгізілді. облыс-2,65, жоспар-3,35).

Облыстық деңгейден жоғары өлім – жітім Кеген ауданында – 19,5, Текелі қаласында – 11,2, Панфилов ауданында – 6,1, Райымбек ауданында – 5,1, Қапшағай қаласында-5,0 тіркелген.

ҚР Президенті жыл сайын өзінің Жолдауында көрсететін басым бағыттардың бірі - бұл алғашқы медициналық-санитарлық көмекті дамыту, медициналық көмек көрсетудің қолжетімділігі мен сапасы.

2020 жылдың қорытындысы бойынша облыс бойынша МСАК көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарына бару саны 1 тұрғынға шаққанда - 5,6 құрады, облыстық көрсеткіштен төмен Қаратал ауданында – 4,2, Ұйғыр ауданында – 4,7, Кербұлақ ауданында – 4,9, Талғар ауданында – 5,3, Алакөл ауданында және Қапшағай қаласында – 5,4.

Денсаулық сақтау инфрақұрылымын жыл сайын жақсартуға, медициналық ұйымдарды пайдалануға беруге, ғимараттарға күрделі жөндеу жүргізуге қарамастан, облыс бойынша медициналық ұйымдар ғимараттарының тозу деңгейі 49,2 (жоспар - 49,5) құрады, ғимараттардың тозу деңгейі Райымбек ауданында – 90,7%, Кеген ауданында – 72,7%, Ұйғыр ауданында – 64,5%, Іле ауданында – 63,5% құрайды.

Мемлекеттік бағдарламаның негізгі индикаторы – бұл күтілетін өмір сүру ұзақтығы, осы индикаторды 74 жасқа дейін көтеру міндетіне қол жеткізу үшін 2025 жылы бес негізгі бағыт бойынша жол карталарын іске асыру, жарақаттардан, уланудан және жазатайым оқиғалардан, миокард инфарктісінен, инсульттен және онкологиялық аурулардан болатын өлім-жітімді төмендету бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

Жыл қорытындысы бойынша жалпы өлім – жітім көрсеткіші 16,5% - ға, қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітім көрсеткіші 6,0% - ға, қан айналымы жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім көрсеткіші 21,8% - ға өскені байқалады.

Қан айналым жүйесі ауруларынан өлім-жітім 2019 жылмен салыстырғанда Ақсу ауданында 184,0-ден 199,3-ке дейін, Алакөл ауданында 116,9-дан 192,4-ке дейін, Қаратал ауданында 100 мың тұрғынға 100,4-тен 186,7-ге дейін, облыстық көрсеткіш кезінде 100 мың тұрғынға 152,5-ке дейін өсті.

Облыс бойынша қатерлі ісіктерден болатын өлім-жітімнің 100 мың тұрғынға шаққанда 58,8-ден 61,2-ге дейін өсуі байқалады, өсім Талдықорған қаласында 105,0-ден 122,1-ге дейін, Кербұлақ ауданында 51,5-тен 81,8-ге дейін, Райымбек ауданында 100 мың тұрғынға шаққанда 53,8-ден 71,3-ке дейін тіркелді.

Медициналық көмек көрсету сапасы, халық денсаулығы көрсеткіштерінің жақсаруы білікті кадрларға тікелей байланысты.

Кадр тапшылығы мәселесі бірнеше жыл бойы шешімін таппай келеді, 2020 жылы облыс бойынша түрлі мамандықтағы 381 дәрігер, оның ішінде 57

ЖПД, 27 акушер-гинеколог, 25 анестезиолог-реаниматолог және т. б. жетіспейді.

2020 жылы облысқа 206 интерн және 99 резидент келді. 2019 жылдан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен еліміздің медициналық ЖОО-да 127 резидент оқиды, оның 17-сі ағымдағы жылы келеді.

2020 жылы Кербұлақ және Райымбек аудандарына бірде-бір жас маман келген жоқ, дегенмен бұл аудандарда дәрігерлер тапшылығы бар.

Дәрігерлер тапшылығын шешу жолдарының бірі - тұрғын үймен қамтамасыз ету болып табылады, 2020 жылы облыс бойынша жергілікті әкімдіктерден 104 пәтер мен үй бөлінді.

Кадрларды тарту, оларды әлеуметтік қолдау және тұрғын үймен қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты күшейту қажет.

Облыс әкімдігі облыстың медициналық мекемелерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға, денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымын жақсартуға көп көңіл бөледі.

2020 жылы Талдықорған қаласында 200 төсектік модульді жұқпалы аурулар ауруханасы, Жамбыл ауданының Ұзынағаш ауылында бір ауысымда 100 адам қабылдайтын әйелдер консультациясы бар 100 төсектік перзентхана, Көксу ауданының Айнабұлақ ауылында 10 дәрігерлік амбулатория және медициналық пункт (ЖҚЖК–6 ВА, 1 МП) салынды. Жалпы, құрылысқа 12 000 000,0 мың теңге бөлініп, 11 900 000,0 мың теңге игерілді.

7 денсаулық сақтау объектісіне күрделі жөндеу жүргізілді, оның ішінде 4 – і жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде.

2 компьютерлік томограф, 18 рентген аппараты, 219 ӨЖЖ аппараты, 100 концентратор, 180 жедел жәрдем машинасы, 12 жылжымалы медициналық кешен сатып алынды.

2020 жылы облысқа 12 жылжымалы медициналық пункт, жалпы саны 17 бірлікті құрады, бұл шалғайдағы елді мекендердің тұрғындарын медициналық тексерумен қамтуды 162 мыңнан 245 мың адамға дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

2021 жылы жергілікті бюджет қаражаты есебінен Балқаш ауданының ОАА 1 000 000,0 мың теңгеге сейсмикалық тұрақтылығын күшейту бойынша жұмыстар жүргізілуде, 1 400 000,0 мың теңгеге 3 объектіге күрделі жөндеуді аяқтау жоспарлануда.

Сондай - ақ, ағымдағы жылы ЖСҚ әзірлеуге 16 нысан, оның ішінде құрылыс - 9 нысан, күрделі жөндеу - 7 нысан бөлінді.

МЖӘ аясында Талдықорғанда орталық медициналық зертхана салынды.

Мемлекет басшысының медициналық ұйымдармен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасын орындау аясында дәрігерлік амбулаториялар, фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункттер жоқ 43 ауылдық елді мекенде 24 тез тұрғызылатын медициналық пункт орнатылады (2021 жылы – 20, 2022 жылы – 4), 20 медициналық нысанның құрылысына жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде.

Денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың бірінші жылы аяқталды, белгілі бір нәтижелерге қол жеткізілді, 2019 жылмен салыстырғанда қол жеткізілмеген индикаторлардың саны 7-ден 5-ке дейін азайды, медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасы жақсарды, Денсаулық сақтау саласының инфрақұрылымы жыл сайын жаңартылып отырады, алайда оларды шешу 2021 жылғы индикаторларға қол жеткізуге мүмкіндік беретін бірқатар міндеттер бар.

Инсульт қызметін дамыту үшін Талдықорған қаласында 3-ші деңгейдегі ИО ашу мәселесін шешу қажет - ангиограф сатып алу, нейрохирургтарды оқыту, АМКБ базасында III-ші деңгейдегі ИО оңалту жабдығымен қосымша жарақтандыру, Ескірген ангиографты ауыстыру, Қарасай АОА невролог дәрігерлерінің біліктілігін арттыру.

Өлім-жітімді азайту және қатерлі ісіктерді ерте анықтау үшін облыстық көпсалалы клиникаға цифрлық маммограф сатып алу, МСАК-ты колоноскоптармен қамтамасыз ету қажет. Халықтың нысаналы топтарын онкологиялық патологияларды ерте анықтауға скринингтермен қамту және сапасын арттыру қажет.

Қан айналымы жүйесі ауруларымен ауыратын науқастарға көмек көрсету қызметін дамыту үшін Талдықорған қаласындағы облыстық кардиологиялық орталыған қазіргі заманғы жабдықтармен жарақтандыру - сараптама сыныбының ангиографиялық жүйесін сатып алу, Жаркент және Қаскелең қалаларында екі ЖББ орталығын ашу, сондай-ақ артериялық гипертонияны, жүректің ишемиялық ауруын ерте анықтауға халықтың нысаналы топтарын скринингтермен қамту және сапасын арттыру қажет.

Сондай-ақ жедел және шұғыл медициналық көмекті дамыту маңызды, облыстық/қалалық жедел медициналық жәрдем станциясының базасында симуляциялық кабинет құру қажет.

ЖМК дәрігерлерінің қатарынан халықаралық стандарттар бойынша жедел және шұғыл медициналық көмек көрсету бойынша әр өңірде сертификатталған жаттықтырушыларды даярлау қажет.

ЖМКС санитарлық автокөлік жүргізушілерін «қауіпсіз жүргізу» тренингі бойынша оқытуды жүргізу. Диспетчерлік қызмет мамандарын «Қоңырауды ұстап қалу» операциялық рәсімінің стандартына оқыту үшін жаттықтырушыларды дайындау. МСАК жанындағы ЖМП бригадасын толықтыру үшін 20 мың тұрғынға 1 бригада нормативіне келісім берілді.

3. Қазақстан Республикасында экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында 1 886 600,0 мың теңге қарастырылған, игерілгені 1 714 200,0 мың теңге.

2020 жылға арналған Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру барысында радикалды идеологияның алдын алу мақсатында деструктивті діни ағым жақтаушылары арасында ақпараттық-түсіндіру шараларын

ұйымдастырылды (орыс тілді теологтарды тарту арқылы) және радикалды идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыру мақсатында Үкіметтік емес ұйымдардың қатысуымен әлеуметтік зерттеу жұмыстары жүргізілді.

2020 жылға жергілікті бюджетінен Алматы облысы *Полиция Департаментіне* 977 499,2 мың теңге қаражат бөлініп, 977 499,2 мың теңге толық игерілді. Оның ішінде бағдарламаның мынадай тармақтары бойынша:

-349 920,0 мың. теңге - 72 бірлік Ваз21214 Автокөлігі,

-166 505,4 мың. теңге - Қарасай ауданындағы 150 камераға арналған бейнебақылау жүйесінің жабдықтары,

-224 209,5 мың. теңге - Панфилов ауданына арналған бейнебақылау жүйесі жабдықтары (50 камера),

-236 864,3 мың. теңге - Текелі қаласына арналған бейнебақылау жүйесі жабдықтары сатып алынды (50 камера).

2020 жылға жергілікті бюджетінен Алматы облысы *Төтенше жағдайлар Департаментімен* 692 100,0 мың теңге игерілді. Алматы облысының өңірлік құлақтандыру жүйесін кеңейту үшін жабдықтар, төтенше жағдайлардың алдын алу және жою үшін таранға қарсы құрылғы және түрлі техниканың 15 бірлігі сатып алынды

2020 жылы *Алматы облысы мәдениет саласы* бойынша 9 аудан мәдениет үйлеріне бейнебақылау орнатуға 40 000,0 мың теңге қаржы қарастырылып, игерілді. Оның ішінде Алакол ауданы-5 000,0 мың теңге, Енбекшиқак ауданы-3 000,0 мың теңге, Жамбыл ауданы-4 000,00 мың теңге, Балхаш ауданы-4 000,0 мың теңге, Қарасай ауданы-1 000,0 мың теңге, Көксу ауданы-7 000,0 мың теңге, Панфилов ауданы-9 000,0 мың теңге, Райымбек ауданы-4 000,0 мың теңге, Ұйғұр ауданы-3 000,0 мың теңге

Алматы облысы білім саласы бойынша 2020 жылы білім беру ұйымдарында рухани-адамгершілік тәрбие жөнінде балалар мен жастарды отаншылдыққа, елжандылыққа, имандылыққа, шығармашылық қабілетке тәрбиелеу және олардың өмірге деген көзқарастарын қалыптастыру, Отанының, елінің мәдениетін дамытатын жан-жақты тұлға тәрбиелеу мақсатында үкіметтік емес ұйымдармен бірлесіп «Жақсылық жасай білейік», «Мейірімділік-ізгіліктің жолы», «Әдептен озбайық», «Жақсылық жаныңды жадыратады», «Көмектесе білейік», «Адал достық», «Мейірімділік-асыл қасиет», «Ер жігіт әдебі», «Аялай біл, сен деп соққан жүректі», «Отбасы-өмір аясы», «Қызыққа толы әлем», «Әдеп әлемі», «Ниет тазалығы-ізгілік бастауы», «Семейные ценности», «Быть человеком», «Искусство быть здоровым», «Чувства», «Чтобы душа была здорова», «Культура эмоций и чувств», «Утро радостных встреч» тақырыптарында 1356 тәрбие сағат, кездесу, дөңгелек үстел, ашық сабақтар өткізілді.

Сонымен қатар, 1 қазан - «Қарттар күні» мерекесі шеңберінде білім беру мекемелерінде «Қарттарым – асыл қазынам», «Уважение и почет вам...», «Тағдыр тартысы», «Өмір сабақтары» атты сурет, мәнерлеп оқу мен ән айту байқаулары өткізіліп, еңбек ардагерлерімен кездесулер ұйымдастырылды.

Терроризм актісі жасалған кездегі терроризмге қарсы іс-әрекет пен іс-қимылды әзірлеубойынша білім беру ұйымдарында оқушылар мен оқытушылардың қатысуымен оқу және практикалық сабақтар өткізу мақсатында облыстық білім басқармасы мен Полиция департаментінің бірлескен кестесі құрылып, кестеге сәйкес 2019-2020 оқу жылынан бастап оқу орындарында оқу және практикалық сабақтар өткізілуде.

2020 жылдың қаңтар - желтоқсан айлары аралығында 218 оқу орындарында оқу және практикалық сабақтар өткізіліп, оларға 42 000-нан астам мұғалімдер мен оқушылар қатысты

4. Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама аясында 177 500,0 мың теңге қарастырылып толығымен игерілген.

Бағдарламаны іске асыру жөнінде 2020 жылға арналған Алматы облысы бойынша іс-шаралар жоспарында көрсетілген барлық нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізілді.

Тілдік жағдайды зерделеу мақсатында облыстық және жергілікті атқарушы органдардың кіріс-шығыс құжаттарына тоқсан сайын мониторинг жүргізілді. Осыған сәйкес өңірімізде жылдың қорытындысы бойынша мемлекеттік тілдің қолданылу көрсеткіші **99,5%** құрады.

Қазіргі уақытта облыста «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы және оның аудандық, қалалық филиалы барлығы 20 оқыту орталығы жұмыс істейді. Барлық оқыту орталықтары заманауи үлгідегі материалдық-техникалық базамен қамтамасыз етілген.

2020 жылы дәріс алған тыңдаушылардың жалпы саны **4475**. Ұлттық құрамы бойынша **1386** этнос өкілі (30%). Мемлекеттік тілде еркін сөйлеп, жаза алатын тыңдаушылар саны **2440**.

Оның ішінде мемлекеттік тілді оқыту курсына **3792** тіл үйренуші қабылданды. Ұлттық құрамы бойынша **1352** этнос өкілдері (35 %).

Ағылшын тілі курсына **655** тыңдаушы қабылданды. Ұлттық құрамы бойынша **34** этнос өкілі (5%). Ағылшын тілін оқыту курсы облыс бойынша **6** тіл оқыту орталығында ұйымдастырылып отыр. (*Алматы облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, Қарасай, Іле, Райымбек, Кеген ауданы, Қапшағай қаласы*). Дәріс алған **655** тыңдаушының **286** мемлекеттік, **252** бюджеттік сала қызметкерлері, **117** жеке тұлға, **55** топ оқытылды.

2020 жылы қабылданған **4475** тыңдаушының **28-і** орыс тілі курсында оқыды.

Қазтест жүйесі негізінде тұрғындардың мемлекеттік тілді белгілі бір деңгейде білуін анықтау үшін кестеге сәйкес ҚР Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығы қызметкерлерінің қатысуымен 14-18 қыркүйек аралығында **67** адам сертификаттық, **500** адам диагностикалық тестілеуден өтті. Жергілікті жер бойынша диагностикалық тест тапсырғандардың жалпы саны 5352 (мемлекеттік қызметшілер 1408, мемлекеттік қызмет көсету саласы

бойынша 177, бюджеттік сала қызметкерлері 3446, жеке тұлғалар 321). Жалпы тестілеуден өткендер саны 5919 адам.

5. «Нұрлы Жол» инфрақұрылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында 15 636 500,0 мың теңге қарастырылған,

2020 жылы «Нұрлы Жол» мемлекеттік бағдарламасы аясында 15 636 500,0 мың теңге бөлініп, жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарына 330,3 шқ реконструкциялау және жөндеу жұмыстары жүргізілді, оның ішінде:

- * Құрылысқа және қайта жаңарту – 30 шқ;
- * 12 көпір мен 4 шақырым автомобиль жолын күрделі жөндеу;
- * 296,3 шқ. жолға орташа жөндеу.

2020 жылдың қорытындысы бойынша 20 нысан бойынша жөндеу жұмыстары аяқталды.

6. «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында 42 500,0 мың теңге қарастырылған.

Ақпараттық жүйелерге -техникалық қолдау көрсету қызметтері:

1. Орталықтандырылған мәліметтер базасы,
 2. Геопортал «Smartgeohub» бағдарламалық өнімді техникалық сүйемелдеу және дамыту,
 3. Geonomics «Электорат»
 4. «Мемлекеттік қызметтер мониторингі» бағдарламалық өнімін техникалық сүйемелдеу,
 5. «Жер қойнауын пайдаланушылар мониторингі» бағдарламалық өнімін техникалық сүйемелдеу,
 6. Alem semantic - бұқаралық ақпарат құралдары мониторингі (СМИ)
 7. Алматы облысы тұрғындарының компьютерлік сауаттылығын арттыру
- 7. Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы аясында 2 000 000,0 мың теңге қарастырылған.**

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы бойынша мемлекеттік бағдарлама аясында 2 жоба іске асырылуда, 2020 жылы 2 000 000,0 мың теңге толығымен игерілді.

Үкіметтік бағдарламалар бойынша:

1. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамыту жөніндегі 2017-2021 жылдарға арналған бағдарлама аясында 52 278 000,0 мың теңге қарастырылған.

Алматы облысы Ауылшаруашылығы басқармасы бойынша

АӨК мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде саланы қолдау үшін 2020 жылы бюджеттен 41 700 000,0 мың теңге (оның ішінде субсидиялар – 39 600 000,0 мың теңге) бағытталды, мемлекеттік қолдаумен 14,3 мың субъект қамтылды. Бұдан басқа, "ҚазАгро" АҚ 21 900 000,0 мың теңгеге 3 287 тауар өндірушіге кредит берді.

Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 917 700 000,0 мың теңгені құрады, бұл жоспарлы көрсеткіштен 24 200 000,0 мың теңгеге артық, 2019 жылғы деңгейге қарағанда НКИ өсімі 2,3% деңгейінде.

40 400 000,0 мың теңгеге 34 инвестициялық жоба енгізілді, іске асыру сатысында 19 300 000,0 мың теңгеге 23 жоба. Нәтижесінде, ағымдағы жылдың 11 айында АӨК негізгі капиталына инвестициялар ағыны 63 100 000,0 мың теңгені (Ауыл шаруашылығы – 44 100 000,0 мың, Тамақ өнімдері – 19 000 000,0 мың теңге) құрады, бұл 2019 жылдың ұқсас деңгейінен 12,7% - ға артық.

2020 жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының егістігі 968,5 мың га-ны иеленді, бұл 2019 жылдың көрсеткішінен 6,9 мың га - ға артық, атап айтқанда, дәнді дақылдар алқабы 13,4 мың га – ға кеңейтілді, оның ішінде дәндік жүгері – 4,6 мың га – ға, қант қызылшасы – 2,1 мың га-ға, картоп пен көкөніс-1,6 мың га-ға және жемшөп дақылдары-4,8 мың га-ға

Тауар өндірушілер 175,4 мың тонна (дәнді дақылдар – 77,9 мың тонна, майлы дақылдар – 15,59 мың тонна, картоп – 81,9 мың тонна және жемшөптік дақылдар – 1,0 мың тонна), оның ішінде жоғары өнімді тұқымдардың үлесі - 98,7% (түпнұсқа - 0,3% немесе 0,7 мың тонна, элиталық - 5,0% / 11,5 мың тонна, 1 репродукция - 29,4% / 68,1 мың тонна, 2 репродукция - 36,0% / 83,6 мың тонна, 3 репродукция - 28,0% / 65,1 мың тонна).

Облыста аттестатталған 39 тұқым өсіру шаруашылығы мен питомниктер жұмыс істейді, оның ішінде 31 өндіруші (12 - бірегей, 23 - элиталық, 13-жоғары өнімді тұқым) және 8 шетелдік селекцияның тұқымын (көшеттерін) өткізушілер.

Арамшөптер мен зиянкестерден егістіктерді өңдеу 217 мың га жүргізілді, 42,5 мың га саяқ шегірткелер жойылды, топырақтың құнарлылығын жақсарту үшін 71,6 мың тонна минералды тыңайтқыштар енгізілді.

Жанар-жағармай материалдарын үздіксіз жеткізу бойынша шаралар қабылданды, 38,3 мың тонна дизель отыны сатып алынды, оның ішінде 26 мың тонна жеңілдікті бағамен немесе 165,8 теңге/литрден (нарықта – литріне 179 / 183 теңге).

8 800 000,0 мың теңгеге 948 бірлік ауыл шаруашылығы техникасы (2019 ж. – 616 бірлік) сатып алынды, оның ішінде 6 сервистік - дайындау орталығын жинақтау үшін 86 бірлік жергілікті бюджет есебінен (1 100 000,0 мың теңге) сатып алынды.

Сонымен қатар, 2020 жылғы қуаңшылық салдарынан облыста 8,4 мың га егіс қаза тапты (Ақсу – 240 га, Алакөл – 77, Балқаш – 1230, Еңбекшіқазақ – 418, Кеген – 300, Қаратал – 2758, Көксу – 60, Панфилов – 203, Райымбек – 570, Сарқан – 1096, Ұйғыр – 811 және Қапшағай қаласы – 667, Талдықорған-15 га).

Осыған қарамастан, жалпы астық жинау көлемі 2019 жыл деңгейінде сақталды (барлығы 1 400,0 мың тн), қант қызылшасы өндірісі - 4,6% - ға (550 мың тн), картоп және көкөніс-бақша дақылдары-3,2% - ға (1818 мың тн) ұлғайды.

5,1 га жылыжай енгізілді (Қарасай ауданының "Eurasian Green Produkt" ЖШС), облыс бойынша барлығы 101,1 га 100 құрылыс жұмыс істейді, бұл жылыжай өнімдері өндірісінің 6,2% - ға өсуін қамтамасыз етті.

1244 га жерге бақша салынды және бақтардың жалпы ауданы 24,7 мың га дейін жеткізілді (2019 ж. – 23,5 мың га). Нәтижесінде, 2020 жылы көпжылдық екпелердің жыл сайын жаңаруы және қарқынды типтегі бақтардың дамуы алдыңғы жылмен салыстырғанда жемістердің жалпы түсімі 16,6% - ға артты (барлығы 151 мың тонна жиналды).

Су шаруашылығында жергілікті бюджет есебінен 12 нысан жөнделді (1 600 000,0 мың теңге), Ескелді және Ақсу аудандарында ИДБ есебінен суару желілерін реконструкциялау, Талдықорған қаласында, Көксу және Қаратал платиналарында суару желілерін, сондай-ақ, Панфилов ауданының өсек су торабын жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде реконструкциялау.

Мал шаруашылығы саласында "Сыбаға" бағдарламасы бойынша 939 шаруашылық 74 мың бас мал сатып алды.

Асыл тұқымдық қасиеттерді жақсарту үшін мал өнімділігін арттыру мақсатында шетелден 4,9 мың бас таза тұқымды ірі қара әкелінді.

Ұйғыр ауданында 29 мың тонна етке арналған ет бағытындағы "Отал Green Food" ЖШС және жұмыртқа бағытындағы репродуктор "Наурыз Агро"ЖШС екі құс фабрикасы іске қосылды.

6 сүт фермасы (2400 басқа) және 7 бордақылау алаңы (ІҚМ бойынша – 920 басқа 6, ұсақ мал бойынша – 7000 басқа 1) пайдалануға берілді, осылайша облыста олардың жалпы саны тиісінше 110 (77,5 мың басқа) және 82 (25,7 мың басқа) объектіге жеткізілді.

Нәтижесінде барлық ет түрлерінің өндірісі 2,2% – ға, сүт – 3,2% - ға және жүн-3,4% - ға ұлғайды

Мал мен құс саны орта есеппен облыс бойынша 4,6% – ға, оның ішінде ІҚМ – 5,4% – ға, қой мен ешкі – 4,3% - ға, жылқы-8,3% - ға және түйе-2,1% - ға өсті.

Ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу саласында 10 жаңа нысан іске қосылып, 5 өндіріс жаңғыртылды, 2019 жылға қарай тамақ өнімдерін шығару 3,5% – ға, оның ішінде ет өнімдері 9,2% – ға, балық өнімдері 46,8% – ға, сүт өнімдері 17,5% - ға, ұн тарту және крахмал өнімдері 6,0% - ға өсті.

Облыста 4568 мүшені біріктіретін 244 ауыл шаруашылығы кооперативі жұмыс істейді, онда 86% - ын жеке қосалқы шаруашылықтар немесе 3925 бірлік алады.

Алматы облысы Ветеринария басқармасы бойынша

2020 жылы ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың аса қауіпті ауруларының 19 түрі бойынша ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар жүргізілді. Жануарлардың аса қауіпті ауруларының профилактикасы бойынша облыс аумағында жүргізілетін ветеринариялық – профилактикалық іс-шаралардың жылдық жоспарының орындалуына қажетті ветеринариялық

препараттармен 100,0 пайызға қамтамасыз етілді. Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жоспарын орындауға 3 058 900,0 мың. теңге бөлініп, толығымен игерілді.

«Жануарлардың аса қауіпті ауруларының диагностикасы бойынша жүргізілетін ветеринариялық іс-шаралар» жоспарына сәйкес, 1119235 бас мүйізді ірі қара малынан алынған қан сынамаларын диагностикалық зерттеу нәтижесінде 1045–і бруцеллез ауруына оң нәтиже көрсеткен. 3611153 бас ұсақ мүйізді малдардан алынған қан сынамаларының 1689-ы бруцеллез ауруына оң нәтиже көрсеткен. Жоспардың орындалуы 100 пайызды құрады. Бруцеллез ауруына оң нәтиже көрсеткен ауыл шаруашылығы жануарлары Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 29.06.2015 жылғы № 7-1/587 бұйрығымен бекітілген «Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидалардың» Бруцеллез бойынша ветеринариялық іс-шараларды жүргізу тәртібінің талаптарына сай санитариялық союға өткізілді. Бруцеллез ауруымен ауырған ауыл шаруашылығы жануарларының иелеріне, нарықтық құнының 30 пайызы көлеміндегі өтем ақысын төлеуге республикалық бюджеттен арнайы бағдарлама шеңберінде 69 045,0 мың теңге бөлініп, толығымен игерілді.

Жануарлардың энзоотиялық ауруларының профилактикасы мен диагностикасы бойынша ветеринариялық препараттарды орталықтандырылып сатып алу және оларды сақтау, аудандық, қалалық жергілікті атқарушы органдарға тасымалдауды ұйымдастыру үшін бюджеттен 919,0 мың теңге бөлініп, 100% игерілді. Осы қаржыға 6130 бас биенің сальмонеллезді іш тастауына қарсы вакцина сатып алынып, жеткізілді.

Осы сатып алынған жануарлардың энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық препараттарды қолдануға бюджеттен 589,0 мың теңге бөлініп, толығымен игерілді. Нәтижесінде 6130 бас бие сальмонеллезді іш тастауға қарсы егілді.

2020 жылы ауыл шаруашылығы жануарларының бірдейлендіру деректер қорында облыс бойынша: 1201088 бас мүйізді ірі қара, 4115581 бас ұсақ мүйізді мал, 384066 бас жылқы, 52427 бас шошқа, 7729 бас түйе тіркелінген.

Оның ішінде, жылдың басынан есепке алынған 2020 жылғы туылған төлдер: 366799 бас бұзау, 1526709 бас қозы-лақ, 100654 бас құлын, 69724 бас торай, 1351 бас бота.

Сонымен қатар, жылдың басынан әр түрлі себептерге байланысты (сойыс, сату, өлім-жітім және т.б.) есептен шығарылғандары: 655530 бас мүйізді ірі қара, 1971396 бас ұсақ мүйізді мал, 100530 бас жылқы, 65346 бас шошқа, 1677 бас түйе.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің тапсырмасына (2019 жылғы 7 қарашадағы министрлік өткізген кеңестің №01-8/45 хаттамасы) сәйкес, есепке алынбаған жануарларды анықтау үшін аудандардың (қалалардың) ветеринариялық станциялары тоқсан сайын аулаларды аралау жұмысын жүргізіп отырады. Ветеринариялық-

профилактикалық шаралардың мәліметін ауыл шаруашылығы жануарларының бірдейлендіру дерек қорына енгізу 100% орындалды.

Облыстық бюджеттен «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру бойынша іс-шараларды жүргізу» 013 бюджеттік бағдарламасы аясында 244600,0 мың теңге қаражат бөлініп толығымен игерілді.

Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою жұмыстарына облыстық бюджеттен 99951,0 мың теңге бөлініп 30439 қаңғыбас ит пен 794 мысық ауланып, олардың 1265 ит және 140 мысық иелеріне қайтарылды.

Ветеринариялық препараттарды уақытша сақтау орындарына дейін тасымалдау бағдарламасы бойынша 2020 жылға 8966,0 мың теңгеге 38547374 доза ветеринариялық препараттар 20 аудан қалаларға тасмалданды.

2. «Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында 7 604 900,0 мың теңге қарастырылған.

2020 жылдың қорытындысы бойынша БЖК 2025 шеңберінде 7 604 900,0 мың теңге сомасына 670 жоба қаржыландырылды, 1349 жұмыс орны құрылды. Оның ішінде:

- пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға-2 300 000,0 мың теңге бөлінді, жалпы кредиттік сомасы 51 800 000,0 мың теңгеге 262 жоба мақұлданды, 447 жұмыс орны құрылды;

- ішінара кепілдік беру бойынша 1 200 000,0 мың теңге бөлінді. 4 700 000,0 мың теңге кепілдік сомасына 287 жоба мақұлданды, 380 жұмыс орны құрылды;

- гранттар ұсыну бойынша – 222 000,0 мың теңге бөлінді. Конкурстық комиссия 183 жұмыс орнын құрумен 99 жобаны мақұлдады (1-кезең – 33 жоба, 2-кезең – 66 жоба).

- жетіспейтін инфрақұрылымды жеткізу бойынша 22 нысанға 4 000 000,0 мың теңге бөлінді (РБ – 2 200 000,0 мың теңге, ЖБ – 1 800 000,0 мың теңге), 339 жұмыс орны құрылды.

3. Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында 16 112 000,0 мың теңге қаражат қарастырылған.

2020 жылы 48 999 жұмыс орындарын жоспарлағанына қарамастан, 60 682 жұмыс орындары құрылды немесе жоспар 123,8%-ға орындалды. Оның ішінде тұрақты жұмыс орындарының үлесі 55%-ды немесе 33 409 бірлікті құрады.

Жұмыспен қамту органдарына 66728 адам жүгініп, жұмыспен қамтудың белсенді шараларымен 53684 адам қамтылды немесе 80,4% құрады. 59048 адам жұмыспен қамтылды, оның ішінде тұрақты жұмыс орындарымен 35749 адам қамтылды немесе 60,5% құрады.

2020 жылға Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасын іске асыру үшін 16 149 900,0 мың теңге қарастырылды.

Бағдарламаның бірінші бағыты шеңберінде 3907 адамды кәсіптік оқытуға 2 259 300,0 мың теңге бөлінді. Оның ішінде:

- кәсіптік техникалық оқытуға 1 535 адамға 1 779 400,1 мың теңге;
- қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 2 372 адамға 479 900,0 мың теңге.

2020 жылы қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 2 536 адам жіберілді. Оқуды 2 408 адам аяқтап, оның 2 272-сі тұрақты жұмыспен қамтылды.

Бағдарламаның екінші бағыты шеңберінде 6 200 500,0 мың теңге бөлінді. Оның ішінде 1 094 адамға 4 791 300,0 мың теңге шағын несие беру жоспарланған.

2021 жылдың 1 қаңтарына ауылдық жерлерде 1064 адамға 4 552 000,0 мың теңге, қалада 24 адамға 239 200,0 мың теңге көлемінде шағын несие берілді.

Сонымен қатар, 187 адамға 730 300,0 мың теңге қайтарылған қаржы есебінен берілді.

«Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 3 677 адам қамтылды (жоспар 2900 адам).

2021 жылдың 1 қаңтарына жаңа бизнес идеяларды іске асыру үшін 2403 адамға 1 331 000,0 мың теңге грант берілді.

Бағдарламаның үшінші бағыты шеңберінде 7 684 600,0 мың теңге бөлінді. Оның ішінде:

- әлеуметтік жұмыс орындарына – 217 400,0 мың теңгеге 1010 адамға;
- жастар практикасына – 598 500,0 мың теңгеге 1 541 адамға;
- қоғамдық жұмысқа – 6 868 700,0 мың теңгеге 18 087 адамға.

2020 жылдың қортындысы бойынша әлеуметтік жұмыс орындарына 1 375 адам, жастар практикасына 1 932 түлек, қоғамдық жұмыс орындарына 19 972 жұмыссыз азамат жолданды.

Электрондық еңбек биржасына тікелей жұмысқа 15 783 адам орналастырылды.

Кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы бойынша «Еңбек» бағдарламасы шеңберінде «Жаппай кәсіпкерлікті дамыту» екінші бағыты бойынша «микрокредиттеуді кеңейту, кредиттерге/микрокредиттерге кепілдік беру» міндеттерін іске асыруға 2020 жылға – 279 200,0 мың теңге, оның ішінде 239 200,0 мың теңге микрокредиттеуге және 40 000,0 мың теңге қалалар мен моноқалаларда кредиттерге кепілдік беруге бөлінді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша қалалар мен моноқалаларда 239 200,0 мың теңге сомасына 24 кредит және кредиттер бойынша 26 кепілдік берілді, 25 жаңа жұмыс орны құрылды (Талдықорған қ. – 227 200,0 мың теңге сомасына 22 жоба. Текелі, 12 000,0 мың теңге сомасына 2 жоба).

4. «Нұрлы Жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасы аясында 41 214 000,0 мың теңге қаражат қарастырылған.

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы бойынша сумен жабдықтау және су беру бойынша 19 жоба іске асырылды 11 жоба 2021 жылға өтпелі, 2020 жылы 11 080 300,0 мың теңге игерілді.

Құрылыс басқармасы бойынша 2020 жылы бюджет қаражаты есебінен 246,2 мың шаршы метр тұрғын үйдің немесе 3 258 пәтердің (714 тұрғын үй)

құрылысы басталды, оның ішінде 2020 жылы жалпы ауданы 116,6 мың шаршы метр болатын 1 233 пәтерлік 275 үй пайдалануға берілді.

5. Өңірлерді дамытудың 2020 жылға дейінгі бағдарламасы аясында 5 430 000,0 мың теңге қаражат қарастырылған.

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы бойынша 2020 жылы «Өңірлерді дамыту» бағдарламасы шеңберінде Қапшағай қаласының жылу желілерін реконструкциялау және салу жөніндегі 2 жобасын аяқтауға 592 556 мың теңге (РБ – 551 159 мың теңге, ЖБ – 41 397 мың теңге) бөлінді. Жыл қорытындысы бойынша барлық қаражат игерілді.

Құрылыс басқармасы бойынша 2020 жылы бюджет қаражаты есебінен 4 - дене шынықтыру-сауықтыру нысандарының құрылысы басталды: Көксу, Балхаш, Ескелді және Ұйғыр аудандарында. Оның ішінде 2020 жылы Көксу және Балхаш аудандарындағы 2- дене шынықтыру сауықтыру нысандары пайдалануға берілді.

6. «Жұмыспен қамтудың жол картасы 2020-2021» бағдарламасы аясында 87 305 600,0 мың теңге қаражат қарастырылған.

Жұмыспен қамту жол картасының шеңберінде 1040 жоба іске асырылды. Оның 2021 жылдың 1 қаңтарына 982 объектісінде жұмыстар аяқталды (93,9%, 1046), 58 жоба 2021 жылға көшті.

Жұмыспен қамту жол картасы бағдарламасы іске асырылған кезден бастап 19565 адам жұмысқа орналастырылды (20949 жоспарына 93,6%), оның ішінде 9524 адам жұмыспен қамту орталықтары арқылы (19565 тен үлес салмағы 48,7%).

Жұмыспен қамту жол картасы жобаларына жұмысқа орналасқандардың орташа жалақысы – 89,3мың теңге. Материалдық көмек басқа қаладан келген 38 жұмыскерге 3 200,0 мың теңге төленді.

2020 жылы *Алматы облысы мәдениет саласы* бойынша кешенді іс-шаралар жоспары аясында 536 адамды уақытша жұмыспен қамтыды, 143 адам тұрақты жұмыс орынға тұрды. Өткен жылы Жұмыспен қамтудың белсенді жылдық жоспарға 94,5% орындалды.

«Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасын жүзеге асыру үшін 2020 жылға 4 029 770,0 мың теңге бөлінді.

Бағдарлама бойынша 12 мәдениет нысанға күрделі жөндеу жұмыстары жасалды.

Оның ішінде: МҰ күрделі жұмысы с.Ушбулак Алакол ауданы-350 621,0 мың.тенге, МҰ күрделі жұмысы с.Береке Балхаш ауданы 216 604,0 мың.тенге ,аудандық МҰ күрделі жұмысы Есік қаласы Енбекшиказак ауданы 572 703,0 мың.тенге, МҰ күрделі жұмысы Кольды а.Енбекшиказак ауданы 224 340,0 мың.тенге, МҰ күрделі жұмысы Бахтыбай а. Ескельді ауданы 584 225,0 мың.тенге ,МҰ күрделі жұмысы Береке а. Карасай ауданы 623 960,0 мың.тенге ,МҰ күрделі жұмысы Узынбулак а.Кеген ауданы 307 757,0 мың.тенге. МҰ күрделі жұмысы Тасаши а. Кеген ауданы 182 722,0 мың.тенге, МҰ күрделі жұмысы Амангелды а. Коксу ауданы 423 001,0 мың.тенге ,МҰ күрделі

жұмысы Нагараши а. Панфилов ауданы 188 753,0 мың.тенге, аудандық МҰ күрделі жұмысы Талғар қаласы Талғар ауданы 32 156,0 мың.тенге ,МҰ күрделі жұмысы Кетпен а. Уйгур ауданы 322 928,0 мың.тенге.

Ескельді ауданы Бақтыбай МҰ күрделі жұмысы аяқталуы 2021 жылға жоспарланды 179 700,0 мың тенге.

Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы бойынша бағдарламасы аясында жылумен және электрмен жабдықтау бойынша 38 жобаны іске асыруға 2020 жылы 4 898 700,0 мың теңге бөлінді. Жыл қорытындысы бойынша 32 жоба аяқталып 4 480 301 мың теңге игерілді. Жалпы сомасы 418 433 мың теңгені құрайтын 6 жоба 2021 жылға ауыстырылды. Сумен жабдықтау және су бұру бойынша 62 жоба іске асырылды 7 жоба 2021 жылға өтпелі.

Білім басқармасы бойынша 41 білім беру нысандарының күрделі жөндеу жұмыстарына 18044,5 мың.тенге бөлінді. Оның ішінде республикалық бюджеттен 37 білім беру нысанына 16959,7 мың.тенге, заимдар есебінен 4 нысанға 1084,7 мың.тенге бөлінді. 2021 жылы 23 білім беру нысандарының күрделі жөндеу жұмыстарын жасау жоспарланып, оған бюджеттен 9 400 000,0 мың теңге қаржы бөлінді.Бүгінде ұшауысымда оқитын мектептер саны 49 бірлік. Ұшауысымда оқытуды жою үшін 2020 жылы 1500 орындық 4 мектеп құрылысы салынып, қолданысқа берілді. 2021 жылы 5250 орындық 9 мектеп құрылысын салу жоспарланды.Сонымен қатар 1 апатты мектептің мәселесін шешу үшін жаңа мектеп (*Панфилов ауданы Аққұдық ауылында 180 орындық ОМ*) салынып, тамыз айында пайдалануға беріледі.

Құрылыс басқармасы бойынша 2020 жылы бюджет қаражаты есебінен 21 нысанның құрылысы басталды, оның ішінде 11 - денсаулық сақтау нысандары, 4-Ауыл шаруашылығы объектілерін дамыту, 6-білім беру нысандары, 1-элеуметтік қамсыздандыру нысаны және 1- мұрағат ғимараттарын салу нысаны. 2020 жылы 23 нысанның ішінен 7 пайдалануға берілді, 16 нысанның құрылысы жалғасуда.

IV БӨЛІМ. ЖЕКЕЛЕГЕН БАҒЫТТАР БОЙЫНША НӘТИЖЕЛЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ

4.1. Бюджеттік инвестициялық жобалардың іске асырылу тиімділігін бағалау

2020 жылға бюджеттік инвестициялардың бекітілген көлемі 91 540 537,0 мың теңгені құраған.

Бюджеттік инвестициялардың түзетілген көлемі 119 122 689,0 мың теңгені құраған, оның ішінде республикалық бюджет есебінен 30 474 056,0 мың теңге (25,6%), жергілікті бюджет қаражаты есебінен 50 637 717,0 мың теңге (42,5%), бюджеттік кредиттер есебінен 38 010 916,0 мың теңге (31,9%).

Бюджеттік инвестициялардың жалпы көлемінде 2019 жылдағы сияқты тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы шығыстары ең үлкен үлес салмағына ие (2019 жылы 28 562 422,6 мың теңге), ол 44 784 468,0 мың теңге) немесе 37,6%

Бюджеттік инвестициялардың құрылымы:

(млн.тг)

| № | Атаулары | Қарастырылғаны | % | Аудандық бюджеттерге берілген көлемі | % |
|-----------------|--|------------------|------|--------------------------------------|-------------|
| 1 | Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық | 44 784,5 | 37,6 | 44 581,5 | 99,5 |
| 2 | Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру | 17 109,1 | 14,4 | 17 064,2 | 99,7 |
| 3 | Білім | 15 931,2 | 13,4 | 13 703,4 | 86,0 |
| 4 | Денсаулық сақтау | 11 960,6 | 10,0 | | |
| 5 | Өзгелері | 8 502,6 | 7,1 | | |
| 6 | Көлік және коммуникация | 6 944,4 | 5,8 | 22,0 | 0,3 |
| 7 | Отын-энергетика кешені және жер қойнауын пайдалану | 4 937,3 | 4,1 | | |
| 8 | Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары | 2 708,0 | 2,3 | | |
| 9 | Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік | 2 380,8 | 2,0 | | |
| 10 | Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі | 2 105,1 | 1,8 | 2 105,1 | 100,0 |
| 11 | Қорғаныс | 1 246,5 | 1,0 | | |
| 12 | Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі | 512,5 | 0,4 | | |
| Барлығы: | | 119 122,7 | | 77 476,2 | 65,0 |

2020 жылғы бюджеттік инвестициялық жобаларға қарастырылған қаражаттың 77 476 226,0 мың теңгесі немесе 65,0 % аудандық облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне берілген.

2020 жылы бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру:

Өткен жылдағы сияқты бюджеттік инвестициялық жобалардың Алматы облысының құрылыс басқармасының қаржыландыру көлемі 73 643 746,0 мың теңге немесе бюджеттік инвестиция жалпы көлемінің 61,8%;

Алматы облысының энергетик және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының қаржыландыру көлемі 32 659 456,0 мың теңге немесе бюджеттік инвестиция жалпы көлемінің 27,4%;

Алматы облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының қаржыландыру көлемі 7 565 449,0 мың теңге немесе бюджеттік инвестиция жалпы көлемінің 6,4%;

Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасының қаржыландыру көлемі 5 169 145,0 мың теңге немесе бюджеттік инвестиция жалпы көлемінің 4,3%;

Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының қаржыландыру көлемі 84 893,0 мың теңге немесе бюджеттік инвестиция жалпы көлемінің 0,1%.

Келесі облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілері арқылы аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер түрінде бюджеттік инвестициялар жіберілген:

Алматы облысының құрылыс басқармасының қаржыландыру көлемі 49 614 401,0 мың теңге немесе басқарма арқылы қарастырылған қаражаттың 67,4%;

Алматы облысының энергетик және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының қаржыландыру көлемі 27 218 754,0 мың теңге немесе бюджеттік инвестиция жалпы көлемінің 83,3%;

Алматы облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының қаржыландыру көлемі 643 071,0 мың теңге немесе бюджеттік инвестиция жалпы көлемінің 8,5%.

2020 жылға облыс көлемінде жалпы сомасы 91 540 537,0 мың теңгеге 259 жоба іске асырылу көзделіп бекітілген, оның ішінде; облыстық деңгейдегі жобалар 17 132 086,0 мың теңгеге 43 жоба (*РБ 9 702 485,0 мың, ЖБ 7 429 601,0 мың теңге*), Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне трансферттер мен кредиттер есебінен 74 408 451,0 мың теңгеге 216 жоба (*РБ 21 678 345,0 мың, ЖБ 52 730 106,0 мың теңге*).

Жыл ішінде қосымша облыс көлемінде жалпы сомасы 62 615 767,0 мың теңгеге 142 жоба іске асырылу көзделіп қосылған, оның ішінде; облыстық деңгейдегі жобалар 24 253 244,0 мың теңгеге 56 жоба (*РБ 4 166 225,0 мың, ЖБ 20 087 019,0 мың теңге*), Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне трансферттер мен кредиттер есебінен 38 362 523,0 мың теңгеге 86 жоба (*РБ 8 552 815,0 мың, ЖБ 29 809 708,0 мың теңге*).

2020 жыл ішінде қосымша облыс көлемінде жалпы сомасы 2 949 123,0 мың теңгенің 17 жобасы жойылған, оның барлығы Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне трансферттер мен кредиттер бойынша (*РБ 1 926 670,0 мың, ЖБ 1 022 453,0 мың теңге*).

Сонымен қатар 2020 жылдың көлемінде жалпы сомасы 19 590 895,0 мың теңгеге 33 жоба бойынша ұлғайтулар жасалған, оның ішінде; облыстық деңгейдегі жобалар бойынша 10 879 235,0 мың теңгеге 9 жобаға (*ЖБ 10 879 235,0 мың теңге*), Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың

бюджеттеріне трансферттер мен кредиттер бойынша 8 711 660,0 мың теңге бойынша 24 жоба (*РБ 648 392,0 мың, ЖБ 8 063 268,0 мың теңге*).

Сондайақ 2020 жылдың көлемінде жалпы сомасы 51 675 387,0 мың теңгеге 232 жоба бойынша кемітілулер жасалған, оның ішінде; облыстық деңгейдегі жобалар бойынша 10 623 052,0 мың теңгеге 62 жобаға (*РБ 1 848 244,0 мың, ЖБ 8 774 808,0 мың теңге*), Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне трансферттер мен кредиттер бойынша 41 052 335,0 мың теңге бойынша 170 жоба (*РБ 10 499 292,0 мың, ЖБ 30 553 043,0 мың теңге*).

2020 жылғы 21 желтоқсандағы «2020 жылға арналған облыстық бюджет көрсеткіштерін түзету туралы» №493 қаулысының №3 қосымшасына сәйкес бюджеттік инвестициялардың нақтыланған көлемі 119 122 689,0 мың теңгеге 384 жобаны құраған оның ішінде; облыстық деңгейдегі жобалар 41 641 513,0 мың теңгеге 99 жоба (*РБ 12 020 466,0 мың, ЖБ 29 621 047,0 мың теңге*), Аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне трансферттер мен кредиттер есебінен 77 481 176,0 мың теңгеге 285 жоба (*РБ 18 453 590,0 мың, ЖБ 59 027 586,0 мың теңге*).

2020 жылдың қорытындысы бойынша бюджеттік бағдарлама әкімшілері ұсынған ақпараттарға сәйкес келесі объектілер жоспарланған мерзімдерде аяқталмаған.

1. Райымбек ауданының Нарынқол ауылындағы тирі және фронт-офисі бар АІБ ғимаратына жапсаржай (*жұмыс жобасына облыстық полиция департаменті тарапынан өзгертулер енгізілуіне байланысты*)

2. Жамбыл ауданы Сарыбай би ауылында бір ауысымда 25 адам қабылдайтын дәрігерлік амбулатория салу (*жұмыс жүргізу кестесінен артта қалуға байланысты аяқталмады*)

3. Қарасай ауданының Долан ауылында бір ауысымда 25 адам қабылдайтын дәрігерлік амбулатория салу (*жұмыс жүргізу кестесінен артта қалуға байланысты аяқталмады*)

4. Талдықорған қаласындағы ШЖҚ МКК 300 төсектік көпбейінді аурухана жанынан Патологоанатомиялық бөлімше салу (*қалған қаражаттың кеш бөлінуіне байланысты аяқталмады*)

5. Талдықорған қ. Еркін ауылында 100 адам қабылдайтын ВА салу (*жұмыс жүргізу кестесінен артта қалуға байланысты аяқталмады*)

6. Алматы облысы Ұйғыр ауданы Шонжы ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы "РП" (*21.09.2020 ж. 3-блоктың метелл конструкциясының құлау фактісі орын алуына байланысты құрылыс жұмыстары уақытша тоқсатылды. Жобаға түзету енгізілуде*)

7. Алакөл ауданы Алакөл көлінің қоршау бөгетін салу (*қаражаттың толық бөлінбеуі, ауа-райының қолайсыздығына байланысты*)

8. Ескелді ауданы Абай ауылындағы 25 орындық шағын орталығы бар 180 орындық орта мектеп құрылысы (бейімделген) (*Мердігердің жұмыстарына немқұрайлы қарау салдарынан*)

9. "Алматы облысы Талғар ауданындағы индустриялық аймақ үшін инженерлік-көліктік инфрақұрылым құрылысы. Сыртқы кәріз» *(ауа-райының қолайсыздығына байланысты)*

Осылайша, 6 бюджеттік даму бағдарламасы бойынша бюджет қаражатын игермеу инвестициялық жобалардың нәтижелеріне қол жеткізбеуіне, оны іске асыру нәтижесінде күтілетін әлеуметтік-экономикалық пайданы алмауға әкелген.

4.2. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджет қаражатының пайдаланылу тиімділігін бағалау.

Облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығымен бекітілген «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидалары және олардың мазмұнына қойылатын талаптар» мүлдем сақталмаған,

Облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан бюджеттік бағдарламалар аталған талаптарда көрсетілген мерзімдерде бекітілген.

Алайда, бюджеттік бағдарламалар бойынша түпкілікті нәтиже, тікелей нәтиже қажет болған кезде бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру тиімділіктері айқындалмаған.

Негізінде 2020 жылға бюджет есебінен тиісті мақсаттар мен міндеттемелерге және жергілікті деңгейде мемлекет саясатын жүргізу бойынша қарастырылған қаражаттар тиісті мақсаттарға жету облыстың әлеуметтік экономикалық көрсеткіштерін нығайтуға жұмсалған деген тұжырым жасалды.

2020 жылы облыс бюджетінің шығыс бөлігінің орындалуы 31 бюджеттік бағдарлама әкімшісі, 285 бюджеттік бағдарлама бойынша жүзеге асырған.

Дегенмен жылдың аяғына үнемделген және бюджеттік бағдарламалар бойынша қалыптасқан қалдықтарды есептемегенде төменде көрсетілген бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан Қазақстан Республикасының Бюджет Кодексінің нәтижелілік қағидаты сақталмай - мемлекеттік органдардың бюджеттік бағдарламаларында көзделген нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізілмеген.

Облыстық бюджетінің **1 006 776,8 мың теңгесі** төменде көрсетілген бағыттар бойынша игерілмей қалған, олар:

Ауылшаруашылық басқармасы бойынша 526 496,7 мың теңге:

499 405,1 мың теңгесі – республикалық бюджет инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу- бағдарлама бойынша өтінімдер ауыл шаруашылығы министрінің 23.07.2018ж. №317 бұйрығымен бекітілген субсидиялау қағидаларына сәйкес 15.12.2020 ж. дейін қабылданады, "Агро Импекс Алатау" ЖШС компаниясы "жылыжай кешенін салу және кеңейту" жобасы бойынша 441 700,0 мың теңге өтінім берді және толық растайтын құжаттарды тіркемеді, осыған байланысты

өтпеді, 15.12.20 ж. өтінімді қайта берген кезде инвестор 167 100,0 мың теңгеге ғана шығындарды растағаны, осыған ұқсас тағы 6 инвестордың шығындарын толық растай алмағаны анықталған;

25 316,0 мың теңгесі – Су шаруашылығы құрылыстарын қалпына келтіру бойынша орындалған жұмыстардың актілері жоқ болғандықтан;

1 775,6 мың теңгесі – басқа да шығыстардан игерілмей қалған қалдық.

Полиция департаменті бойынша 108 930,3 мың теңге:

99 977,7 мың теңгесі – тергеу қамауындағыларды тасымалдауға арналған арнайы машина жеткізілмегендіктен;

5 533,5 мың теңгесі - материалдық-техникалық базаны нығайтуға тауарлар (арнайы жабдықтар) жеткізілмегендіктен;

3 419,1 мың теңгесі – басқа да шығыстардан игерілмей қалған қалдық.

Кәсіпкерлік және индустриалық - инновациялық даму басқармасы бойынша 104 854,1 мың теңге:

73 054,0 мың теңгесі – сыртқы кәріз құрылысы;

18 900,0 мың теңгесі- "ИЗ Талгар" үшін сыртқы газбен жабдықтау;

12 700,0 мың теңгесі - Іле ауданында сояны терең өңдеу зауытын сыртқы электрмен жабдықтау - объектілерді пайдалануға қабылдау актілері болмағандықтан;

200,0 мың теңгесі басқа да шығыстардан игерілмей қалған қалдық.

Облыстың құрылыс басқармасы бойынша 92 800,0 мың теңге:

51 100,0 мың теңгесі – Қарасай ауданы Долан, Жамбыл ауданы Үңгіртас және Сарыбай ауылдарындағы дәрігерлік амбулатория құрылысы, Талдықорған қаласындағы 300 төсектік көпсалалы ауруханаға қабылдау бөлмесіне арналған қосымша құрылыс бойынша қалыптасқан үнем;

24 900,0 мың теңгесі Талдықорған қ. Еркін ауылындағы 100 келушіге арналған дәрігерлік амбулаториясы бойынша құрылыс жұмыстарынан қалған 5% қалдық;

9 500,0 мың теңгесі Жамбыл және Балқаш аудандарының суару желілерін қайта жаңартуға ЖСҚ әзірлеуге мемлекеттік сараптама қорытындысы болмағандықтан;

4 600,0 мың теңгесі Талдықорған қаласындағы муз.колледждің жатақханасының құрылысына ЖСҚ әзірлеуге мемлекеттік сараптама қорытындысы болмағандықтан;

2 700,0 мың теңгесі басқа да шығыстардан игерілмей қалған қалдық.

Цифрлық технологиялар басқармасы бойынша 51 237,1 мың теңге:

50000,1 мың теңгесі Бағдарламалық-аппараттық кешенді сатып алу бойынша жұмыстар дер кезінде орындалмағандықтан;

1 237,0 мың теңгесі басқа да шығыстардан игерілмей қалған қалдық.

Энергетика және коммуналдық шаруашылық басқармасы бойынша 20 550,3 мың теңге:

16 400,0 мың теңгесі – Көксу ауданы Жамбыл ауылы мен Қаратал ауданы Қанабек ауылына газ тарату желілерін салу бойынша орындалған жұмыстардың актілері жоқ болғандықтан;

2 300,0 мың теңгесі - Жетіген ауылында газ тарату желілерінің құрылысына ЖСҚ әзірлеу бойынша мемлекеттік сараптаманың қорытындысы жоқ;

1 900,0 мың теңгесі – басқа да шығыстардан игерілмей қалған қалдық.

Білім басқармасы басқармасы бойынша 17 900,0 мың теңге:

15 800,0 мың теңгесі – Мемлекеттік білім беру кәсіпорындарын күрделі жөндеу бойынша орындалған жұмыстардың актілері жоқ болғандықтан;

2 100,0 мың теңгесі – басқа да шығыстардан игерілмей қалған қалдық.

Облыс әкімінің аппараты бойынша 10 300,0 мың теңге:

6 400,0 мың теңгесі – материалдық-техникалық базаны нығайтуға тауарлар (компьютерлер) жеткізілмегендіктен;

3 900,0 мың теңгесі – басқа да шығыстардан игерілмей қалған қалдық.

Облыстағы басқада бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша бюджеттік бағдарламалар бойынша жыл аяғына қалыптасқан қалдықтар 35 000,0 мың теңгені құраған.

Облыс әкімінің бағытталмаған резервтері 37 200,0 мың теңгені құраған.

2020 жылы облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілері мен оларға бағынышты мекемелер бойынша Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті және Тексеру комиссиясымен жүргізілген аудиторлық іс- шаралар

| № | № | Іс-шараның және мемлекеттік аудит объектілерінің аты | Анықталған бұзушылықтар | Оның ішінде: | | | Ескертпе |
|---|---|--|-------------------------|-----------------------|------------------------------------|------------------------------------|-------------------|
| | | | | Қаржылық бұзушылықтар | Бюджет қаражатын тиімсіз жоспарлау | Бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану | |
| 1 | | Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасының 3-бағытын іске асырылуы және Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған Жол картасының тиімділігінің мемлекеттік аудиті | 36471,4 | 830,0 | 34606,5 | 1034,9 | Бірлескен іс-шара |
| | 1 | "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" ММ | 4,9 | 0,2 | 0,0 | 4,7 | |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---------------|---------------|------------|---------------|------------------|
| | | "Талдықорған қаласының жұмыспен қамту орталығы" КММ | 4,9 | 0,2 | 0,0 | 4,7 | |
| | 2 | "Құрылыс басқармасы" ММ | 31987,5 | 242,2 | 31745,3 | 0,0 | |
| | 3 | "Энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармасы" ММ | 784,7 | 119,5 | 665,3 | 0,0 | |
| | 4 | "Білім басқармасы" ММ | 314,3 | 314,3 | 0,0 | 0,0 | |
| | 5 | "Денсаулық сақтау басқармасы" ММ | 44,9 | 44,9 | 0,0 | 0,0 | |
| | 6 | "Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" ММ | 2167,0 | 23,4 | 2143,6 | 0,0 | |
| | 7 | "Дене шынықтыру және спорт басқармасы" ММ | 61,8 | 61,8 | 0,0 | 0,0 | |
| | 8 | "Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" ММ | 1106,3 | 23,7 | 52,4 | 1030,2 | |
| 2 | | Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын, сондай-ақ дағдарысқа қарсы шараларға бағытталған қаражатты және ауыл шаруашылығы бизнесін қолдаудың өңірлік бағдарламаларын пайдаланудың тиімділігі | 4759,1 | 3085,8 | 0,0 | 1673,3 | Қосарлас іс-шара |
| | 1 | "Ауылшаруашылығы басқармасы" ММ | 4759,1 | 3085,8 | 0,0 | 1673,3 | |
| 3 | | Жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы | 1,0 | 1,0 | 0,0 | 0,0 | |
| | 1 | "Мемлекеттік сәулет, құрылыс бақылау басқармасы" ММ | 1,0 | 1,0 | 0,0 | 0,0 | |
| 4 | | Жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | |
| | | "Еңбек инспекциясы басқармасы" ММ | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | |

| | | | | | | | |
|----|--|---|--------------|--------------|------------|------------|--|
| 5 | | Жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы | 6,1 | 6,1 | 0,0 | 0,0 | |
| | | <i>"Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы" ММ</i> | <i>6,1</i> | <i>6,1</i> | <i>0,0</i> | <i>0,0</i> | |
| 6 | | Жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы | 722,5 | 722,5 | 0,0 | 0,0 | |
| | | <i>"Сәулет және қалақұрылысы басқармасы" ММ</i> | <i>722,5</i> | <i>722,5</i> | <i>0,0</i> | <i>0,0</i> | |
| 7 | | Жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы | 3,4 | 3,4 | 0,0 | 0,0 | |
| | | <i>"Ветериария басқармасы" ММ</i> | <i>3,4</i> | <i>3,4</i> | <i>0,0</i> | <i>0,0</i> | |
| 8 | | Жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | |
| | | <i>"Үшкі саясат басқармасы" ММ</i> | <i>0,0</i> | <i>0,0</i> | <i>0,0</i> | <i>0,0</i> | |
| 9 | | Төтенше жағдай мен карантиндік шектеулердің қолданылу кезеңінде коронавирустық инфекциямен күресті қамтамасыз етуде тиісті аумақтық денсаулық сақтау субъектілерінің бюджет қаражатын пайдалану тиімділігінің аудиті | 4,7 | 4,7 | 0,0 | 0,0 | |
| | | <i>"Денсаулық сақтау басқармасы" ММ</i> | <i>4,7</i> | <i>4,7</i> | <i>0,0</i> | <i>0,0</i> | |
| 10 | | Жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы | 0,1 | 0,1 | 0,0 | 0,0 | |
| | | <i>"Жер қатынастары басқармасы" ММ</i> | <i>0,1</i> | <i>0,1</i> | <i>0,0</i> | <i>0,0</i> | |
| 11 | | Жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | |

| | | | | | | | |
|-----------------|--|--|----------------|---------------|----------------|---------------|--|
| | | заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы | | | | | |
| | | "Жастар саясаты басқармасы" ММ | 0,0 | 0,0 | 0,0 | 0,0 | |
| 12 | | Жергілікті бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамаларына сәйкес пайдаланылуы | 1,5 | 1,5 | 0,0 | 0,0 | |
| | | "Дін істері жөніндегі басқармасы" ММ | 1,5 | 1,5 | 0,0 | 0,0 | |
| Барлығы: | | | 41969,9 | 4655,2 | 34606,5 | 2708,2 | |

4.3. Мемлекет активтерінің пайдаланылу тиімділігін бағалау.

Облыстық коммуналдық меншік активтерінің құны 2021 жылдың 1 қаңтарына 98 298 260,3 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- жер 409 996,8 мың теңге;
- ғимараттар - 14 005 849,3 мың теңге;
- автокөлік құралдары - 4 525 178,5 мың теңге;
- машиналар мен жабдықтар - 13 582 465,4 мың теңге;
- құрал-саймандар, Өндірістік мүкәммал – 1 696 605,6 мың теңге;
- басқа негізгі құралдар - 3 606 725,5 мың теңге;
- биологиялық активтер - 19 496,0 мың теңге;
- материалдық емес активтер - 1 575 106,8 мың теңге;
- Құрылыстар (сооружения) - 5 506 966,9 мың теңге;
- беру құрылғылары (передаточные устройства) - 53 369 869,5 мың теңге.

2020 жылы жалпы саны 139 коммуналдық меншік объектілерін жалға беру келісім шарттары жасалып, жалға берілген объектілер бойынша бюджет есебіне 55 741,9 мың теңге қаражат түсті, жыл басына бекітілген жоспардан 59,3% ал 2019 жылмен салыстырғанда 51,3% кеміген. (2020 жылы орын алған COVID-19 пандемиясы жағдайына байланысты жалға алынған объектілер бойынша түсімдер азайған)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы №1141 қаулысымен бекітілген «Жекешелендірудің 2016 - 2020 жылдарға арналған кешенді жоспары» аясында Алматы облысының облыстық коммуналдық меншігіндегі 19 объект бәсекелес ортаға беруге ұсынылған (2 объект 2015-2016 жылдары сатылып кеткен), 2017-2019 жылдар аралығында Кешенді жоспарға сәйкес 14 коммуналдық меншік объектілері бойынша, келесі шаралар атқарылған:

- 2 объект 14 470,7 мың теңгеге сатылған (14 249,5 мың теңгеге «УКС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 221,2 мың теңгеге «ПРИБОРОРЕМОНТ» акционерлік қоғамы);

- 3 объект 71 684,8 мың теңгеге кейіннен сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға берілген (14 989,0 мың теңгеге «Ақши-Агросервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, 19 530,0 мың теңгеге "Алматы облыстық санитарлық вереринарлық-дезинфекциялық отряд" жауапкершілігі шектеулі серіктістігі, 37 165,8 мың теңгеге «Алматы облысының өңірлік мемлекеттік жеке меншік әріптестік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі);

- 6 объект Алматы облысы әкімінің тиісті қаулыларына сәйкес жойылған («Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Ұлттық спорт түрлері бойынша кәсіби клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, «Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Қапшағай кәсіби баскетбол клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, «Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Іле кәсіпқой гандбол клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, «Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Талдықорған» облыстық ипподромы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, «Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Бесарыс» көгалдағы хоккей бойынша кәсіби клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, «Жетісу Жаңа Құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі)

- 3 объект бойынша басқа коммуналдық меншік объектілеріне қосу арқылы қайта ұйымдастырулар жасалған («Жетісу Авиакомпаниясы» акционерлік қоғамы, «Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жетісу» командасының кәсіпқой футбол клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, «Алматы облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жетісу» кәсіптік волейбол клубы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны).

2020 жылы жекешелендірудің 2016 - 2020 жылдарға арналған кешенді жоспары бойынша сатылған немесе басқа операциялар бәсекелі ортаға беруге ұсынылған объектілер болмаған.

Жалпы салықтық емес түсімдердің ішіндегі облыстың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер елеусіз 55 741,9 мың теңгені немесе 1,8% құрайды. (2019 жылы бұл көрсеткіш 5,6% немесе 114 574,7 мың теңгені құраған)

4.4. Квзимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылу тиімділігін бағалау

Облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне қарасты, облыс көлемінде 136 квзимемлекеттік сектор субъектілері тіркелген, оның ішінде: 51 мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын, 76 шаруашылық жүргізу

құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындар, 6 жауапкершілігі шектеулі серіктестік және 3 акционерлік қоғам тіркелген.

Жоғары көрсетілген субъектілердің салалар бойынша бөлініс дені келесідей, Денсаулық сақтау 48 субъект 35,3%, Білім беру саласы 39 субъект 28,7%, Ауыл шаруашылығы және ветеринария салалары 28 субъект 20,6%, Мәдениет және спорт саласы 11 субъект 8,1%, қалған 10 субъект 7,4% басқа салалардың еншісінде.

Басқару органдарынан алынған жедел ақпараттарға сәйкес облыс деңгейіндегі квазимемлекеттік сектор субъектілері 2020 жылды келесі нәтижелермен аяқтаған:

* Пайдамен 52 квазимемлекеттік сектор субъектісі;

* Зиянмен (шығынмен) 29 квазимемлекеттік сектор субъектісі;

* Нөлдік қаржылық нәтижемен 55 квазимемлекеттік сектор субъектісі.

Басқармалардың бағынышты кәсіпорындары бойынша қаржы нәтижелері келесідей:

| № | Басқармалар | Бағынышты субъектілер саны | Қаржылық нәтижелері | | | | | |
|----|---|----------------------------|---------------------|-------|----------|-------|------------------|-------|
| | | | Пайдамен | | Шығынмен | | Нөлдік нәтижемен | |
| | | | саны | % | саны | % | саны | % |
| 1 | Денсаулық сақтау басқармасы | 48 | 20 | 41,7 | 3 | 6,3 | 25 | 52,1 |
| 2 | Білім басқармасы | 39 | 16 | 41,0 | 16 | 41,0 | 7 | 17,9 |
| 3 | Ауыл шаруашылығы басқармасы | 8 | 6 | 75,0 | 2 | 25,0 | 0 | 0,0 |
| 4 | Ветеринария басқармасы | 20 | 7 | 35,0 | 2 | 10,0 | 11 | 55,0 |
| 5 | Мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы | 7 | | 0,0 | | 0,0 | 7 | 100,0 |
| 6 | Ішкі саясат басқармасы | 3 | 0 | 0,0 | 2 | 66,7 | 1 | 33,3 |
| 7 | Туризм басқармасы | 1 | | 0,0 | 1 | 100,0 | | 0,0 |
| 8 | Кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы | 3 | 2 | 66,7 | 1 | 33,3 | | 0,0 |
| 9 | Құрылыс басқармасы | 1 | 1 | 100,0 | | 0,0 | | 0,0 |
| 10 | Сәулет және қалақұрылысы басқармасы | 1 | | 0,0 | 1 | 100,0 | | 0,0 |
| 11 | Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы | 1 | | 0,0 | | 0,0 | 1 | 100,0 |

| | | | | | | | | |
|----------------|--------------------------------------|------------|-----------|-------------|-----------|-------------|-----------|-------------|
| 12 | Дене шынықтыру және спорт басқармасы | 4 | | 0,0 | 1 | 25,0 | 3 | 75,0 |
| Барлығы | | 136 | 52 | 38,2 | 29 | 21,3 | 55 | 40,4 |

2 жыл қатарынан қаржы шаруашылық нәтижесі бойынша өз жұмысын нөлдік нәтижемен келесі квазимемлекеттік сектор субъектілері аяқтаған:

Денсаулық сақтау басқармасына қарасты келесі квазимемлекеттік сектор субъектілері:

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Балқаш аудандық орталық ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны 2019 жылды 62,0 мың теңге, 2020 жылды 24,0 мың теңге шығынмен.

«Алматы облысының паллиативтік көмек ауруханасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны 2019 жылды 5 260,0 мың теңге, 2020 жылды 18 000,5 мың теңге шығынмен.

Ішкі саясат басқармасына қарасты келесі квазимемлекеттік сектор субъектілері:

«Жетісу Телеарнасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2019 жылды 44 334,9 мың теңге, 2020 жылды 78 814,0 мың теңге шығынмен.

«Өлке тынысы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 2019 жылды 21 909,0 мың теңге, 2020 жылды 22 675,0 мың теңге шығынмен.

Дене шынықтыру және спорт басқармасына қарасты келесі квазимемлекеттік сектор субъектісі:

«Жастар спорт ойын түрлері клубы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 2019 жылды 288 657,0 мың теңге, 2020 жылды 309 659,0 мың теңге шығынмен.

Туризм басқармасына қарасты келесі квазимемлекеттік сектор субъектісі:

«Алматы облысының туризм басқармасы» «Алматы облысының туристік ақпараттық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 2019 жылды 32 958,0 мың теңге, 2020 жылды 5 314,0 мың теңге шығынмен.

Ветеринария басқармасына қарасты келесі квазимемлекеттік сектор субъектілері:

«Алматы облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ветеринариялық пункттері бар Жамбыл ауданының ветеринариялық станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2019 жылды 50 950,0 мың теңге, 2020 жылды 63 753,0 мың теңге шығынмен.

«Алматы облысының ветеринария басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ветеринариялық пункттері бар Ұйғыр ауданының ветеринариялық станциясы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2019 жылды 15 077,3 мың теңге, 2020 жылды 7 348,0 мың теңге шығынмен.

Білім басқармасына қарасты келесі квазимемлекеттік сектор субъектілері:

«Талдықорған жоғары политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 2019 жылды 13195,9 мың теңге, 2020 жылды 187,9 мың теңге шығынмен.

«Сарыжаз кәсіптік-техникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 2019 жылды 8 866,5 мың теңге, 2020 жылды 9 183,2 мың теңге шығынмен.

«Шонжы политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 2019 жылды 8 786,9 мың теңге, 2020 жылды 8 863,0 мың теңге шығынмен.

«Бақанас аграрлы-индустриалдық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны 2019 жылды 3 782,0 мың теңге, 2020 жылды 16 306,0 мың теңге шығынмен.

«Ақсу политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны 2019 жылды 418,7 мың теңге, 2020 жылды 20 191,7 мың теңге шығынмен.

Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасына қарасты келесі квазимемлекеттік сектор субъектісі:

«Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағының басқару компаниясы» акционерлік қоғамы 2019 жылды 1 897 670,0 мың теңге, 2020 жылды 10 269 778,0 мың теңге шығынмен.

Алматы облысының ауылшаруашылығы басқармасына қарасты келесі квазимемлекеттік сектор субъектісі:

Шаруашылық жүргізу құқығындағы су шаруашылығы «Колсайирригация» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2019 жылды 1 835,0 мың теңге, 2020 жылды 2 438,0 мың теңге шығынмен.

2020 жылы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері жалпы салықтық емес түсімдердің мүлде елеусіз 0,003% құраған.

V БӨЛІМ. ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІК

5.1. Тұжырымдар:

Кірістер бойынша облыстық бюджеттің параметрлері 100,8% орындалған Кірістер болжамы жыл басындағы бекітілген көлемнен 3 санат бойынша ұлғайтылған 1 санат бойынша кемітілген, нақты түскені болжамнан 3 санат бойынша арту көрсеткішіне 1 санат бойынша (трансферттік түсім) кем түскен;

Өткен жылдардағы сияқты облыстық бюджет кірістерінің басым бөлігі республикалық бюджет есебенен түскен трансферттер құрайды ол 2020 жылы 67,9% құраған, меншікті кірістер 6,9%, төмен тұрған бюджеттерден трансферттер 25,3% құраған;

Өткен жылмен салыстырғанда кірістер 25,4 % негізінен республикалық бюджет есебінен берілетін трансферттер есебінен артқан ал облыстық бюджеттің меншікті кірістері 2019 жылмен салыстырғанда небәрі 2,8% артқан;

Жылдан жылға меншікті облыстық бюджеттің түсімдері бойынша жыл басына бекітілген болжамға тиісті түзетулер енгізу арқылы жоспарланған түсімдерді асыра орындау үрдісі қалыптасқан;

Облыстық бюджеттің шығыстары 2019 жылмен салыстырғанда 177 672 192,7 мың теңгеге өсіп 648 502 393,1 мың теңгені құраған;

Шығындар бойынша облыстық бюджеттің параметрлері 99,8% пайызға орындалған, игерілмеген қаражат 31 бюджеттік бағдарлама әкімшісі бойынша 1 006 776,8 мың теңгені құраған, *оның ішінде 23 бюджеттік бағдарлама әкімшісі 100,0 мың теңгеден төмен қалдықтар орын алған;*

Бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен бюджет қаражатын толық және тиімді игермеулерінің бірден бір себебі қаржылық жыл ішінде игеруге мүмкіндік жоқ соммаларды басқа мақсаттарға бағыттамай игерілуін жылдың аяғына қалдыруы;

Бюджеттік инвестициялардың республикалық бюджет есебінен 25,6%, жергілікті бюджет қаражаты есебінен 42,5%, бюджеттік кредиттер есебінен 31,9% жүзеге асырылған;

Өткен жылдардағы сияқты бюджеттік инвестициялық жобаларға қарастырылған қаражаттың басым бөлігі немесе 65,0% аудандық облыстық маңызы бар қалалардың бюджеттеріне берілген (*2019 жылы 51,1%*).

Бюджеттік инвестициялардың жалпы көлемінде 2019 жылдағы сияқты тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы шығыстары ең үлкен үлеске немесе 37,6% ие (*2019 жылы 39,5%*);

Белгіленген мерзімдерде 9 бюджеттік инвестициялық жобалардың аяқталуы қамтамасыз етілмеген бұл өз кезегінде инвестициялық жобалардың нәтижелеріне қол жеткізбеуіне, оны іске асыру нәтижесінде күтілетін әлеуметтік-экономикалық пайданы алмауға әкелген (*тиісті медициналық көмек, инженерлік-көліктік инфрақұрылым, оқушылардың сапалы білім алуы және бұқаралық спорт*);

Облыстық бюджет шығындарының құрамында 2020 жылы инвестициялық жобаларға қарастырылған қаражат өткен жылға қарағанда едәуір өскені байқалып облыстық бюджет шығындарының 20,8% құраған (*2019 жылы 16,1%*);

Бюджеттік бағдарламаларды әзірлеудің тиісті сапасы қамтамасыз етілмеген, оларды қалыптастыру кезінде, ҚР қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің талаптары мүлдем сақталмай бюджеттік бағдарламалар бойынша түпкілікті нәтиже, тікелей нәтиже қажет болған кезде бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру тиімділіктері айқындалмаған;

Шығындарды жоспарлау кезінде бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасымен өзара іс-қимылының сапасыз жүзеге асыруынан, бюджеттік бағдарламаларды әзірлеуге формальды тәсіл олардың мақсаттарына қол жеткізуге теріс әсер еткен;

2021 жылдың 1 қаңтарына облыстық бюджеттің дебиторлық қарыздары 1 190 887,3 мың теңгеге немесе 5 есе ұлғайып 20 бюджеттік бағдарлама

әкімшісі бойынша 1 389 879,3 мың теңгені құраған, оның ішінде; Өткен жылдардан жалғасып келе жатқан дебиторлық қарыз 198 992,0 мың теңгені құраған бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің талап-арыз жұмыстарының тиісті деңгейде жүргізілмеуі, сот шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін олардың сот орындаушыларымен әлсіз өзара іс-қимылы 1 389 879,3 мың теңгеге бюджет шығындарының қайтымсыз қалу тәуекелін туғызады;

2020 жылы облыстық бюджет есебінен қаржыландырылатын бюджеттік бағдарлама әкімшілері мен оларға бағынышты мекемелер бойынша Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетімен бірлескен 1 аудиторлық іс-шара және Тексеру комиссиясымен жүргізілген 11 аудиторлық іс-шараларының нәтижесінде 4 655 172,6 мың теңге қаржылық бұзушылықтар анықталған;

Бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің төмен жауапкершілігі бюджетті жоспарлануына және атқарылуына жауапты уәкілетті органдарымен бірлесе жұмыс атқармауының және тиісті талдау жұмыстарының жүргізілмеуі себебінен, бюджет қаражатымен сапасыз қолдануға жол беріліп осының салдарынан жалпы сомасы 34 606 539,8 мың теңгенің тиімсіз жоспарлануына және 2 708 214,1 мың теңгенің тиімсіз пайдаланылуына жол берілген;

Бюджет қаражатын пайдалану кезінде бұзушылықтың негізгі себептері:

- бюджет қаражатын пайдаланушылардың ҚР заңнамаларының талаптарын жетік білмеу, қаржылық тәртіптің төмен деңгейі;

- бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, бюджетті жоспарлау және атқару жөніндегі уәкілетті органдардың тарапынан бюджет қаражатын пайдалануын тиімді бақылаудың және мониторингтің болмауы;

- бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан ведомствалық бағынышындағы мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жұмысын тиісті деңгейде үйлестірмеу.

Бюджеттік бағдарлама әкімшілері тарапынан ведомствалық бағынышындағы кәсіпорындар бойынша тиісті талдау жұмыстары мен мониторинг жұмыстарының деңгейі және коммуналдық меншіктің тиімді пайдаланылуы бойынша тиісті есеппен қадағалау деңгейі әліде болса төмен деуге болады. Жинақталған жедел ақпараттарға сүйенгенде облыстық коммуналдық меншіктегі 139 квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тек 38,2% 2020 жылды пайдамен аяқтаған немесе 61,8%-ы жылды шығынмен және нөлдік нәтижемен аяқтаған. Оның ішінде 8 басқармаға қарасты 16 квазимемлекеттік сектор субъектілері 2019-2020 жылды қатар шығынмен аяқтаған;

2016 - 2020 жылдарға арналған Аумақтарды дамыту бағдарламаның 2020 жылы 11 мақсатынан 2-не толық қол жеткізілді, 9-на – ішінара қол жеткізілді, 48 нысаналы индикаторлардың 5 толық қол жеткізілмеген 1-не алдын ала мәліметтерге сәйкес қол жеткізілмеген;

2020 жылыда өткен жылдағы сияқты 6 нысаналы индикаторға қол жеткізілмеген оның ішінде 5 нысаналы индикаторға 2019-2020 жылдары немесе

2 жыл қатар қол жеткізілмеген аталған факті облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы мен аумақтарды дамыту бағдарламасының орындалуына жауапты облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілері және аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың әкімдерімен тиісті үйлесімнің төмен деңгейде жүргізілетінін айқындайды.

5.2. Ұсынымдар:

Облыстық бюджет түсімдерінің сапалы жоспарлануына, меншікті кірістерінің артуына бағытталған жұмыстар жүргізілсін;

Алматы облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен бюджеттік бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға формальды тәсілді болдырмау мақсатында түпкілікті нәтиже, тікелей нәтиже қажет болған кезде бюджеттік бағдарламаны жүзеге асыру тиімділіктерін айқындау бойынша тәртіпті күшейтсін, 2021 жылға бекітілген бюджеттік бағдарламалардың ҚР қолданыстағы нормативтік актілеріне сәйкестендіріп қайта бекітілу мүмкіндігі қарастырылсын;

Алматы облысының қаржы басқармасы Қазақстан Республикасы бюджет жүйесінің принциптеріне сәйкес бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің қызметін тиімді үйлестіру және облыстық бюджеттің сапалы және тиімді атқарылуы жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырсын;

2021 жылдың 1 қаңтарына қалыптасқан 1 389 879,3 мың теңге облыстық бюджеттің дебиторлық қарыздарын жою бойынша талап-арыз жұмыстарын күшейтсін, сот шешімдерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін сот орындаушыларымен өзара іс-қимылды күшейтсін;

Алматы облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы жауапты облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен бірлесе отырып Аумақтарды дамыту бағдарламаның келесі жоспарлы 2021-2025 жылдарға көзделген мақсаттарға, нысаналы индикаторларға қол жеткізу бойынша және жоспарланған іс-шаралар жоспарларының орындауға бағытталған жұмыстарды жүргізсін;

Алматы облысының қаржы басқармасы облыстық коммуналдық меншіктегі квазимемлекеттік сектор субъектілері бойынша мониторинг және қаржы шаруашылық нәтижелері бойынша ақпарат жинаумен шектелмей, тиісті квазимемлекеттік сектор субъектілері бағынышты облыстық бюджеттік бағдарлама әкімшілерімен бірлесе отырып, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жұмысының тиімділігін арттыру бойынша нақты ұсыныстар қалыптастырсын;

Бюджеттік бағдарлама әкімшілері ведомствалық бағынышындағы квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жұмысын үйлестіріп, қаржы жылдарын пайдамен (шығынсыз) аяқтауына бағыттарған шаралар қабылдасын;

Бюджеттік бағдарлама әкімшілері мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен анықталған Қазақстан Республикасының бюджет және өзгеде заңнамаларың бұзушылықтары бойынша себептерін талдау және олардың алдын алу жөнінде шараларды қабылдасын;

Бюджеттік бағдарлама әкімшілері бюджет қаражаттарын жоспарлау және пайдалану кезінде бюджет заңнамасы талаптарының мүлтіксіз сақталуын қамтамасыз етсін.